

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 796.015:796.8

Колжазба құқығында

## **МЫРЗАБОСЫНОВ ЕРБОЛ ҚУАНТАЙҰЛЫ**

**Ұлттық спорт түрі қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлық ерекшеліктері**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор И.Ф.Андрушин;

Шетелдік ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Г.Д. Бабушкин

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР .....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>7</b>
<b>1 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ЭДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>12</b>
1.1 Қазақ ұлттық дene мәдениетінің педагогикалық қызмет мүмкіндітері	12
1.2 Ұлттық спорт түрі қазақ күресі қоғамның заманауи даму сатысындағы спорт түрі ретінде.....	20
1.3 Ұлттық спорт түрі - қазақ күресінен жекпе-жектерді жүргізудің техникалық амалдарын үйретудің және тактикасының өзіндік қасиеттерін есепке алудың педагогикалық шарттары.....	24
1.4 Өзіндік зерттеу материалдарын алу әдістері..... Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	34 39
<b>2 ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІ – ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БАЛУАНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТИЛДІРУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ.....</b>	<b>40</b>
2.1 Қазақ күресі балуандарының жарыстық қызметі зерттеу нысаны ретінде .....	40
2.2 Техникалық-тактикалық даярлықты жетілдіру – қазақ күресі балуандарының жарыстық нәтижелілігін қамтамасыз етудің факторы ретінде.....	47
2.3 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлышын жетілдіру әдістемесі (ұлгісі)..... Екінші тарау бойынша тұжырым.....	59 68
<b>3 ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БАЛУАНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТИЛДІРУДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ӘДІСТЕМЕСІ.....</b>	<b>71</b>
3.1 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлышын жетілдірудің тиімді құралдары .....	71
3.2 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлышын жетілдіру әдістемесі тиімділігінің эксперименталды негіздемесі.....	86
3.3 Алынған зерттеу нәтижелерінің сараптамасы..... Үшінші тарау бойынша тұжырым .....	99 103
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>105</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>108</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>121</b>

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Берілген диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған:

Қазақстан Республикасында дene шынықтыру мен спортты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы;

«Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасы Заңы (3 шілде 2014 ж. №228-V ҚРЗ);

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 III(22.12.2016 толықтуралы мен өзгерістерімен);

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

«ҚР бұқаралық дene тәрбиесі дамуы және жоғары білікті спортшыларды даярлауды жетілдірудің ғылыми-әдістемелік жүйесін қамтамасыз ету» Республикалық Бағдарламасы (ГР № 0197 РК 01381);

Қазақстан Республикасындағы ұлттық спорт түрлері және ұлттық қимылды ойындарының даму тұжырымдамасы (Астана: туризм және спорт агенттігі) заңнамалары мен ережелері басшылыққа алынды;

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаулары.

## **АНЫҚТАМАЛАР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Сенімділік** - бұл спортшының кешенді ішкі қасиеттері, белгілі бір уақыт ішінде жауапты жарыстарға тұрақты және тиімді күресуге, мүмкіндік береді.

**Әрекеттердің сенімділігі** - спортшылардың кешенді жетілдіру дағдылары мен қабілеттерін арттыратын және олардың ішкі және сыртқы туындаған кедергілерге қарамастан жоғары нәтижелерге жетуге кепілдік беретін дағдылары мен қабілеттері (бөгөтке төзімділік).

**Жарыс сенімділігі** - бұл балуанның қарсыластары тең немесе одан көп жоғары дәрежелі белдесулерде жеңіске жетуге мүмкіндік беретін интегралдық кешен сапасы. Белгілі уақыт барысында немесе балуанның жарыстық стресс жағдайларында мінез-құлыш тұрақтылығына құйзеліс факторлар төзімділігіне және техникалық-тактикалық дайындық денгейіне, қорғаныс сапасына байланысты.

**Жарыс қызметі** – бұл әдетте, ресми жарыстарда адам жүзеге асыратын ерекше белсенді физикалық және психикалық құйзеліс шегіндегі әрекеттер белсенділігі. Жарыс қызметінің басты мақсаты ресми жарыстардағы спортшының жеке қоғамдық маңызы бар және жеке сұраныс көрсеткіштерінің сапасын арттыру.

**Спорттық жаттығу** – спорттық жетілдіруді, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін жаттығулар жүйесі және мамандандырылған педагогикалық процесс болып табылады

**Күрестің тактикасы** – белгілі іс-әрекеттерді іске асыру амалдары, жеке белдесулерді және жарыстарды өткізуңдің әдістері. Іс-қимыл құрылымында жеке белдесуде немесе жарыс барысында аз шығындармен нәтижеге қол жеткізуді көздейтін жеке әрекеттердің реттілігін қарастырады.

**Техникалық дайындық** - спортшының жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге көзделген, осы күрес түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, қозғалыстар жүйесін игеру дәрежесі.

## **ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР**

ШӘБ	–шабуылдау әрекеттерінің белсенділігі
ШӘ	–шабуылдау әрекеттері
ҚӘБ	–қорғаныс әрекеттерінің белсенділігі
ШТӘ	–шабуылдау техникалық әрекеттері
ЖСШТ	–жоғары спорттық шеберлік топтары
БДТ	–бастапқы даярлық топтары
СЖТ	–спорттық жетілу топтары
ҚБ	–қымыл белсенділігі
ҚӘ	–қымыл әрекеттері
СӨС	–салауатты өмір салты
ТАСТ	–таңдал алынған спорт түрі
ШӘҮ	–шабуылдау әрекеттерінің үйлесімділігі
БТ	–бақылау тобы
ҚҰДМ	–қазақтың ұлттық дene мәдениеті
СШҮ	– спорт шеберлігіне үміткер
ТСБ	–техниканың сапалы бағаламасы
ЕДШ	–емдік дene шынықтыру
ЖИО	–жарыстарда иеленілген орын
СШ	–спорт шебері
МТБ	–материалды-техникалық база
ШӘС	–шабуылдау әрекеттерінің сенімділігі
ҚС	–қорғаныс сенімділігі
ҰСТ	–ұлттық спорт түрлері
ҚӘС	–қорғаныс әрекеттерінің сенімділігі
ҰДМ	–ұлттық дene мәдениеті
ЖТК	–жарыстық техника көлемі
ЖДД	–жалпы дene даярлығы
ТТК	–тиімді техника көлемі
ПӘ	– педагогикалық әсерлер
ПЭ	– педагогикалық эксперимент
ҚР	– Қазақстан Республикасы
СК	– спорттық курес
ЖЖС	– жоғары жетістікті спорт
ЖҚ	– жарыстық қызмет
ОІСБЖМ	– Олимпиадалық ізбасарлар спорттық балалар-жастар мектебі
СЖ	– спорттық жаттығу
СМ	– спорттық мәдениет
АДД	– арнайы дene даярлық
ЕТ	– еңбек тәрбиесі
ТӘ	– техникалық әрекеттер
ТШ	– техникалық шеберлік

ТТӘ	– техникалық-тактикалық әрекеттер
ТТШ	– техникалық- тактикалық шеберлік
ТД	– тактикалық даярлық
ТТД	– техникалық-тактикалық даярлық
ОЖТ	– оқу-жаттығу тобы
ОЖТ	– оқу-жаттығу тапсырма
ОШҮ	– оқу-жаттығу үдерісі
ДТ	– дene тәрбиесі
ДШ	– дene шынықтыру
ДД	– дene даярлығы
ДД	– дene дамуы
ДСК	– дene шынықтыру-спорттық қызмет
ДЖ	– дene жаттығулары
ЖСЖ	– жүрек соғу жиілігі
ЭТ	– эксперименталды топ
ЭЖ	– эксперименталды жұмыс

$\Sigma$  - жиынтық

X – арифметикалық орташа белгі

$\sigma$  – стандартты ауытқу

t – Стъюдент критерии

P – сенімділік

## КІРІСПЕ

### Зерттеудің өзектілігі

Халықаралық федерация қазақ күресін халықаралық спорттық курс түрлері қатарында тануы – балуандардың техникалық-тактикалық даярлығына белгілі бір талаптар қоюында, бұл өз кезегінде қазақ күресімен шұғылданушы спортшыларды, жалпы даярлау жүйесін одан әрі жетілдіруге негіз болып табылады. Аталмыш алғышарттар ең алдымен, қазақ күресімен айналысатын қазақстандық балуандар үшін жоғары спорттық нәтижелерді көрсетіп, аймақтық, құрлықтық және әлемдік, чемпионаттарда бірқатар женіске қол жеткізу қажеттігін туындатады.

Сонымен бірге, бірқатар мамандардың айтуынша, соңғы жылдарда қазақ күресі балуандары әртүрлі техникалық-тактикалық іс-әрекеттер қолданумен ерекшеленбейтінін айтады. Ресми жарыстарда спортшылар негізінен төмен бағаланатын техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді пайдалана бастады [1]. Даярлаудың тиімділігін арттыру жаңа тәсілдерді іздеуге, оқу-жаттығу сабактарын ұйымдастыру және өткізуге, техникалық-тактикалық дайындықты арттыруға негізделеді. Сондай-ақ, тәжірибелі балуан даярлау мақсатында тиімді құралдар мен әдістерді әзірлеу, жаттықтыруши мамандардың біліктілігін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелері қатарына жатады [2].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі төмендегі бағыттармен анықталады:

- Зерттеу барысында көтерілген мәселелердің ғылыми-әдістемелік түрғыдан өндөлуі;
- Зерттеу нәтижесінде қазіргі спорттық қазақ күресі даму жағдайының жоғары теориялық және әдістемелік маңыздылығы;
- қазақ күресінің оқушы жастар арасында танымалдығы;
- Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын іске асыруда, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты;
- «ҚР Дене шынықтыру және спорт» Бабын іске асыруға, 3 шілде 2014 ж. №228-V ҚРЗ.

**Зерттеу мақсаты.** қазақ күресі балуандары қызметінің нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін техникалық-тактикалық даярлықты жетілдіру әдістемесіне эксперименталды негіздеме беру.

**Зерттеу нысаны.** Қазақ күресі спортшыларының оқу-жаттығу үрдісі.

**Зерттеу пәні.** Қазақ күресінде балуандардың техникалық-тактикалық даярлығының тиімді әдістемесін жетілдіру.

**Зерттеу болжами.** Егер техникалық-тактикалық дайындықты жетілдіру үлгісі жасалса; жаттығу кешендерін әзірлеу арқылы техникалық-тактикалық әдістердің комбинациялығы мен сенімділігі артса; оқу-жаттығу әдістемесінің тиімділігі, жоғары бағаланатын техникалық-тактикалық әдістерді арттыруға бағытталса, онда қазақ күрес балуандарының техникалық-тактикалық әдістерінің жетілдіру тиімділігі артып, қазақ күрес балуандарының жалпы спорттық нәтижелігі артады.

## **Зерттеу міндеттері:**

1 Қазақ ұлттық дene тәрбиесі мәдениетіне ұлттық курес қазақ куресін негізге ала отырып, теориялық-әдістемелік және әдіснамалық түрғыдан талдау жасау.

2 Қазақ куресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдірудің педагогикалық алғышарттарын айқындау.

3 Қазақ куресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесі бойынша теориялық моделін дайындау.

4 Қазақ куресі белдесуінде көріктілігі мен тиімділігін негіздейтін кешенді техникалық-тактикалық жаттығулар дайындау және эксперименталды түрде негіздеме жасау.

## **Зерттеудің жетекші идеясы:**

Қазақ күресімен шұғылданушылардың техникалық-тактикалық даярлығының тиімділік көрсеткіштерін жетілдіруде нақты жолдарын айқындау.

## **Зерттеу әдістері**

Зерттеу әдістері мен тәсілдері жұмыстың алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне байланысты айқындалды. Диссертациялық зерттеу міндеттері теориялық және эмпирикалық әдістер арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді қарастыру мен салыстырмалы, логикалық сараптама жасау теориялық әдістердің негізін құрады. Эмпирикалық әдістер ретінде педагогикалық бақылау, техникалық-тактикалық даярлық пен физикалық деңгейін айқындайтын тестілеулер, түрлі сауалнамалар, математикалық-статистикалық сараптамалар пайдаланылды.

## **Зерттеудің методологиялық негіздері.**

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізіне қазақ ұлттық дene тәрбиесі қалыптасуы мен дамуының тарихи арқауы (Брусиловский М., 1960; Б.М. Доссараев, 1993; А.К. Кульназаров, О.Ш. Жолымбетов, 2004), Қазақстандағы дene шынықтыру мен спорт дамуындағы ұлттық, интернационалдық өзара байланыстың теориялық, практикалық факторлары (М.Т. Таникеев, 1998; Е. Сағындықов, 1986; Е.А. Алимханов, 2010), жаттығу үрдісін басқарудың теориялық негізі (А.А. Новиков, 1974, 1976; А.А. Новиков, А.О. Акопян, 1983), жаттығу үрдісін моделдеу негізі (А.А. Новиков, В.В. Кузнецов, Б.Н. Шустин, 1976), спорттың ғылымының тиімділігін арттыру (А.А. Новиков, Р.А. Пилоян, 1976), қазіргі спорттың күрестің дидактикалық және әдістемелік негізіне қатысты (А.З. Катулин, 1956; И.И. Алиханов, 1982, П.Ф. Матушқақ, Е.М. Мухиддинов, 1985; А.Р. Асубаев, 1997; Г.С. Туманян, 2006) т.б. отандық және шетелдік философтардың іргелі зерттеулері басшылықта алғынып, теориялық ой пікірлері мен ұсыныс, тұжырымдары қарастырылды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында қазақ куресі мәселесі арнайы зерттеу нысанына арналған. Қазақ куресі спорттының өзіндік ұлттық ерекшеліктері (М. Рахимкулов, 1967; К.Р. Байдосов, 1987), қазақ куресіндегі жаттығу үрдісін ұйымдастырудың жалпы талаптары Е.А. Алимханов [3], М.Х. Болгамбаев [4], М.О. Даупбаев [5], А.Б. Донбаев [6],

М.Т. Таникеев, В.С. Жаналин [7], А.И. Какенов [8], К.А. Усин [9], Ж. Байшулаков [10] т.б ғалымдардың жазған еңбектері, ұсыныстары мен ғылыми тұжырымдары пайдаланылды.

«Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасы Заны (3 шілде 2014 ж. №228-V ҚРЗ).

«ҚР бұқаралық дене тәрбиесі дамуы және жоғары білікті спортшыларды даярлауды жетілдірудің ғылыми-әдістемелік жүйесін қамтамасыз ету» Республикалық Бағдарламасы (ГР № 0197 РК 01381),

Қазақстан Республикасындағы ұлттық спорт түрлері және ұлттық қимылды ойындарының даму тұжырымдамасы (Астана: туризм және спорт агенттігі) заңнамалары мен ережелері басшылыққа алынды.

### **Зерттеу кезеңдері:**

Зерттеу жұмысы 2014-2017 жылдар аралығында орындалып, шартты түрде төмендегідей кезеңдерге бөлінді:

2014-2015 оку жылындағы бірінші кезеңде зерттеліп отырған мәселенің спорт теориясы мен тәжірибесіндегі жағдайы жан-жақты зерделеніп, зерттеудің ғылыми аппараты анықталды. Сонымен қатар, қажетті зерттеу әдістері кешені мен педагогикалық эксперимент бағдарламасы айқындалып, даярланды. Атапмыш кезеңде ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу сараптамасын жүргізу мен жинақтау жұмыстары, жарыс хаттамалары мен спортшылардың қызыметтері мен жарыстары хаттамалары қарастырылып, сауалнама, әңгімелесу, сұхбат алу, оку-әдістемелік құжаттарға сараптама жасау сынды әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

Екінші кезеңде (2015-2016 оку жылы) алғашқы эксперименталды материалдарды өндеу мен оларға тікелей сараптама жасау жұмыстары жүзеге асырылды. Техникалық-тактикалық әрекеттерді жетілдіруге бағытталған кешенді оқу-жаттығу тапсырмалары даярланып, эксперименталды және бақылау топтары құрылды.

Зерттеу жұмыстары: Семей қаласының мемлекеттік медицина университетінің дене тәрбиесі кафедрасы, және Қазақ спорт және туризм академиясының ұлттық спорт түрлері кафедрасы аясында жүргізілді.

Осы кезеңде жұмыстың алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне байланысты оқу-жаттығу іс-шараларын жоспарлау мен ұйымдастыру бойынша оқу-әдістемелік, нормативті-құқықты материалдардың зерттелуі мен сараптамасы, жаттықтыру және жарыстық жүктемелерді педагогикалық бақылау мен есепке алу, педагогикалық бақылау, математикалық статистика әдістері қолданылды.

2016-2017 оку жылында орындалған зерттеу жұмысының үшінші кезеңінде қазақ күресі спортшыларын техникалық-тактикалық даярлауды жетілдіру әдістемесінің тиімділігіне негізделген арнаулы педагогикалық эксперимент жүргізілді. Осы кезеңде алынған мәліметтерді түсіндіру мен жүйелеу, өндеу және қорытынды мен практикалық ұсыныстарды тұжырымдау жұмыстарына логикалық сараптама жасалды. Сонымен қатар, атапмыш кезеңде зерттеу

нәтижелерін ҚР оқу мекемелері мен ұйымдары практикасына ендірумен бірге диссертациялық жұмыстың рәсімделуі іске асырылды.

**Зерттеу базасы.** Қазақ күресі техникалық-тактикалық әрекеті тиімділігін жетілдіру бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті мен Қазақ спорт және туризм академиясы аясында ұйымдастырылды.

Зерттеуге 200-ден аса студент, оның 50-і эксперименттің негіздемелі (констатациялы) бөліміне қатыстырылды. Экспериментке сарапшы-мамандар ретінде жоғарыда аталған жоғары оқу орындарының 15 тәжірибелі маман оқытушы-жаттықтырушылары жұмылдырылды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы:**

- спортшылардың техникалық-тактикалық даярлығының заманауи талаптарға сай үлгісі жасалды;
- қазақ күресі балуандардың техникалық-тактикалық әрекеттерін тиімді жетілдіруге арналған кешендеріне эксперименталды негіздеме берілді;
- қазақ күресі спортшыларының тиімді техникалық-тактикалық әрекеттерінің көлемі жетілдірілді.

### **Коргауға ұсынылатын негізгі ережелер**

1. Қазақ күресінің теориялық негізі болып табылатын қазақтың ұлттық дене мәдениеті әйгілі халықаралық спорт түрлерінің аясында өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын сақтауға мүмкіндік береді.

2 Педагогикалық алғышарттар техникалық-тактикалық даярлықты ұйымдастыруда сапалы амал-тәсілдерді пайдалануға жағдай жасайды.

3 Қазақ күресі спортшыларын дайындау әдістемесінің теориялық үлгісі техникалық-тактикалық даярлық деңгейін жетілдіру әдіс-тәсілдерін айқындаپ, сол арқылы осы спорт түрінің оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

4 Өте маңызды оқу-жаттығу тапсырмалар кешенін даярлап, шығару балуандардың техникалық-тактикалық даярлығын шындаپ, қазақ күресі ұлттық спортында сенімді, қырылымды іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді.

### **Зерттеу нәтижелерінің негіздемелігі**

- Қазақстан Республикасында жоғары білікті спортшыларды даярлаудың біршама тиімді бағыттарын ескере отырып, зерттеулер жүргізумен;
- Қазақ ұлттық спорт түрлерінің, соның ішінде қазақ күресінің саяси, экономикалық және идеологиялық маңыздылығымен;
- логикалық тұрғыдан негізделген және іс-жүзінде жүзеге асырылған зерттеу бағдарламасымен қамтамасыз етіледі.

### **Зерттеу сенімділігі:**

- зерттеу барысында алға қойылған міндеттерге сай объективті зерттеу әдістерінің қолданылуымен;
- қалыптастырылған педагогикалық эксперимент жүргізілуімен;
- эксперименталды материалдың статистикалық өндөлу реттілігімен және шынайылығымен;

- зерттеу нәтижелерінің қайта өндірілуімен және оның кеңінен алдын-ала талқылануымен;
- зерттеу жұмысы барысында тұжырымдалған қорытындылармен;
- қазақ қуресі ТТД тиімділігін жетілдіру бойынша шынайы педагогикалық эксперимент барысында алынған мәліметтердің сапалы және кең ауқымды саралануымен қамтамасыз етіледі.

Бұл кезеңдегі алға қойылған міндеттерді шешу педагогикалық эксперимент, педагогикалық бақылау, спортшылардың жарыстағы жекпе-жегін стенографиялау, эксперименттік материалдарды математикалық-статистикалық өндіу, алынған нәтижелерге сараптама және жинақтау, талдау сынды әдістерді қолдануға мүмкіндік берді.

**Апробация.** Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамалары мен зерттеу нәтижелері Қазақстан және шет елдердегі халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланды.(Қазақстан, 2017; Ресей, 2015, 2016, 2017; Канада, 2015; Украина, 2017).

**Жұмыс нәтижелерінің жариялышы.** Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнның тұжырымдарын және зерттеу нәтижелерін құрайтын мәселелер бойынша ҚРБжFM білім және ғылым саласын бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, халықаралық Scopus базасы тізіміне енетін журналда 1 мақала, 4 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында жарық көрді.

**Диссертацияның көлемі мен құрылымы.** Диссертация 124 бет компьютерлік басылымнан тұрады, ол өз кезегінде кіріспеден, үш бөлімнен, тұжырымнан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған.

**Диссиденттың қосқан жеке үлесі:**

- қазақ қүресінен спортшыларды даярлауды жетілдірудің теориялық-әдістемелік негізін анықтайтын ережелеріне ғылыми-педагогикалық негіздеме берілген;
- қазақ қүресінен спортшылардың техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесін практикаға енгізу үлгісі жасалған;
- қазақ қүресі оку-жаттығу іс-шараларының кешенді әдіс-тәсілдеріне эксперименталды негіздеме берілген;
- қазақ қүресінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар жасалған.

# **1 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТИНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Адамзат дамуының әрбір кезеңі мәдениетінің нақты бір деңгейімен сипатталады. Оның айнымас қасиетінің өзі адамдардың тіршілік жағдайларын өзгерту мен жетілдіруге арналған, тіршілік өнімділігін, оның жан-жақтылығын, қоғамның маңызды талаптарына бағыныштылығын және көптеген объективті тіршілік шарттарымен айқындалады. Сонымен қатар бұл күрделі әлеуметтік білімнің көпқырлылығымен, және адамның тіршілік әрекетінің жан-жақтылығымен өзара байланыста болып табылады.

Мәдениеттің маңызды бір бөлігі – дene мәдениеті, ол негізінде адамның дene күшін түрлі жағдайларда дамытумен және дұрыс қолданумен байланысты болып келеді.

Мәдениет ұлттық сипатта екендігі дауысыз. Ұлттық мәдениеттің маңызды түрлеріне ұлттық тіл, ұлттық психология, ұлттық дәстүр, ұлттық дene мәдениеті және т.б. жатады.

Әрбір ұлттық мәдениет іргелі екі үлкен бөлімнен құралады. Түрғылықты мәдениетпен қатар жаңадан туындаған мәдениеттің элементтері бойынша үйлесімділік бар, өйткені қоғамның өткені мен келешек дамуын, оның біршама жоғары деңгейге өтуін айқындауы арасында жалғасымдылық болады.

Бұл аталған заңдылық мәдениеттің барлық түрлерімен қатар, Қазақ ұлттық дene мәдениетіне (ҚҰДМ) де қатысты. Бұдан қазақстандық қоғамның болашақ талаптарына (2050 жылға дейін) жауап берे алғын жалпыауқымды мәдениетіне дейін көтерілуге мүмкіндік беретін көптеген мәселелер туындаиды.

## **1.1 Қазақ ұлттық дene мәдениетінің педагогикалық қызмет мүмкіндіктері**

ҚҰДМ білім беру, сауықтыру және тәрбиелеу ісінде өте бір маңызды, қажетті рөл атқарып келеді, яғни жеке тұлғаның сұраныстары мен қажеттігін қамтамасыз ету бүтіндей бір саяси, экономикалық және әлеуметтік-идеологиялық құбылыстың ары қарай да тиімді дамуына ықпал етеді. Түрлі жалпыадами мүмкіндіктер айқындалуының ерекше бір жүйесі бола отырып, бірқатар құрамдас жүйелерді қамтиды, олар: материалды-техникалық база, педагогикалық мамандар, арнайы спорттық ғылым, ғылыми-әдістемелік қаматамасыз ету және т.б.

Тарихи қалыптасқан жүйе ретінде ҚҰДМ объективті құбылыстармен қалыптасқан байланыстарымен сипатталады. Сондай-ақ, бұл байланыстар ерекше бір ҚҰДМ, оның тіршілікте тұрақтылығы заңдылықтарының айқындалуына мүмкіндік береді, сонымен оның өзіндік болмысын айқындаиды. Педагогикалық мүмкіндіктер салаларының «тіршілік қабілеті» қазақ халқының ҚҰДМ педагогикалық қызметтерін көрсетеді. Қарастырылатын жоспардың ең маңыздылығы – педагогикалық қызмет тікелей ҚҰДМ ішкі қасиеттерінің сырттай айқындала білуінде, адамға, онымен қарым-қатынасына әсер етуінде,

қоғамдық және жекелей сұраныстарды қанағаттандыра білуінде. Бұл ҚҰДМ қызметін айқындау жолымен оның объективті мазмұны қалыптасуына ықпал етеді, оның тікелей қолданылуының заңдылықтары анықталады, яғни қызметтер туралы таным ҰДМ бірқатар маңызды мәселелерін қамтиды және толығымен дерлік оның Қазақстан қоғамы мен жекелей бір алынған адамның тіршілігіндегі шынайы рөлі мен маңызын айқындаиды.

Оқінішке орай, бүгінгі таңда ҚҰДМ қызметін құрастыру сәйкес бағытсыз мақсатта және негіздемесіз жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған мәселе педагогикалық қызметтер туралы қандай да бір жайттарда түрлі бағыттарда қаастырылады. Жиі айтылатын пікірлер тым әрқалай сипатты және негізінен жүйесіз болып келеді.

Біздің ойымызша, пікірлер мен көзқарастар көптүрлілігінің себебі, ең алдымен, теориялық-әдістемелік мәселелердің жеткілікті деңгейде қаастырылмаудында, өзіндік бір тарихи қайталанбас ҚҰДМ рөлі мен маңызын толық бағаланбаудында болып табылады. Экономисттердің көзқарасы түрғысынан бірқатар фактілерге де жете көніл бөлген жөн. Олар екі маңызды қызмет атқарады: шаруашылық-басқару және мәдени-тәрбиелеу; адагершілік түрғысынан 4 қызмет атқарады: білім беру, тәрбиелеу, коммуникативті және гедонистикалық. Басқалары осы қызметтердің мазмұны, олардың айқындалуы, өзара байланыс жайттары туралы және т.б. қаастырады. Осы жайттарды ескере отырып, ҚҰДМ педагогикалық маңызын айқындау қажеттігі туындаиды.

ДШ теориясы мен әдістемесі маңыздылығы деп нақты бір нәрсенің мәні, яғни өзіндік нәрсе қаастырылады [11]. Бұл тәсіл берілген нәрсенің басқалармен айқындалуын және өзіне тән белгілерін қаастырады. Нәтижесінде, оның бойындағы тығыз байланыстар жиынтығы, берілген жағдайдың, заттың, құбылыстың басты қасиеттері мен бағыттылығын орнықтыратын қарым-қатынастар мен іштей заңдылықтар айқындалады. Маңыздылықтың айқындалу арқасында сәйкес заңдылықтар, олардың іс жүзінде қолданылуын басқару әдістері түсіндірледі.

Бүгінгі таңда ҚР барша халқын белсенді де, өнімді еңбектенуі мен елді қорғауы, жеке тұлғаның жан-жақты дамуы қазақ халқының ҰДМ әлеуметтік мәнін құрайды. Мұндай ереженің тікелей жүзеге асырылуы үшін көптүрлі жұмыс әдістері мен құралдарының біршама тиімді қолданылуы шарт.

Сатылышық, көпдеңгейлік қандай да бір мәннің құрылымын, сипатын, қызметін сипаттайтын. Мәнділіктің кейбір деңгейлері оның айқындалуының бір мәселелерін, екіншілері – басқаларын айқындаиды. Қызмет ету бүтіндігі оның барлық салалары мен деңгейлерінің өзара әсер қорытындысы болып табылады. Інғайлылық пен маңыздылық мақсатында барлық мәнділіктерді 4 деңгейге бөлдік:

1. Мәнділіктің ең жоғары деңгейі – әлеуметтік деңгей. Ол ҰДМ ҚР жалпыәлеуметтік мәселелерін енгізу бойынша әсерлерінің көптүрлілігін ашуға арналған. Еңбек жағдайлары мен тиімділігін, өндіріс сапасын арттыру, Елімізді сыртқы және ішкі жаулардан қорғауға барлық уақытта дайын болуын сактау, оның қоғамдық және жекелей тәртіп сұраныстарының түрлерін қамтамасыз ету

үшін рухани және денелік сауаттылық дәрежесін арттыру- Қазақстандық қоғамның заманауи сатысындағы мәселенің мәні болып саналады. Жоғарыда аталған мәселелер сипаты қазақстандық тіршілік мәнерінің адамгершілік мазмұнын ашады және түрғылықты халықтың өзіндік ҰДМ бағытына толығымен сәйкес келеді. Бұл жерде жалпы қазақстандық ДШ жүйесінің теориялық-әдістемелік, бағдарламалы-нормативті негізі болып табылатын «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Ұлт Көшбасшысының тестері» өзінің мақсаттарымен және міндеттерімен ерекшеленеді [12].

Қазақстан халқының ҰДМ мәнінің әлеуметтік деңгейін біршама терең зерттеу республика азаматтарының және сала мамандарының бойында диалектикалық дүниетаным, қандай да бір құбылыстарға (үдерістерге) деген байсалды да, ойлы көзқарас, Қазақстандық мәнер қалыптастыруы қажет.

2. Келесі, мәні жағынан маңыздылығы бар жалпықазақтық ҰДМ деңгей ретінде педагогикалық деңгей танылады. Оның басты мәні – ҰДМ қызметін жеке тұлғаның жан-жақты дамуының біршама тиімді құралы ретінде қамтамасыз ету. Бұл деңгейдің бағыттылық сипаты Қазақстан дамуының қандай да бір даму кезеңі есепке алына отырып және осыған орай түрғындардың, әсіресе өскелең ұрпақтың қазақстандық мәнеріне қойылатын ерекше талаптарымен тікелей байланысты өзгереді. Бұл деңгей шынықтыру-спорттық қызметті (ДСҚ) басқаруды республика түрғындарының арасында білім беру мен тәрбиелеу жұмысының рухани бай, моральдық түрғыдан таза және денелік жетілген тұлғаны қалыптастырудың аса маңызды бөлімі ретінде қарастырылады.

ҰДМ мәнінің педагогикалық деңгейі тәрбиелеудің ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, отансұйгіштік және т.б. түрлерінің мәнділігін айқындаиды.

3. Қазақ халқы ҰДМ маңыздылығының үшінші деңгейі – арнайы-педагогикалық. Қазақ ҰДМ бұл деңгейінің басты мәні – ҰДМ тиімділігін қазақ халқының заманауи ұрпағын жетілдірудің ерекше бір арнайы саласы ретінде қарастыру. Мұндай әлеуметтік-педагогикалық үдерістің қорытындысы рухани байлықпен және моральдық түрғыдан тазалықпен бірlestікте қарастырылатын денелік жетілуге қол жеткізуде болуы қажет. ҰДМ мәнінің берілген деңгейі айқындалуының салалары ең алдымен жан-жақты деңгей тәрбиесінің (ДТ) маңызды салаларымен, тіршілікте маңызды қимыл сапаларының тәрбиеленуімен, сәйкес қимыл дағдысы қалыптасуымен және ДСҚ дайындықпен айқындалады.

Бұл деңгейге тәрбиелеудің басқа түрлеріне тән қасиеттер (акыл-ой, еңбек, өнегелік және т.б.) жатады. Денелік даму мәселелерінің біршама тиімді шешімдерінің Қазақстан ғалымдарының (К.И.Адамбеков [13], Е.А.Алимханов [14], Н.Б.Мамиев [15], Х.К.Унтаев және т.б.) бірқатар еңбектерінде ғылыми түрғыдан дәлелденгені: ақыл-ой, еңбектену, өнегелік тәрбиелеу оларды қазақтың ұлттық спорт түрлерімен (ҚҰСТ) шүғылдану барысында ұлттық қозғалмалы ойындармен (ҰҚҚ) және деңгей жаттығуларымен (ДЖ) ұтымды үйлестіре білген жағдайда жеке тұлғаның ДТ түрлі арнайы салаларына күшті әсер етеді.

4. Қазақтың ҰДМ төртінші деңгейі – спорттық, кәсіби-қолданбалы, сауықтыру-қалпына келтіру сияқты деңгейінде шынықтыру түрлерінің адам ағзасына әсерінің түрлі тәсілдерін айқындайтын құралды-тәжірибелік деңгейі. ДЖ орындау барысында нақты бір тәжірибелік-қолданбалы айқындалуларға сай келуі-бұл деңгейдің мәнін құрайды. Сонымен бірге, ҰДМ өзіндік мәнін қолданушылар іс-әрекетті жүзеге асыру барысында әдістеменің түрлі салаларында қолданылады.

ҰДМ мәнінің құралды-тәжірибелік деңгейінің біршама сәтті жүзеге асырылуы шүғылданушылардың, тұрғындардың түрлі деңгейлерімен жұмыс жүргізе білуге дайындаиды.

Сонымен, қазақ ҰДМ мәнділігінің жоғарыда көрсетілген деңгейлері қоғамның дамуына сай күрделі де, өте қажетті динамикалық жүйесін түзе отырып, тығыз байланыста болады. Берілген қазақ жүйесінің қызмет етуінің басты логикасы оның нақты салаларының дамуын басқарудан жеке тұлғаның шынайы түрде жан-жақты дамуына біртіндеп өтуді, жеке тұлғаның жан-жақты дамуынан оның күнделікті тіршілікке әлеуметтік сұраныстардың барлық түрлерін біршама тиімді енгізуге нақты даярлығына өтуді қарастырады.

ҚҰДМ әлеуметтік қызметтері берілген саланың әлеуметтік мәнінің маңызды салаларын біршама нақты түрде айқындаиды. Осы салалардың ең маңыздысы күмәнсіз еңбек тиімділігіне белсенде түрде әсер ету болып табылады, өйткені тек еңбек қана қоғамның тіршілік қажеттілігі негіздерін қанағаттандырады, оның қуаттылық деңгейін, адамның түрлі сұраныстарын қамтамасыз ету мүмкіндігін көрсетеді. ҰДМ еңбегінің өзара әсер етуі мен өзара үйлесімділік сараптамасы оның негізін құрайтын түрлі элементтердің сәйкес орны мен маңыздылығы есепке алынады.

Осыдан келіп, ҰДМ 1-ші әлеуметтік қызметі туындаиды, оның мәні: жоғары өнімді еңбекке даярлық және оның тиімділігін жан-жақты арттыру. Берілген қызмет бірқатар элементтерден құралады: деңсаулық күйін жақсарту, ағзаның қызметті күйін дамыту, қымыл-қозғалысты – қолданбалы тәжірибе ауқымын кеңейту, табысты еңбектену үшін қымыл-қозғалыстарының алғышарттарын қалыптастыру, жүзеге асырылушы іс-әрекеттерді жіне олардың нәтижелерін жан-жақты сараптай білуге үйрету, еңбек құралдары мен оның оның өнімдеріне деген оң көзқарас тәрбиелеу және т.б. Берілген қызметтің басты мәні – адамды белсенде еңбектенуге жедел де, тиімді дайындау, бар мүмкіндіктерді еңбектену барысында толығымен дерлік жүзеге асыру мақсатында аса қажет жеке тұлғаның сәйкес қасиеттерін білікті түрде және жүйелі түрде дамыта білуде.

Әлемде болып жатқан саяси, экономикалық және идеологиялық жайттар, кейбір экстремистік және діни ағымдардың белсендерілуі ҰДМ 2-ші әлеуметтік қызметін туындаиды. Отанды қоргауға деген жоғары дайындыққа қол жеткізу және жан-жақты қолдауда ерекше мәнге ие.

Бұл қызметтің ауқымы: Қазақстанның барша халқының деңсаулық деңгейін арттыру, ағза қызметін дамыту және т.б. Адам ең күрделі және тосын жағдайларда қажетті қасиеттердің айқындалуына үйренеді.

ҚҰДМ қызметтері жоғарыда аталған салауатты тынығудың қажетті элементін құрайды, психикалық, өнегелік және денелік қанағаттандырылуға мүмкіндік береді, бар сұраныстар мен талаптарды жан-жақты дамытуға бағдарлайды, адамдардың арасында достықты, сыйластықты қарым-қатынастарды қалыптастырады, қоғамдық сананы арттырады. Мұның барлығы оның халық шаруашылығын толықтыратын және адамдарды жан-жақты дамытатын республика халқының барлығына дерлік әсерімен байланысты.

Бұдан келіп ҚҰДМ З-ші әлеуметтік қызметі айқындалады: мәдени-көріністі сұраныстарды қамтамасыз ету. Оның қызметінің мәні – адам мүмкіндіктерінің көптүрлілігі, ДЖ ұлттық түрлерін тікелей қолдану, еңбектену мен қоғамдық және жекебасылық, міндепті және ерікті тынығудың жан-жақты үйлесімділігіне бағынады. Бұл қызметтің айнымас құрамды элементтері: ҚӘ және қымыл-қозғалыстарды өзіндік қанағаттану үшін орындау, қандай да бір ДЖ орындаушы жолдастарын қадағалау, спорттағы қарсылас тұлғалары мен командалары үшін уайымдау, басқаларға көмек көрсетуде ДТ құралдары мен әдістері тұрғысынан бірлестіктің айқындалуы және т.б.

Сонымен, адамның мәдени сұраныстарының келешекте қалыптастырылуы және осы негізде Қазақстанның қоғамдық тіршілігіне белсенді атсалысуы жоғары мәнге ие. Жоғарыда аталған қызметтер Қазақстандық қоғамның даму деңгейіне толық сәйкес деңгейде айқындалады және осы жағдайларда олар саяси, экономикалық және идеологиялық жаңаруға ықпал етеді.

ҚҰДМ қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлі және заманауи дәстүрлеріне сай мәндік деңгейінің жалпы педагогикалық қызметтері олардың тәрбиелеудің негізгі түрлерімен өзара әркеттерінен, өзара байланыстарынан туындаитын өзіндік бір ерекше мәнді қызметтерімен айқындалады.

Тәрбиелеудің зияткерлікті (ақыл-ой) тәрбие әсерінің қызметі ҚҰДМ түрлі білімдерді, олардың толықтырылып отыруымен мен тереңдете зерттелуін, орындалатын ҚӘ сараптама жүргізіп, объективті бағалаудағы біліктілік пен дағдыларға қол жеткізуді, қазақ ҰСТ, қозғалысты ойындарындағы және ДЖ мәліметтер мен түсініктерді дамыта білуді, ақыл-ой қабілеттерін дамытуды және т.б. қамтиды.

Сондықтан да, көрсетілген әрекет түрі қазақ ұлттық ДЖ түрлерімен шұғылдануды біршама саналы жүргізуі, тереңінен тани білуді, ақпаратты тұрғыдан байытуды және адамгершілік қасиеттерін қажет етеді.

Адамгершіліктік тәрбиеге ықпал ету қызметі. Бұл қалыптасқан салт-дәстүрлерге сай бірқатар мәселелерден тұрады, ол адам бойында ақсақалдармен, әйелдермен, балалармен, құрметті азаматтармен, және қоғамдық және жеке қолданыс қуралдармен өзара қарым-қатынас нормалары мен ережелері туралы пікір қалыптастыру, адамның бойында шыншылдықты, объективтілікті, қарапайымдылықты, жолдастықты, қоршаган ортаға деген сыйластықты, сыйайылықты және т.б. қалыптастырудан тұрады. Осы негізде деңе жаттығуларымен шұғылданушылардың адамгершілік қасиетін тәрбиелеуді түрлі арнайы ұйымдастырылған (жаттығулар, жарыстар және т.б.) және тұрмыстық (үй) жағдайларында жетілдіру жүзеге асырылады.

Бұл қызметтің түпкілікті мәні заманауи қазақ қоғамының өнегелік қағидаларына сай рухани-өнегелі «келбетін» қалыптастыруда жатыр.

Эстетикалық тәрбиелеуге ықпал ету қызметі бірқатар қазақ ұлттық ДЖ эстетикалық қасиеттері, өнер туындылары, ақпаратты «көздер», қоршаған орта, СӨС және олардың менгерілу шарттары, қымылдарды эстетика талаптарына сай орындау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру туралы сәйкес білімді менгеру; басқа адамдарға және құбылыстарға қатысты эстетикалық көзқарас, әдет қалыптастыру; эстетикалық сезімді дамыту, эстетикалық таным қалыптастыру, эстетикалық құндылықты дамыту сынды қажетті элементтерден құралады. Түптеп келгенде, бұл қызметтің құрамдас элементтері жарыс кезінде, одан тыс уақыттарда қазақ ұлттық ДШ шұғылдану барысында ерекше бір туындыларды анғара біletіn, түсінетін, кереметтей біr жаңа туындыларды ойластыра біletіn жаңа үрпақты тәрбиелеуге ықпал етуі қажет.

Еңбекке тәрбиелеуге (ЕТ) ықпал ету қызметі арнайы үйымдастырылған білім беру-тәрбие үдерісі барысында таңдаулы еңбек қызметіне біршама тиімді даярлықты қамтамасыз ететін ҚӘ биомеханикалық, биологиялық, педагогикалық заңдылықтары туралы мәліметтерді менгеру, осындай әрекет барысы мен нәтижелерін сараптай білу біліктіліктері мен дағдыларын менгеру, ондағы бар күштер мен қабілеттердің бар түрлерін жүзеге асыра білу біліктілігін тәрбиелеу, еңбексүйгіштік, жауапкершілік және т.б. қасиеттерді дамыту секілді түрлі элементтерді қамтиды. Аталмыш қызмет ДЖ қазақ ұлттық түрлерімен шұғылданушылардың бойында еңбек пен оқу тапсырыстарына деген қызығушылықтарын туыннатуда алатын орны ерекше.

Берілген тәрбие түрлері ескеріле отырып айқындалатын негізгі жалпы педагогикалық қызметтер осылай болып келеді. Сонымен, қызмет дегеніміз Қазақстан қоғамы дамуының педагогикалық және әлеуметтік мәнін бүтіндей біr жүйеге келтіретін осындай өзара қарым-қатынастардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін нақты механизм (құрал).

Көрнекі зияткерлікті, адамгершілікті-тәрбиелік, еңбек және отансүйгіштік қасиеттерден ада ҚҰДМ қазақ халқының ҰДМ бола алмайды, аяғына дейін дейін ойластырылмаған таза «биологиялық» қымылдардан тұратын көрініске айналады.

ҚҰДМ арнайы-педагогикалық қызметтері. Аталмыш қызметтер тек қана ҚҰДМ тәn және оның барлық түрлерінде дерлік табысты түрде жүзеге асырылуда. Осыған орай, жоғарыда аталған қызметтерді жалпы қазақтың ҰДМ «өтпелі» немесе «жаппай» қызметтері деп айтады. Оларды ДШ жекелей біr түрлеріне ғана тәn қызметтерден ажырата біlu қажет.

Мұндай қызметтерге адам денсаулығын нығайту жатады. Оның мазмұны қамтитын ауқым: ағза қызметін жетілдіру, дene құрылышын жақсарту, жалпы ақыл-ой және дene жұмысының қабілеттілігін арттыру. Олар спорттық морфология, спорттық метрология, спорттық медицина, спорт физиологиясы, спорт гигиенасы және т.б. сияқты оқу-ғылыми пәндерде жарияланған қасиеттер мен белгілердің жиынтығынан тұрады. Қызметтің мәні адам ағзасының, Қазақстандық ортаның түрлі жағдайларына бейімделу мүмкіндіктерінің жоғары

деңгейіне және құрылымы мен мазмұны бойынша түрлі қызметті тиімді орындауға қол жеткізуде [16].

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет шұғылданушыларды ҚҰДМ бойынша біліммен қамтамасыз етеді. Мұндай қызмет Қазақстан тарихы, ДШ тарихы, әлеуметтану, қазақ ұлттық педагогикасы, түрлі қимыл біліктіліктері мен дағдыларын (тіршілікке қажетті) қалыптастыру, ҚӘ түрлерінен меңгерілген қимылдарды қолдана білуді тәрбиелеу салалары бойынша түрлі білімдерді менгеруден тұрады. Сонымен қатар, рухани-дene күштері мен қабілеттерін жүзеге асырады.

Бұл қызметтің мәні – Отанды қорғауға және еңбек тәрбиесіндегі жоғары өнімді нәтижеге қол жеткізу үшін тәрбиелеумен ұштасады.

Арнайы-педагогикалық қызмет – ДТ жақсарту, ал оның мәні: күш, шапшандық, төзімділік, ептілік, ілгіштік сияқты маңызды дene сапаларын дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуде және оларды іс-жүзінде тиімді қолдана білу біліктілігін қалыптастыруды маңыздылыққа ие. Сондай –ак, еңбек және қорғаныс жұмысында қажетті дene сапаларын тәрбиелеу де бұл қызметтің мәнін құрайды.

Арнайы-педагогикалық қызмет – ДСҚ дайындау. Берілген қызметтің құрамды элементтері дene сапаларын дамытудың біршама жоғары деңгейімен, нақты бір қимылдар тобы жетілген техникасын менгерумен, бұл қимылдарды бәсекелестік жағдайында қажетті психологиялық-эмоционалды даярлықты тиімді қолдануға ықпал ететін тактикалық ойлауды қалыптастырумен айқындалады. Аталмыш құрамдас элементтердің мәні – халықаралық деңгейде және ҚҰДМС танылған деңгейге сәтті өтуге арналған сәйкес даярлықты қамтамасыз ету.

ҚҰДМС арнайы-педагогикалық қызметін сәтті жүзеге асыру адамның ҚӘ деген табиғи сұранысын қамтамасыз етуге, оның маңызды салаларын қоғамның, мемлекеттің, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың тестеріне, жоғары өнімді еңбектену мен қорғаныс талаптарына, оның маңызды салаларына сай даму деңгейлеріне арналады. Жеке тұлғаның денелік тұрғыдан дәрежесін жетілдірудің мәні жалпылама тұрғыдан алғанда рухани, байлық және моральдық тазалықпен жан-жақты бірлестікте қарастырылатын денелік дамуда. Мұндай бірлестіктің обьективті негізdemесінің мәні ҚҰДМ арнайы-педагогикалық және жалпы педагогикалық қызметтер атқаруында: ол адамның психикалық қасиеттерін, қимыл біліктіліктері мен дағдыларын үйлестіре білуіне ықпал етеді.

ҚҰДМ утилитарлы-тәжірибелік қызметтері. ҰДМ мәнділігінің бұл деңгейіне оның сәйкес түрлерінің арнайылығын нақты айқындастырын өзіндік ерекше қызметтері тән. Берілген қызметтердің жоғарыда аталғандармен (әлеуметтік, жалпыпедагогикалық және арнайы-педагогикалық) бірлестіктеғана айқындалатындығын ұмытпаған дұрыс.

Қуралды -тәжірибелік қызметтің өзіндік мәні ДШ нақты бір түрлерінің ҚҰДМ жүйелі түрде шұғылданатындарға әсер ету ерекшеліктерімен және

нақты бір олардың әдістемелік ерекшеліктерімен жүзеге асырылыуымен тікелей байланысында жатыр.

Құралды-тәжірибелік спорт ҰСТ ҚҰДМ бір бөлімі ретінде айқындалады. Бұл жағдайда зияткерлікті ҚБ негізделген және денелік, психологиялық, және функционалды қабілеттіліктер мен мүмкіндіктердің барынша айқындалуын талап ететін спорттық қызмет түрлері қарастырылады. Мұның өзінде берілген қызметтің спорттық қызмет нысаны, біздің жағдайда қазақ күресі болап табылатын тиянақты спорттық маманданумен байланыстың маңызы зор. Мұндай спорттың одан тарайтын басқа түрлерінен басты айырмашылығы жоғары жетістікті спорт (ЖЖС) заңдылықтарына бағыныштырылғында болып табылады.

Аталмыш қызметтерге жататындар:

- спортшының ерікті, адамгершілік, техникалық-тактикалық, функционалды және басқа осы қасиеттермен байланысты қабілеттері дамуының аса маңызды деңгейі;
- қарсыластарымен және олардың қызметімен тұрақты өзара байланыс қалыптастырып, оны сақтап тұру;
- спорттық жетістіктерді бағалауға арналған үлгілер (эталондар) жасай білу;
- қазақстандық спортты қолдау және т.б..

Сонымен қатар, осы негіздегі олардың барлығына тән жалпы қызметтер:

- өзінің кәсіби міндеттерін толыққанды орындауға қажетті қимыл тәжірибесін жинақтау;
- берілген қызмет саласында қажетті дene қасиеттерін дамыту;
- берілген салада қажетті ерікті, зияткерлікті сияқты қасиеттерді тәрбиелеу;
- ағзаны арнайы шынықтыруды жүзеге асыру.

ДШ сауықтыру-оңалтудың құралды -тәжірибелік қызметінің мәні – ағза қызметін арттыруда, жарақат алған, шектен тыс шаршаған, шамадан тыс шыныққан, ауруға ұшыраған шұғылданушылардың дene құші мен қабілеттерін қалпына келтіру. Бұл қызметтер қалпына келтіру іс-шараларында және ЕДШ айқындалады. Қимыл тәртібін және онымен байланысты тынығуды үйымдастыру мен басқару төмендегідей бірқатар педагогикалық салаларды қамтиды:

- ағзаның функционалды мүмкіндіктерін қалпына келтіру;
- ағза қызметін ҰСТ талаптарын ескере отырып, жетілдіру;
- дene жүктемесінен кейін белсенді тынығуды қамтамасыз ету.

ДШ «бейнелі» түрлерінің құралды -тәжірибелік қызметі ағзаның тиімді күйін қамтамасыз ететін және басты тіршілік әрекетіне арналған тиімді жағдай жасауға ықпал ететін іс-шараларға тән болып келеді. Мұндай іс-шаралар, тәртіп бойынша жиынтықтала отырып гигиеналық ДШ және дene шынықтыру рекреациясын құрайды. Олар ағзаның функционалды күйін жақсарта отырып, көніл күйін арттырады.

Негізdemelі DШ мәні оның күndелікті tіrшіліктеғі орнын анықтап береді. Бұл жерде СТС –tің құрамdas мәні зор.

Оның қызметтері:

- ағзаның тез өзгермелі функционалды күйін жетілдіруді қамтамасыз ету;
- салауатты тынығуды ұйымдастыру;
- tіrшілікке арналған жағымды жағдай қалыптастыру.

ҚҰДМ утилитарлық-тәжірибелік қызметін жүзеге асыру жүктеменің бағыттылығын, көлемін, қарқындылығын қамтитын өзіндік арнайы заңдылықтарға бағынышты. Бұл жерде ерекше атап көрсететін мәселе: қазақ ҰДМ берілген түрлерінің бірлескен қызметі мен ҚҰДМ күndелікті және болашақ жоспарларын тиімді шешуге арналған құралы ретіндегі біріккен ерекеттері болып табылады.

## **1.2 Ұлттық спорт түрі қазақ күресі қоғамның заманауи даму сатысындағы спорт түрі ретінде**

Қазақстан Республикасының Егемендік алуымен бірге мемлекет пен қоғам алдында халықтың, әсіресе оқушы жастардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәсесесі түрдү. Әлемдегі күрделі геополитикалық жағдайды ескере отырып, дені сау, күшті, еңбектенуге және Отанын қорғауға даяр, өзіне сенімді бәсекеге қабілетті өскелен ұрпақты тәрбиелу басты міндеттердің бірінен саналады. Сол негізде, осындағы архиөзекті міндетті шешудің бірден-бір жолы – DШжС, әсіресе қазақтың ұлттық жекпе-жек түрлері мен олардың қолданбалы салалары мен кең таралуын назарда ұстау екендігі даусыз. DШжС, соның ішіндегі ҚҰДМ саласындағы зерттеулердің маңызды ғылыми бағытының бірі дene шынықтыруға адам қызметінің өзіндік жетістікті саласы және оның заманауи саяси, экономикалық және идеологиялық жағдайларға сай инновациялық құрамдастарын іздестіру болып табылады.

Тәжірибелік қызмет барысында теориялық-әдістемелік ізденістер сараптамасы бізге қазақ күресі қазақтың ұлттық спорттық күресін Қазақстанның спорттық мәдениетінің құрамдас бөлімі екендігін анықтап береді. Біздің ойымызша, қазақ күресі замануи қоғамда қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажеттігі ешбір талас тудырмайды. Ұлттық спорт түрінен халықаралық дәрежеде танылған спорт түріне (СТ) дейінгі дамуы мен сол деңгейде танылуы қазіргі уақытта өз шырқау шегіне жетті деуге болады. қазақ күресі жақын арада Олимпиадалық спорт түріне айналатындығы даусыз мәселе.

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсак, СК берілген түрі Қазақстанда танымалылығы бойынша бірінші орынды иеленеді.

Қазақ күресінің ең алдымен мәні неде?

Ол Қазақ ұлттық спорттық мәдениетінде қандай орынды иеленеді?

Оның дамуына Қазақстанда және Әлемдік деңгейде нелер кедергі келтіріп отыр?

Біздің түсінігіміз бойынша, тап осы сұрақтар мемлекеттік маңызды міндеттерді жүзеге асыруға арналған осы бір әлеуметтік-мәдени құбылыстың

құралын біршама тиімді қолдануға мүмкіндік беретін ғылыми-педагогикалық басқару міндеттерін табуға және жүзеге асыруға жауап беруі тиіс.

Бұдан басқа, заманауи жағдайларда қазақ күресі спорттану кезеңінен сәтті өтті және бүгінгі күні қазақ ұлттық спорттық мәдениетін (ҚҰСМ), әсіресе ауыл тұрғындары, балалар мен жасөспірімдер арасында қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Қазақ күресі о бастан, өзінің түпкілікті мәні бойынша тіршіліктен қалып қалмау, жер мен елді қорғау құралы болғанымен, бүгінде жекпе-жектің бұл түрі спорттық талқалауға бағытталған және нәтижесінде жекпе-жектің мәнін өзгерту өткөрді «басынан өткерді».

Спорттық күрестің теориясы мен тәжірибесінде осы жарыс бойынша нақты құралған жарыс ережелері, қажетті ғылыми-әдістемелік материалдар жоқ деген пікір қалыптасқан.

Жоғарды аталған мәселелерге қосымша ұсынарымыз, қазақ күресі туралы әлеуметтік құбылыс ретінде пікірдің қалыптаспауы берілген жекпе-жек түрінің Қазақстанда және одан тыс аумақтарда дамуын тежеп отыр.

Қазақ күресін өзгелерден ерекшелігін көрсетпей дегеніміз оны қарапайымданыру, шығармашылық мүмкіндіктерін жою, барлығынбір қалыпта қарастыру. Мұндай талпыныстар ұйымдастыру мен басқару салаларында бірнеше рет жүргізілген және барлық уақытта дерлік сәтсіздікке ұшырап отырды. Балуанның жекебасылық ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылатын мәселелер: қайсарлық, мақсаттылық және мақтаныш тұту. Бұл тәсіл қазақ күресінде тиімсіз, өйткені бұл осы спорт түрінен бас тартауға әкеп соғуы мүмкін, бұл өз кезегінде берілген жекпе-жек түрінің танымалдылығына нұқсан келтіруі мүмкін, ал бұл түбінде оның дамуы бойынша өзгертулерге әкеп соғады.

Қазақ күресі туралы әлеуметтік құбылыс ретінде қисынды қалыптасқан пікірдің жоқтығы, яғни нақты бір түсініктің болмауы қазақ күресінде шынайылыққа жанаспайтын сипаттамалар береді.

«Белбеу күрес» сынды жиі танымал түсініктің қазақ күресімен астарлана қолданылуы тіпті дұрыс емес.

Бірқатар теоретиктердің пайымдауы бойынша, бүгінгі күні қазақ күресімен астарлас тәжірибелі шартты түрде бірнеше бағыттарға бөлуге болады: дene шынықтыру-бұқаралық (арнайы дene қасиеттерін жетілдіруге және ҚБ сақтауға бағытталған ДТ жүйесі); спорттық (ресми жарыстарда жеңіске жету мақсатымен қолданылатын біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыруға арналған спорттық жекпе-жектің толыққанды, толыққылы өзіндік түрі); әскери (жекпе-жектің техникалық-тактикалық әрекеттерін (ТТӘ) және жекпе-жек қимылдарын үйретуге арнайы кәсіби-қолданбалы пән).

Біздің ойымызша, мұндай бөлудің басты мақсаты – жеке тұлғаның жекпе-жекті жүргізу үшін біліктіліктері мен дағдыларын біруақытта менгеруін жан-жақты дамыту мақсатымен бүтіндей педагогикалық үдерістің құрамдас бөлімі ретінде қарастырылатын балуанды даярлаудың бір кезеңін ғана айқындаиды (кесте 1).

## Кесте 1 –Балуандарды даярлау кезендері

Даярлау кезендері	Кезендер мазмұны
Дене шынықтыру-бұқаралық	Қазақ күресінің техникалық-тактикалық негізdemесі, жалпы дене даярлық және арнайы дене даярлық қуралдары
Спорттық	Жарыстарға қатысу
Әскери	Жекпе-жектің, өзіндік қорғаныстың және т.б. біліктіліктері мен дағдыларын менгеру.

Сонымен, белсенді денсаулық қалыптастыру және денсаулық қорғау, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, жан-жақты дамыған және Отанын қорғай білетін, СӨС ұстанатын жастар жақтастарын тәрбиелеу сияқты бірқатар мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді берілген педагогикалық жүйе арқылы табысты шешуге болады.

ҚР заманауи саяси, экономикалық және идеологиялық жағдайларында РК (халықтың денсаулығының төмен деңгейі, ДШЖС, СӨС белсенді шүғылдануға деген нашар уәждеме, түрлі діни-экстремистік ағымдардың көбеюі, жастардың дәстүрлі-қалыптасқан құндылықтардан алшақтауы және т.б.) жағдайларда қазақ күресі тиімді жалпы мәдени құрал ретінде қарастырылады және тәуелсіз Қазақстанның ұлттық спорттық мәдениетімен сәтті үйлеседі.

Соңғы уақытқа дейін ЖЖС феномені ДШ байланысты болды және оның маңызды құрамдас бөлімі ретінде қарастырылды. Сонымен бірге, бұл әлеуметтік-мәдени құбылыстың мамандығының өзіндік қолданысы бар, басқалай жалпы адами мәдениетпен араласып кетпеген адам тіршілігінің жетістікі саласы ретінде көбірек таныла бастады.

Л.И. Лубышеваның [17] пікірі бойынша спорттық мәдениет (СМ) қоғамда қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасымын тапқан құндылықтар, біріншілікке қол жеткізуді немесе адамның денелік және рухани жетілуі арқылы жеңіске жетуді мақсат тұтынатын жарыстар немесе оларға даярлық барысында қалыптастарын әлеуметтік үдерістер мен қарым-қатынастар ретінде қарастырылады. Л.И. Лубышеваның ұсынып отырған құндылықтар құрылымына сай қазақ күресі туралы СМ құрамдас бөлімі түрінде айтуға болады. Осыған орай, біз қазақ күресі арқылы СМ қандай да бір құндылықтарына қол жеткізуге және маңызды міндеттерін қалай ұтымды шешуге болатындығын түсіндіру қажет (кесте 2).

## Кесте 2 – Спорттық мәдениеттің құнды мүмкіндігі

Құрамдас бөлімдері	Қазақ күресінің бөлімдері	Маңызды шешімдері
Жалпымәдени	Қазақ күресінің дene шынықтыру-бұқаралық бөлімі білм беруге, тәрбиелеуге, денелік жетілуге бағытталған	Салауатты өмір салтын үгіттеу, денсаулық қалыптастыру және денсаулық сақтау, денелік даярлық деңгейін арттыру міндеттерін шешеді
Әлеуметтік-психологилық	Спорттық бөлім жетістікке қол жеткізуге арналған	Адамның өзіндік жүзеге асырылуға деген сұранысын, жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік деңгейін жоғары спорттық нәтижеге қол жеткізу негізінде арттыруын қанағаттандырады. Қазақ күресіне тән қасиет – өзіндік жүзеге асырылу мүмкіндігінің кең ауқымы: дәрежелер, атақтар берілуі және т.б.
Арнайылық	Әскери бөлім шынайы жекпе-жекті жүргізу дағдыларын иеленуге арналған, тіршілікке қажетті психологиялық және т.б. құндылықтарды иеленуге мүмкіндіктер береді.	Бүтіндей өзіне сенімді, өзін-өзі қорғауға қабілетті адамды тәрбиелеу міндеттерін шешеді.

Осының алдында жүргізілген зерттеулерде қарапайым ТТД қолдану негізінде денсаулық қалыптастыруыш технологияны оқушылардың ДТ үдерісіне қалыптастыру мен енгізу жүзеге асырылды.

Біздің қалыптастыру экспериментіздің қорытындысы ЭТ балуандарының БТ салыстырғанда ДД деңгейін анықтау бойынша тестілеу тапсырмаларының нәтижесі жоғары ( $P<0,05$ ) болды. Инновациялық технологияны үйлесімді енгізу құнды бағдарлану жүйесінің оң өсіміне ықпал етті және шұғылданушылардың әлеуметтік бейімделуін жақсартты. Шұғылданушылар үшін маңызды қасиеттер: батылдық, шыншылдық, тәртіптілік, жауапкершілік, жолдастарына деген қамқорлық, оқуға деген ынта және т.б. болды. Сонымен қатар, шиеленістілік, агрессивтілік сияқты теріс қасиеттердің деңгейі төмендеді. Инновациялық технологияның жоғары тиімділігі шұғылданушылардың ауру деңгейінің төмендеуіне, ДД жоғарылауына, психологиялық және эмоциялық күйлерінің

жақсаруына және ДЖ шұғылдануға және ДМ бойынша білім беру үдерісіне деген уәждемелерінің деңгейінің артуы арқасында жүзеге асырылып отыр.

Сонымен, қазақ күресі СМ құрамдас бөлімі ретінде жеке тұлғаны адамгершілкі-ерікті, рухани бай, денелік тұрғыдан жетілген, әлеуметтік бейімделген, заманауи қоғамда тіршілік етуге қажетті білімдер мен қабілеттерді менгерген адамның психологиялық тұрақтылығы сияқты тәрбиелеу міндеттерін табысты шешуге ықпал етеді.

Бүгінгі күнде бұқаралық спортты дамыту қажеттілігі мен оқушы жастардың ДМ қайта құру жағдайларында қазақ күресінің жаңа технологияларын енгізу мен оның құралдарын қолдану ДМ, СӨС орынды өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Қазақ күресіне деген салиқалы көзқарас және балуандардың өз іс әрекеттерін жүзеге асыруға кеңінен мүмкіндіктер беру ҚҰДМ даму деңгейін жетілдіруге төменде көрсетілген мәселелерді арттыру жолымен жүзеге асырылады, атап айтқанда:

- ДШжС жүйелі түрде шұғылдануши (аптасына үш реттен кем емес) халықтың санын арттыру;
- балуандардың (спортшылардың) халықаралық сайыстардағы жетістіктері.

### **1.3 Ұлттық спорт түрі - қазақ күресінен жекпе-жектерді жүргізудің техникалық амалдарын үйретудің және тактикасының өзіндік қасиеттерін есепке алудың педагогикалық шарттары**

Білім - спортшылардың (балуандардың) СЖ ТТД біліктіліктерін, дағдылары мен қабілеттірін саналы түрде менгерудің қажетті алғышарты болып табылады. Осыған байланысты төменде көрсетілгендей арнағы заңдылықтардың қажетті ауқымына сүйене білудің маңызы артып отыр, олар: шынайы әлем айқындалуының ғылыми-педагогикалық теориясына сүйену; білім саласы бойынша мәліметтер туралы үздіксіз терең ақпарат алғып отыру; білім алушын көптеген түрлерін қолдану; сәйкес оқу-әдістемелік тәсілдердің өсімін білікті қолдану; қолданыстағы ақпарат көздерін тереңдете өзара әсерде қабылдау және т.б.

Мұнда жиі ҚҰДМ, соның ішінде қазақ күресі дамуының тарихы туралы ақпарат кіреді, олардың заманауи жағдайларда даму ерекшеліктері мен қалыптасуы, олардың ағза қызметінің арасындағы әсерлері, шұғылданудың білімді, тәрбиелі және сауықтырулы маңыздылығы, қазақ күресінің балуандардың рухани-адамгершілік қасиеттеріне, психикалық күйіне әсері және т.б.

Спортшының СЖ тек толыққанды ОЖУ ғана тиімді болады. Онсыз педагогикалық үдерістің мәні мен тиімділігінің маңызы болмайды. Балуандардың есте сақтау қабілетіне, жаттықтырушы-оқытушы беретін ақпараттардың «механикалық көшірмесін» жасау қабілетіне бұл білімді менгерген жағдайда тиімді әсер бермейді. Спорт теориясы басқа әдіс-тәсілдерді

талап етеді, ол жаттығу және СҚ барысында бағалаулар мен тиімді қолдануды терең де жан-жақты менгеру қажеттігін бағдарлайды.

Жоғарыда аталған жоспар бойынша балуандардың тиімді қызметі, олар орындайтын тапсырмалар мен талаптар спорттық педагогтың тұрақты және кәсіби бақылаудың болуы қажет. Жетекшілік, кәсіби-педагогикалық құбылыс ретінде спорттық педагогтың өзінің тікелей қызметтерін жүзеге асыруға талаптарын қатаң ұстанатын жетекшілікке қарағанда жаттықтырушылық қызметтің мәнін тереңінен айқындайды.

Танымдылық қызметтің басқару қажетті нәтижеге жеткізетін сәйкес жағдайларды саналы түрде қойып, қоя балуандардың талпыныс қасиеттерін қамтамасыз ететін, оның көзқарастары мен эмоционалды қүйіне, түсінігіне, көңіл-қүйіне, сезіміне, еріктілігі мен талпынысына әсер етуіне сай келетін қарым-қатынастар жүйесін құрастырады.

Жаттықтырушының басқару қызметтің балуандардың ақыл-ой белсенділігін арттырударғы жан-жақтылығы педагогикалық әсерлердің түрлерін қолдану қажеттігіне әкеп соғады.

Осылай орай, балуандардың танымдылық қызметтің басқаруға қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетуге болады, олар: ақпаратты және қимыл әрекеттері мен қозғалыстардың реттелуші әсеріне қол жеткізу; берілетін ақпараттың ұсынылған ТТД сәйкестігін қамтамасыз ету; әрекеттердің ақпаратты және техникалық-тактикалық салалары бірлестігінің басты факторларына сүйене білу; бағытты сәйкестікті ақпаратты және техникалық-тактикалық салалардың бағытты сәйкестігін қолдану.

Арнайы әдебиеттерде спортшылардың ОЖҰ барысындағы психологиялық үдерістерімен байланысты сөздің мәні мен маңызын қарастыруға деген ұмтылыстың ауқымы кеңейіп, әрі тереңдеп отыр. Бұл өз кезегінде көзқарастар мен түсініктер қалыптасуына ықпал ету, сезінуді, өндеуді, түсінуді, есте сақтауды жеңілдету, сезіммен қабылдау «көздерін» талқылау, ойлау қабілетін қадағалау, белсенділікті дамыту, саналылыққа, дербестілікке, басым сезімділікті игере білуге, анғарымдылыққа және т.б. әсер ету сынды бірқатар жайттармен байланысты болып келеді. Бір сөзben айтқанда, ОЖҰ барысында спортшының психологиялық қүйін реттеу негізігі талаптардың біріне жатады.

Балуандардың ОЖҰ қазақ күресімен шұғылдану барысында білім беру, тәрбиелік және сауықтыру міндеттері оның негізі болып табылады. Сонымен бірге, есте сақтайтын бір мәселе – психологиялық қүй білім беру материалдарының негізін, оқыту әдістерін, ОЖС нәтижелерінің менгерілу бағытын кейбір жағдайлар да ғана анықтайды. Мұның барлығы ОЖҰ алдында түрған міндеттерден туындаиды, олар нақты бір балуанның даярлығын басқару барысында анықталады, ал ол өз кезегінде жаттықтырушының сөзben әсер етуінің нақты түрлерімен айқындалуы қажет.

Спорттық тәжірибедегі біршама қалыптасқан сөздер қатарына берілетін мәліметтер, ақпараттар мазмұнымен де, сипаттымен де ерекшеленетіндер ғана енеді. Осылай орай, жалпы педагогикалық және арнайы әдебиеттерде көбіне әңгімелесу, түсіндіру, сипаттау, көрсету, ескеरту және т.б. туралы айтылады.

Сөздің ауқымдылығы мен жан-жақтылығы жаттықтырушы-оқытушыға спортшыларға нақты сәйкес ақпаратты олардың мүмкіндіктерін және спорттық мектептердегі ОЖҮ жағдайларын ескере отырып жеткізуге толықжадай жасайды.

Сөзбен жеткізуді түрлі көрнекілік құралдарымен үйлестіре білу балуандарға берілетін білімнің ауқымын кеңейтіп, тереңдете түсептіндігі хақ. Спорт теориясы бойынша әдебиеттерде бұл үдеріске көп көңіл бөлінген: айқын белгілерге, спортшыларға әсер ету сипатына, құрделі жағдайлардағы уақытша және іштей функционалды қарым-қатынастарға сипаттама берілген.

Сондай-ақ, сөздік қаратпалармен және көрнекілік құралдармен бірлестіктे СК сабактар жүргізу әдістемесі жаттықтырушының түрлі ишаралтар жасауы, ТТӘ ұқастыруы, қолымен, аяғымен, басымен, бет әлпеті өзгерістерімен, алақан соғуымен және табан қымылдарымен сияқты түрлі қымыл-әрекеттерді қолдануын қарастырады. Барлық бұл әрекеттердің өзіндік қасиеттері олардың әрқайсының сәйкес мәліметтерді жеткізуге арналған салыстырмалы мүмкіндіктері бар. Бірақ, спортшылар білім алу барысында жаттықтырушының білімі мен жұмыс тәжірибесі ерекшеліктері айқындалуының қыр-сырын толғымен дерлік менгереді. Мұндай тәжірибе негізінде балуандар жаттықтырушы-оқытушының түрлі іс-әрекеттері ақпараттандырып тұратын талаптардың сөздік мәні мен сипатын түсініп, ұғынады. Осыған байланысты қымыл әрекеттер қазақ күресімен шұғылдану кезіндегі сөздік қаратпалардың нақтылануы мен күшеттіліуінің қажетті құралдары болып табылады.

Спорт педагогарының жұмыс тәжірибесінде кеңінен танылған бірқатар сөйлеу-көрсету, көрсету-сөйлеу, біруақытта сөйлеу мен көрсету, әрекет ету-сөйлеу, біруақытта сөйлеу мен әрекет ету секілді амал үйлесімділіктерінен тұрады [18].

Өрбіте өйлауға тікелей сүйене отырып, шешімді рөл жаттықтырушы дайындаған және жүзеге асырған ақпаратты сезінуге, есте сақтауға, қайта өңдеуге беріледі.

Жаңа тапсырмаларды менгеру жағдайында шығармашылық ойландыруды жұмылдыру талап етілсе, берілген жағдайда сараптамаға, жинақтауға және елестетуге көбірек көңіл бөлінеді.

Ережеге сай, қазақ күресінің жаттықтырушы-оқытушылары күнделікті жұмысы барысында осы екі жолды да табысты қолданады. балуандардың білім деңгейі артқан сайын өнімді ойлану кеңінен қолданыс тауып отыр. Шығармашылық ойлануға сүйене жұмыс жүргізу ОЖҮ тиімділігі мен жоғары деңгейін көрсетеді. Танымдылық әрекетінің тәжірибелі жағы спортшылардың зияткерлікті қабілеттері мен мүмкіндіктерінің даму деңгейін көрсететін үдерістерден күтіледі. Сонымен ұсынылған мәліметтердің қабылдануы барысында осы құрылымды байланыстардың жаңа байланыстары мен жүзеге асырылуы, түрлі астарлардың белсенделіктері пайда болады. Нәтижесінде, ақыл-ой жетілуі, танымдылық артады, ойлау қабілетінің шапшаңдығы, бағдарлануы, реттілігі арттады.

Белгілі болғандай, танымдылық дербестілігінің артуы қазақ күресімен шұғылдану міндеттерін қалыптастырудан басталады.

балуандардың танымдылық дербестілігін үзбей арттыру мақсатымен жаттықтырушы спортшыларға педагогикалық әсер ету (ПӘ) құралдарының күрделі жүйесін қолдануға тұра келеді. Кезекті ақпаратты қолдану барысында ол спортшылардың мүмкіндігін қарастырады, СК халықаралық-танымды түрлері туралы білімдерін естеріне алуына ықпал етеді, ОЖУ даярлық деңгейлеріне, маңызды СЖ кезеңдеріне байланыстым әселелерін шешу жолдарын нақты айқындаі білуін қарастырады.

Сонымен қатар, берілген мақсатқа сай ұсынылған мәліметтерді ойластыруға және қайта қарастыруға біршама уақыт бөліну мәселелері, спорттық даярлық тәжірбесінен алынған мысалдарға міндетті сілтеме, алдын зерттелген ережелер қолданылады.

Қолданыстағы көрнекілік құралдарын балуандарға өздері ОЖУ біршама маңызды заңдылықтарын өздері оқи алатындаі деңгейде жеткізу қажет.

Көрнекілік құралдар педагогика талаптарына сай есте сақтауға, білім ауқымын арттыруға, ойлауды дамытуға арналған түрлі салалы болулары қажет[19].

Спорт педагогтарының бірегей пікірі бойынша, сезінумен шындалған ойлау қабілеті селқостықпен салыстырғанда танымдылық пәніне біршама терең және жеңіл енеді. Осыған орай, сөздік қаратпаларды жылдамдататын және басқа қосалқы құралдарын қолдануға мүмкіндік беретін ПӘ барлық түрлерін қолдану маңыздылығы артып отыр. Бұл үшін сөзді айту кезінде дауысты көтеру мен бәсендету, оның ырғағын өзгерту, сөзді буынға бөліп айту, мимиканы өзгерте отырып, ишарат біліре білу, қазақ фольклоры материалдарын (мақал-мәтедер) табысты пайдалана білу қолданылады.

ОЖС тікелей өткізу әдістемесін қолдану кезінде қазақ күресі туралы мәліметтерді жеткізуінді теориялық және тәжірибелік тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері ескерілуі қажет.

Сонымен, балуандардың танымдылық дербестілігін арттыру жаттықтырушы-оқытушымен өзара әрекет сипатына қажетті ықпал етеді. Оқытушылардың және балуандардың алдында тұрған міндеттеріне сай ұсыныстарға сай саналылықты жетілдіру, зерттелетін құбылысты жан-жақты талқылай білу және мәніне сай дұрыс таңдай білу мүмкіндіктері қалыптасады. Эрине, саналылықты қалыптастыру оқытушы-жаттықтырушының және балуандардың өзінің қызметінің барлық жақтарын қамтитын болғандықтан кәсібиlíк қабілетінің терендігі мен мазмұны үздіксіз артып отыруы қажет.

Қазақтың ұлттық спорттық күресі – қазақ күресі республика елінің арасындағы қолжетімділігі, кеңінен танымалдылығы және ТТӘ көптүрлілігі арқасында оқушылар мен жастарды жан-жақты тәрбиелеудің біршама тиімді құралы болып табылады.

Балуандарды ТТӘ үйрету күрделі, сонымен бірге қажетті мәселе болып табылады, өйткені берілген мәселенің табысты шешіміне спортшыларды даярлаудың барлық салалары да байланысты.

Осыған байланысты, балуандардың ТТӘ арнайы ұйымдастырылған ҚӘ қалыптасуы мен жетілдірілуін қамтамасыз етуі қажет. Берілген ауқымды мәселенің табысты шешімі ПӘ түріне, құралдарына, әдістеріне, педагогикалық тәсілдеріне байланысты.

Берілген педагогикалық міндетті шешудің әдіс-жолы. Қимылдарды үйрену әдісі бірқатар маңызды факторлардан құралады, олар: техниканың жалпы құрылымы қалыптасуын қамтамасыз ету; орындалатын әрекеттердің кинематикалық және динамикалық негіздері реттілігін жабдықтау; жоғарыда аталған негіздерді арықарайғы үйрету барысында жан-жақты жетілдіруге арналған база жасау. Әдіс дегеніміз алда тұрган педагогикалық міндеттерді шешу тәсілі [18].

Көрсетілген факторлар жаттықтыруыш-оқытушының бойында қолданыстағы әдіс, оның түрлері, өзара байланыстары және іс-жүзінде айқындалуы сияқты қалыптасқан түсініктерді үздіксіз тереңдетуге, кеңейтуге деген талпыныс туыннатады.

ТТӘ іс-жүзінде жүзеге асырылуының құрделілігі мен жан-жақтылығын ескере отырып, қазақ күресінде бірқатар әдістерге, олардың үйретілуіне, қателердің ескертілуі мен түзетілудеріне, үйрену нәтижелерінің тексерілуіне маңызды көңіл бөлінеді

Қазақ күресі ТӘ үйрену зерттелінетін ТӘ кинематикалық және динамикалық негіздері менгерілуін қамтамасыз ететін үйретудің маңызды бөлімін қамтиды. Сонымен, балуандарғадұрыс жүйесі қысыныңдағы техниканың барлық элементтерін орындау мүмкіндіктері беріледі. Мұндай мүмкіндік ағзаның функционалды мүмкіндіктерінің жан-жақты жетілдірілуіне, зерттелетін ТӘ туралы білімнің байытылуына, «балуанға» тән арнайы сезіну тәжірибесін иеленуге сүйенеді [4, б.6].

ТӘ менгерудің ішкі механизмдерінің көптүрлілігі туралы біршама нақты түсінік ОЖҮ барысындағы қызметті білікті реттеудің шынайы алғышарттарын, спортшыны үзбей жаттықтырудың түрлі жолдарын айқындауды, үйрету нәтижелерін бағалаудың объективті және ақпаратты тәсілдерінің кең ауқымын іздестіру жайттарымен сипатталады.

Сондай-ақ, ТӘ іштей құрделілігі сырттай әртүрлі жолдармен айқындалады. Қорытындылай келе, біз ТӘ көптеген түрлерін иеленеміз, ал олар қазақ күресінде 1000 асады.

Сонымен, ТӘ тәжірибелік түрғыдан үйренудің екі түрлі әдісі бар, олар: бүтіндей және жекелей бөлімдер бойынша үйрену.

Бүтіндей үйрену әдісі ТТӘ жекелей бөлімдерге бөлу қын болған жағдайда қолданылады.

Бұл әдістің жетістігі: әрбір жағдайда әрекеттердің сыртқы және ішкі күштері үйлесімділігін сезе білу мүмкіндіктеріне ықпал ететін әрекеттердің қимындылығын сақтау, оның көрнекі өлшемдерін жиынтығын айқындаі білу, құлшыныстардың сипатын айқындаі білу. Осы негізде әрбір талпыныстың құшті және әлсіз жақтарын нақты айқындаиды, әрекеттерді ары қарай

жетілдірудің жолдары айқындаиды; орындалған ТӘ бүтіндей нұсқасы қазақ күресіндегі басым сезімдердің артуына ықпал етеді.

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, ТӘ зерттейтін бұл әдістің бірқатар кемшіліктері де бар, ол туралы қазақ күресінің жаттықтыруши-оқытушылары ұмытпауы қажет. Олар: іс-әрекеттердің барлық бөлімдерінің орындалуын қамтамасыз ететін біршама белсенді бұлшық ет ширығуларын талап етеді, ал ол өз кезегінде шаршаудың ертерек туындауына алып келуі мүмкін, нәтижесінде әрбір кезекті талпыныска қобірек уақыт жұмсалып кетуі ықтимал. Ережеге сай, мұндай жағдайда шұғылдану қозғалмалы тығыздығы жоғары болмай қалады: назар салынуы мен күш жұмсалуын әрекет етудің бірнеше кезеңдеріне бөліп жіберуге мәжбүрлайді. Нәтижесінде СЖ қарқынын төмендетеді: қорғануға талапты күшейтеді.

Аталған жағдайлар үйлесімде бірлестікте әсер етеді.

Сонымен, қазақ күресіндегі ТӘ бүтіндей, тұтас үйрету әдісі бір жағынан үйрету талаптарына сай келсе, екінші бір жағынан оларға кері әсер етуі мүмкін.

Бөлімдерге бөліп үйрету әдісі басқалай жағдайларда қолданылады, оның әрқайсысы белгілі дербестілігімен ерекшеленеді; зерттелінетін әрекеттер техникалық құрделілігімен сипатталады, дene бөлімдерінің, оның өзгермелі әрекет өлшемдерінің түрлі жағдайларында үйлесімді жұмыс жасауын талап етеді, уақыт көп жұмсалып кетеді; әрекеттердің толық үйлесімділігі: бүтін, тұтас ТӘ көп қуат жұмсалуына әкеп соғады [11, б.12], жұмсалған қуаттың қалпына келтірлуі бойынша ерекше бір амалдар қолданылуын қарастырады.

Олай болса, қарастырылып отырған әдіс берілетін тапсырмалар көлемін есепке алуға, осы тапсырмалардың тиімді реттілігін сақтауға және т.б. қобірек назарда ұстауды талап етеді.

Бұл әдістің менгеру жетістігі: ТӘ жақ-жақты бөлімдерін таңдаулы түрде менгеруге кеңінен жағдай жасайды, демек, балуанның күші мен қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді, оларды үнемді қуат жұмсауға үйретеді, спортшылардың жекелей ерекшеліктерін біршама тиімді қолдануға, өзінің техникалық мәнерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасайды, спортшылар арасында өзара үйрену мүмкіндіктерін, олардың ОЖҰ ақпаратты, техникалық ұйымдастыру-әдістемелік жақтарын менгеру ауқымын кеңейтеді.

Бұл әдістің кемшілік жақтары ТӘ бөлімдері дербес әрекет ретінде менгерілуінде жатуы мүмкін. Бұл жерде оның объективті бүтіндігі бұзылуы мүмкін, яғни, тұтас ТӘ менгерілген бөлімдерді біріктіру қосымша уақыт жұмсалуын талап етеді; балуанның оны үйрену нәтижесінде жалпы ығысуларды түсінуін қыыннатады, нәтижесінде жалпы ОЖҰ деген сезіміне теріс әсер етуі мүмкін; денелік және техникалық жетілдірілу арасында үзіліс пайда болуынан әрекеттердің кейбір бөлімдерін менгеру кезіндегі ұзақ жаттығулар балуандардың функционалды даярлығының тиімді өсіміне ықпал етеді алмай қалады.

Қазақ күресінде ТТӘ мен қимыл-қозғалыстардың өте көп түрлері зерттеу нысанына алынған. Қазақ күресінен спорттық маманданудың бастапқы кезеңінде тек қана жоғарыда аталған әдістерді қолдану арқылы тиімді

жетістіктерге қол жеткізу әрі қын, әрі тиімсіз болды. Қазақ күресінің техникасы мен тактикасының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, бұл әдістер әдістемелік тұрғыдан бірлестікте қолданылды, бұл әдіс тұтастай-бөлімді үйрету әдісі деп аталады.

Тұтастай-бөлімді үйрету әдісінің бірқатар мүмкіндіктері бар: ТТӘ әскерту мен түзетулердің көптеген жолдарын қолдануды қарастырады; әрбір элементтің жан-жақты менгерілуін қамтамасыз етеді; оның түрлі салалары бойынша дағдылар қалыптастырады; тапсырмалардың жаңалықтары мен түрлі қындықтары есебінен балуандардың менгеруге деген сезімін бекітіп, дамыта түседі.

ТТӘ іс-жүзінде менгеру әдісі үйретудің нақты жағдайларын, спортшылардың денелік, психикалық және функционалды күйлерін, ТТД жалпы жүйесіндегі ретті әрекеттер маңыздылығын және басқа факторларды ескере отырып қолданылады. Мұның барлығы үйретудің әдістемелік жүйесінің жекелей әрекшелірінің туындауына, көптүрлі болып айқындалуына әкеп соғады.

ТТӘ әдістерін және техника мен тактиканы менгеру барысында жіберілетін қателіктерді ескерту мен түзету оның әрқайсысы өзінің мәнділігімен әрекшеленетінін ескерtedі, ОӘҮ маңызды міндеттерін шешуге есептелген, жаттықтыруыш-оқытушының және спортшының педагогикалық талпыныстарының маңызды жолын көрсетеді. Мұндай амалдар санқырлы болып келеді, әрекеттердің түрлі салаларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Бұл сәйкес таңдалған педагогикалық тәсілдерге байланысты: спортшылар өте қысқа уақыт ішінде лақтырулардың қажетті жылдамдығы мен амплитудасын менгеру алса қарсыласының мүмкіндігі саналы түрде төмендеткен жағдайда; спортши лақтыру мәнін кеңінен түсіну үшін қажет.

Сонымен, қазақ күресінің жаттықтырушысының педагогикалық тәсілдер туралы білімі ауқымды болуы қажет.

ТТӘ үйрету тиімділігі тексерудің арнайы әдістерінің көмегімен анықталады. Спорт педагогикасындағы үйрету нәтижелерін тексеру әдістері ОҚҰ бірқатарларының сапасын тереңінен сараптауға; спортшының жүзеге асырып отырған ТӘ саналылығына; менгерілген ТТӘ спорттық тәжірибелің кәсіби қызметінде қолдана білу түсінінің қалыптасуына; орындалған ТТӘ жан-жақтылығының толыққанды зерттелуіне; балуанның зерттелініп отырған әрекеттерінің тиімлігіне; орындалатын әрекеттердің өзара байланыс жолдарының біршама тиімділігіне; ары қарай жетілдірілудің маңызды жолдарына және т.б. ықпал етеді [20].

Спортшылар ОЖҰ барысында түрлі білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды менгереді. Бұл жаттықтырушының балуаның жүзеге асыратын әрекеттерінің ОЖҰ барысында саналы жүргізуінің сапасы қажетті мөлшерде тереңінен сараптай білуіне; іс-әрекеттерді толыққанды орындауына; үйретудің ары қарай жетілдірілуінің тімді жолдарын түсіне білуіне; алда орындалатын іс-әрекеттерді бірлестікте үйретудің тиімді жолдарын айқындаі білуіне; спортшылардың кимыл-қозғалыстарын менгеруге деген педагогикалық

тәсілдердің өзіндік ерекшелігін айқындауына; менгерілген ТТӘ сан қырлы қызмет барысында қолданудың көп түрлерін түсіне білуіне ықпал етеді.

ТӘ үйретудің қорытындысын объективті бағалау үшін бірқатар әдістер қолданылады. Мысалы, білім мөлшерін бағалау үшін жазба және ауызша турде жүргізілетін сауалнамалар, сұхбатасулар өткізеді.

Қимыл біліктіліктерін бағалау тексеру жолымен, қимыл біліктілігін бағалаумен, қабілеттерді айқындаумен, бақылаумен, бағалаумен және т.б. жүзеге асырылады.

Қимыл дағдыларын бағалау педагогикалық бақылау жүргізумен, ТӘ бағалама үшін орындаумен, жарысқа қатысу нәтижелерін зерттеумен, биомеханикалық және физиологиялық әдістерді зерттеу жолымен жүзеге асырылады.

Сонымен, үйрету нәтижелерінің сараптамасы зерттелінетін ТТӘ менгерілуіне және спортшы-балуандар, ОЖЖ өткізу әдістемесі туралы қажетті деңгейде ақпарат алуға мүмкіндік береді. Ешбір күмәнсіз, бұл жаттықтырушының өзінің кәсіби-педагогикалық шеберлік мәселелері бойынша түсініктері мен көзқарастарын жетілдіре білуіне, ОЖҮ педагогикалық құрылымы мен мазмұндылығын арттыруға ықпал етеді.

Жоғарыда аталған әдістерді ТТӘ үйрету қорытындыларын анықтау кезінде жүйелілік, жан-жақтылық, дербестілік, шынайылық, негіздемелік сынды арнайы және жалпы талаптарға жауап беруі қажет.

Оқытушы-жаттықтырушылар қандай да бір балуанның жекпе-жекті тікелей жүргізу техникасын қарастырғанда алдымен оның «лақтыру», «қарсы шабуылдау», «тарпа бас салу» және т.б. сияқты қасиеттерін айқындалап алады. Ал, мұндай жағдайда жекпе-жекті белсенді жүргізуді жақсы менгерген жоғары білікті спортшыларда шабуылдау, қорғану, лақтыру және т.б. жан-жақтылық белгілері байқалады.

Спорттық күрестің халықаралық-тәнілған спорттық күрес түрлерімен маманданушы спортшы-балуандардың жекелей зияткерлікті, адамгершілік, психологиялық, денелік, физиологиялық және т.б. өзіндік қасиеттерін зерттей отырып, Ю.А.Шулика жарыстық жекпе-жекті жүргізу мәнерінің бірқатарын айқындалап көрсетті [22].

Өз кезегінде А.Ф.Зекрин балуандарды «ойыншылар», «күштілер», «қарқындылар» деп үш топқа бөлді. Айта кетерлігі, олар жекелей қарастырғанда спортшылардың СӘ түрі ретінде айқындалмайды. Белгілі болғандай, «күштілер» тікелей жекпе-жекті жүргізу кезінде көбіне қарсыласына күштік қабілетін көрсетуге тырысады. Қарсыласының сескеніп қалуы ең маңызды ТӘ қолдануға есептелген және қарсыласы қолданған күшті жеңуге есептелген ТӘ жүргізуінің басты тактикалық тәсілі болып табылады. ТӘ жүргізудің «сескендіру және ұстап қалу» сияқты тактикалық тәсілін қолдану «балуанға» қарсыласының қимыл әрекетіне өзінің күштік және төзімділік мүмкіндіктерін сәтті қарсы қоя білуіне мүмкіндік береді [23].

Демек, спорттық тәжірибеде күштік шабуыл жасау жекпе-жектің сонына қарай техникалық-тактикалық басымдылығы қажетті деңгейде ұстап тұра алу

және спорттық төрешілер мен көрермендерге өзінің белсендігін көрсете білу мақсатында қолданылады. «Күшті балуандардың» жекпе-жектері біркелкі қарқынмен, жақын арақашықтықты сақтай отырып, тек қана алға ұмтылыспен тығыз, қатал белдесулермен, тек қарсыласын жеңу мақсатымен жүргізіледі. Мұндай балуандар үлкен ерікті белсенділігімен, төзімділіктің орта деңгейі айқындалуымен ерекшеленеді. Олар қарсыластарын кілемнің шетіне ысырылып кетуге мәжбүрлейді, күші мен ерік-жігерін толығымен дерлік жұмсайды, тым мақсаттылық қасиетін ұстанады, соның арқасында олар жиіқарсыласын жекпе-жектен сылбырлығы үшін ығыстырып жібереді [23, б.33].

балуандарға денесінің салмағын көбіне жасанды түрде қуу, қатаң қадағалау тән. Белдесу барысында қолданылатын ТӘ жиынтығы аса бай және көптүрлі емес. Олар шабуылдау кезінде уақыт-уақытымен тактикалық әрекетті ұсатасулардың біршама менгерілгендерін, бейімделгендерін, яғни тікелей қарастырылып отырған қарсыластың нақты белсендірілуіне қатысты, сондықтан ондай «балуандарда» жекпе-жектерді жүргізу нәтижесі біршама тәмен болып келеді [4, б.21].

СК күрес, соның ішінде қазақ күесі бойынша мамандардың, жаттықтырушы-мамандардың және спорттық төрешілердің басым бөлігі күшпен бағдарланған балуандардың ОЖУ барысында біршама басымдылығы бар балуандарға көбірек көңіл бөлген жөн. Олар өзінің жақсы дene дамуын бірқатар жайттарда сәтті қолдана білу: ТӘ тығыз белдесу жағдайында ТӘ қолданудың қарсыласының тепе-тендігін бұзу немесе тығырыққа тіреу сияқты тактикалық тәсілдерін қолдана отырып жақын арақашықтықта жекпе-жек жүргізу [4, б.6].

Балуандардың жалпы және арнайы дene даярлықтарын (ЖДД және АДД) жетілдіру кезінде уақыттың біразы күшті төзімділікті дамытуға жұмсалады. Балуандардың ОЖУ шеңберлі жаттығулары түрлі көлемі мен ұзақтығы спортшыларды даярлаудың кезеңдерін ескере отырып шектелетін нұсқалардан тұрады. Жарыс кезеңінде қолданылатын ДЖ кешенін шеңберлі жаттығу кезінде СК қандай да бір түрін айқындастырып жекелей ситуациялы сәттерін немесе жаттығуларға жақыннатылған қимылдарды орындау кезіндегі бұлшық еттердің түрлі топтарын дамытуға арналған жаттығулармен алмастырған тиімді [4, б.6].

«Қарқынды» балуандар негізінен белдесу кезінде негізінен қарқынды – қарқынды шабуылды қолдануға тырысады. Ол шабуылдарды қарсыласын үстемеленген қимылдармен шаршатуға негізделген. Бұл әдістің бір кемшілігі – жиі қарсыласының қарсы шабуылдарын өткізіп алуға әкеп соғатын балуанның шабуыл әрекеттірінің күшеюі. Осыған байланысты қарсы шабуылдарға қарсы балуандардың қорғаныс әрекеттеріне көбірек көңіл бөлу қажет. Техникалық-тактикалық мүмкіндіктер ауқымын кеңейту «спорттармен» күрес жргізу кезінде жүзеге асырылады, олардың арасындағы үзілістерде кезекті «спортқа» деген мақсат пен талпынысты нақтылау жүзеге асырылады. «Спурттың» басты мақсаты – қарсыласын әбден қажыту.

Қарсыласының тиімді қорғанысы оның өзіне қарсы қолданылуы немесе жеңіліске ұшырауы мүмкін. Қарсыласының білкті түрде қолдана білуі жекпе-жек жүргізудің үйлесімді мәнерін туындарады.

Белдесудің негізін қарсыласқа әсер ете алуға және оның қорғанысын бұза алуға мүмкіндік беретін ТТӘ құрайды. Тиімді қорғаныс оның ТӘ жүргізуге қолдануда қажеттік туындарады, бұл жекпе-жектің қимыл-әрекеттер үйлесімділігімен жалғасымдылығын анықтайды [21, б.33].

Қарқынды балуандарға жоғары шапшаңдық қасиеті, күрес жүргізу бойы жекпе-жекті жүргізу қарқының сақтау, түрлі қашықтықтарда жүргізілген шабуыл әрекеттерінің жоғары пайыздық көрсеткіші арқылы жүзеге асырылған ТТӘ жекпе-жектің біршама қарқынды жүргізілуі тән. ТӘ қоры күшті балуандармен салыстырғанда біршама жоғары.

«Қарқынды балуандар», білетініміздей, жекпе-жекті жүргізу мәнері басқа жақтастарымен салыстырғанда бірегей өзіндік бақылауды жүзеге асырғуа бейім келеді. Олар тік тұрған күйдегі жекпе-жектерге басымдылық береді. Қарсыласын жеңу кезінде тек жоғары қарқынды жекпе-жекті жүргізуге күш салады [4, б.6; 21, б.33].

Қарқынды балуандарға жоғары техникалық-тактикалық белсендерділік пен ҚӘ тығыздығы тән. Балуандардың спорттық шеберлігін жетілдіру мақсатында жаттықтырушы-оқытушылар ОҚҮ барысында жекпе-жекті басынан аяғына дейін шабуылдау әрекеттерін үздіксіз жүргізе отырып, олардың шектеулі уақыт жағдайында дұрыс орындаі алу қабілетімен жүргізе білгені жөн, техникалық-тактикалық белсендерділікті тек жоғары деңгейде ұстап тұрғаны тиімді.

Мұндай балуандар ОЖҮ барысында әрбір белдесудің соңғы 15-30 секундтарында ТТӘ орындауға бағдарланған тапсырмаларды орындау қажет. Сондай-ақ, ОЖС сонында қайталанбалы шабуыл, жалған әрекеттер, қарсыласының тепе-тендігін бұзу, жекпе-жекті жоғары қарқынмен және серіктесін алмастыра отырып жүргізуге күш салу қажет.

Даярлық барысында (әртүрлі қарқынмен жүгіру, кросс, спорттық ойындар және т.б.) жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалды мүмкіндіктерін біршама күшешту мақсатында жүргізіледі.

Балуан-ойыншылардың жекпе-жекті жүргізу негізін үйлесімді мәнерде шабуыл жасау немесе шабуылдауды үйрету, және жалған шабуылдар сияқты ТТӘ шабуылдау күйі қарсыласын жеңу құрайды. Жекпе-жекті жүргізудің үйлесімді мәнерін көбіне қазақ күресінің ТТӘ маңызды бір бөлігіндегі жағдайларды таңдай отырып, қарсыласын жеңіп кетуді таңдауын айқындаі көрсете отырып, «койынды» деген атау береді. Осы мәнерде жекпе-жек жүргізуге бейім балуандар жиі шабуылда ТТӘ бірден қосып, ТТӘ кеңінен қолданады және үзбей шабуыл жасау қарқынмен ерекшеленеді.

Ойыншы-балуандар ТТӘ біршама кең ауқымда қолдануға тырысады. Оларға көркемділік, барлық уақытта аракашықтықты, денениң күйін ауыстырып отыру, ТӘ орындау кезіндегі шығармашылық пен үйлесімділік, қарсыласы жіберген қателіктерді сәтті қолдана білу және т.б. қасиеттер тән. Мұндай балуандар барлық уақытта жеңіп кетуге талпынады және жекпе-жектерді орта

және ұзақ арақашықтықтарда жүргізуге бейім, жиі жедел түрде женіске қол жеткізеді.

Ойыншы-балуандардың жекпе-жек жүргізу әдістері басқа да мәнерлерімен салыстырғанда жоғары, шапшандық деңгейі басым, бірақ төзімділік жағынан біршама төмен келеді. Сондай-ақ, оларға жоғары зияткерлік деңгейі, психомоторлық көрсеткіштер, тез шешім қабылдау және орындау тән.

Оларға біркелкі өзіндік бақылау, жүйке жүйесінің жоғары қозғалмалылығы және жұмылдырымдылығы, қымыл әрекеттерінің нәтижелілігі тән.

Ойыншы-балуандардың спорттық шеберлігін арттырудың негізгі құралдары: шабуылдаушы ТТӘ жедел түрде жүргізуді жетілдіру, бетпе-бет және жауапты қарсы шабуылдарды жұмылдыра отырып, қарсыласының қателіктерін сәтті қолдану; ТТӘ мүмкіндігін байыту: шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, жекпе-жекті жүргізудің түрлі жағдайларында, туындаған жағдайларда дұрыс әрекет ете білу; біліктілікті жетілдіру бойынша қарастырылатын тапсырмалар бойынша жекпе-жекте ТӘ түрлі тәсілдерін білікті қолдана отырып, шақыру, алдау, қосарлай алдау, орын ауыстыру, прессинг, қайталанбалы шабуыл сияқты шабуыл әрекеттерін жүргізуді жетілдіру болып табылады [22].

Сонымен, жалпы және арнайы даярлықтарды жетілдіру кезінде шапшандық, шапшандық-күш, күш-төзімділік сынды басты дene қасиеттерін дамытуға басты көңіл бөлу қажет.

#### **1.4 Өзіндік зерттеу материалдарын алу әдістері**

Эксперименталдық жұмыстың (ЭЖ) жүргізілуі барысында ТТД жетілдіру үдерісіне педагогикалық негіздеме берумен байланысты қазақ күресі СК жекпе-жектердің нәтижелілігі мен көріністілігі ЖӘ әрекеттерді зерттеу және спортшылардың біршама тиімді ЖС кешенін тұзу, қазақ күресінен балуандардың ТТД жетілдіру әдістемесінің тиімділігіне алдын-ала эксперименталды негіздеме беру секілді біршама міндеттер айқындалып, шешілді.

Зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және жүргізілу кезеңдеріне сай зерттеу әдістемесін құрастыру жүзеге асырылды. Бұл жұмыста алдын-ала тексерілген және спорттық даярлық теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылатын жүйелілік, қайталанбалылық, объективтілік, кешенділік, үдемелілік және дәлелдемелік сияқты әдістер катаң түрде педагогикалық қағидаттардың сақталуымен жүзеге асырылды. Мұның барлығы біз жасаған зерттеу болжамының өзіндік қасиеттеріне және олардың арнайы ұйымдастырылған жағдайларда жүзеге асырылуына тәуелді болды.

Талқыланған жоспарда негізінен фактілі материалды жинақтау және өндөу әдістеріне көбірек көңіл бөлінді.

Ғылыми-зерттеу әдебиеттерінің сараптамасы зерттеу мақсатын анықтау және жұмысқа болжам жасау үшін қолданылды. Әдебиеттерге теориялық сараптама жүргізу кезінде балуандардың ТТД мәселелерін көтеру мен ашу, оның басты бағыттарын айқындау, даярлық үдерісінің жарыстық ТТӘ

тиімділігін мақсатты-бағытты жетілдіру құралдарын іздестіру басты мәселелер қатарынан болды. Бұл жерде қазақ күресі спорттық күресі бойынша басты жаттықтырушы-оқытушылардың алдыңғы қатарлы тәжірибелері жинақталды. Ол түрлі және жоғары бағаланатын ТТӘ құру балуандардың жекпе-жектерінің көріністілігін және нәтижелілігін қамтамасыз ететіндігі туралы пікір қалыптастырумен қатар, балуандардың жекпе-жектерінің нәтижелілігі мен көріністілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ, балуандардың ОЖУ тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазақ күресі спорттық даярлық үдерісін жетілдірудің педагогикалық тәсілдері қарастырылды, СК ОЖУ инновациялық бағыттары зерттелінді. қазақ күресі дамуының жарыс ережелерінің өзгерістері мен ережелерін толықтыруды есепке ала отырып, заманау бағыттары зерттелді. Осы бағытта жүргізілген жұмыс нәтижелері берілген диссертациялық жұмыстың кіріспе және бірінші бөлімінде айқындалды.

Балуандардың СӘ бейнежазбаларының сараптамасы балуандар қолданатын біршама тиімді жарыс ТТӘ айқындау үшін жүргізілді. 2010-2016 жылдар аралығындағы халықаралық жарыстардың, Әлем, Азия, Қазақстан Республикасы чемпионтаттарының бейнежазбалары зерттелінді. Балуандардың түрлі жағдайларында өткізілген 100-ден аса жарыстық белдесулер сараптамадан өткізілді.

Дәлелдемелі материалдарды, жаттығу жоспарларын, дербес сабактарды сараптамадан өткізіп, жинақтау СӘ ерекшеліктерін айқындау және техникалық-тактикалық, шабуылдау, қорғаныс, қарсы шабуыл әрекеттерін жетілдіру мақсатында жүргізілді. Даярлық бөлімдері мен түрлерінің құжаттары, балуандардың ОЖС ТТД құралдары мен әдістерін бөлу, қарсы шабуыл амалдарын жетілдіру үшін қарастырылды. Ең алдымен ғылыми материалдарды жинақтау мен өндеу жұмыстары жүзеге асырылды.

Қажетті құжаттар мен материалдарды, жаттықтыру жоспарларын, жекелей сабактарды зерттеу мен жинақтау негізінде алдыңғы қатарлы тәжрибелі жинақтау мақсатында СӘ ерекшеліктерін айқындау және дәлелдемелі әдебиеттерді жинақтау жетілдіру жүргізілді, тиімді жарыс ТТӘ жетілдіруге арналған ТТД әдістемесін дамыту, ОЖС арнайы кешендерін түзуіске асырылды.

Арнайы жасалған тапсырмалардың алдын-ала тексерістен өткізілуі Семей қаласының медицина университеті мен Қазақ спорт және туризм академиясының (ҚазСТА) аясында іске асырылды. Осы уақыт бойы ОҚС тәжірибелік түрғыдан қолдану мүмкіндігі анықталды, жарыстардағы белдесулерда орындалатын техника мен тактикаға соңғы нақтылаулар мен түзетулер енгізілді, балуандардың ТТД әдістемесіне толықтырулар енгізілді. Берілген кешендерді тиімді қолданудың педагогикалық шарттары айқындалды, дәлелдемелі эксперимент жүргізілді.

Дәлелдемелі эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтер ТТД әдістемесі нәтижеліндіре түсуге бағдарланған үлгі түзуге, балуандардың ТТӘ жоғары

бағаланатын түрлі, үйлесімді, сенімді қорғаныстарды қалыптастыруға арналған арнайы тапсырмалардың кешендерін құруға мүмкіндік берді.

Сауалнама жүргізу шүғылданушылардың СЖ тиімділігін арттыруға арналған ТТД маңыздылығының мәселелері бойынша мамандар мен балуандардың өзінің көзқарастарын айқындау мақсатында қолданылды. Арнайы жасалған сауалнамаға 50 респондент қатыстырылды.

Сауалнама мақсатты-бағытты, сырттай, жекелей жүргізілді. Осы жағдайларды ескере отырып, сауалнамалар әрбір респондентке жеке тапсырылды және олар өздері дербес сипатты маңызын қарастырды. Сұрақтардың бір бөлімі негізінен бақылаулы сипатта болды.

Осындай жолмен алынған материалдар статистикалық жолмен сарапталып, толтырылды. Сұрақтар ашық және жабық түрде болды. Олар біршама өндеуден өткізілді, бұл балуандардың ТТД оң және теріс көрсеткіштерінің арақатысын анықтауда тиімді тәсілдердің бірінен саналды. Бұдан басқа, қалыптасқан бағыттылықпен пікірлердің келісімділік көрсеткіштері және корреляция коэффициенті қолданылды.

Респонденттердің құрамы негізінен Семей мемлекеттік медициналық университетінің және ҚазСТА оқытушылары мен студенттерін қамтыды. Сауалнамаға жалпы саны 100 адам қатысты.

Құжаттамалы ақпаратты зерттеу кезінде қосалқы тәсілдер ретінде реферат, конспект жазу, конспект-сараптама құру жүргізілді.

Сұхбат алу. Егер сауалнама жүргізу қандай да бір себептерге байланысты қыншилық тудырған жағдайда, сұхбат алу жүргізілді. Ол сұхбаттасуышының ОЖС және жарыстардағы ТТӘ маңыздылығы мен түрлері туралы көзқарастарын зерттеуді қарастырды. Бұл жерде 20 оқытушы және 50 студент қатысты. Алынған материал сауалнама жүргізу кезіндегі сияқты өнделуден өткізілді.

Сарапшылардың арасында сауалнама жүргізу нақтыланған көрсеткіштерді тікелей бес баллды бағаммен бағалау жолымен жүргізілді. Оның көмегімен маманның жеке басына қойылатын талаптар, ТТӘ құралдары мен әдістері анықталды. Сарапшылар ретінде Семей медициналық университетінің дене шынықтыру кафедрасының және ҚазСТА еңбек өтілі жоғары тәжірибелі оқытушылары мен білім алушы студенттері қатысты. Бұл іс-шараға 15 сарапшы қатысты.

Балуандардың жарыстардағы жетістігін педагогикалық бақылау эксперименталды топ спортшыларының түрлі деңгейлі және ауқымды жарыстарға қатысуы кезінде жарыстық белдесулерды М.В. Габов [25] әдістемесі бойынша стенографиялық жазба әдісін қолданумен жүргізілді. ЖӘ мәліметтерін ары қарай өндеу арнайы хаттамаларда орындалды (қазақ күресі бойынша жарыстар жүргізілуі кезіндегі кездесулер мен хаттамалары), арасында есептеу техникасы да қолданылды. Математикалық өндеу жүргізуін мәні К.К. Закирьянов және Л.И. Орехов [26] әдістемесі бойынша ЖӘ сандық айқындастырын көрсеткіштерді алумен байланысты. Техникалық-тактикалық көрсеткіштердің жекелей мәндерін экспериментке дейін және кейін

математикалық-статистикалық өңдеу кезінде балуандардың ЖӘ сипаттайтын және біршама айқындайтын белдесулері қарастырылды.

ЭЖ сандық мәндерді анықтау үшін жарыстық қызметті сипаттайтын ғылыми-негіздемелі және халықаралық деңгейде танылған құрестің спорттық түрлерінен жарыстарды сынақтан өткізген көрсеткіштері қолданылды [27].

1. Шабуылдау әрекеттерінің белсенділігі (ШӘБ) дегеніміз жарыстық белдесудің бір минуты ішінде бағаланған ТӘ жүргізуге деген шынайы талпыныстар саны. Бұл көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, балуандар белдесудің бір минуты ішінде соншалықты көп ТТӘ қолданады.

2. Қорғаныс әрекеттерінің белсенділігі (ҚӘБ) дегеніміз бағаланған ТӘ саны және қарсыласынан жарыстық белдесулердағы құрестің бір минуты ішінде есепке алынатын ТӘ жүргізуге деген шынайы талпыныстарының саны. Қаншалықты көрсеткіш жоғары болса, балуан белдесудің бір минуты ішінде ТӘ жеңіледі.

3. Шабуылдау әрекеттерінің сенімділігі (ШӘС) – жарыстарды қолданылатын ТӘ жүргізу тәсілдері мен оларды шынайы жүзеге асыруға деген талпыныстардың орташа бағасы. Бұл жердегі шынайы талпынысы 1, 2, 3, 4, 5 баллдарымен бағаланған ТӘ сәйкес: 0;1; 1; 2; 3; 5 ұпайларға сай. Көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, соншалықты жарыстарда қолданылатын ТӘ жиі, әрі жоғары бағаланады.

4. Қорғаныс әрекеттерінің сенімділігі (ҚӘС) – бағалама мен шынайы талпыныстар көлемі ШӘС сай келетін жеңілгендердің он сапалы орта бағаламасы мен шынайы талпыныстарының айырмашылығымен анықталады. Бұл көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, соншалықты балуан ТӘ аздау жеңіледі.

5. Шабуылдаушы әрекеттердің үйлесімділігі (ШӘҮ) - үйлесімділікті қолданумен құресу барысында орындалатын тәсілдер санының үйлесімділікте және үйлесімділіктің қолданылуының орындалған тәсілдер санына қатысы. Қаншалықты көрсеткіш жоғары болса, балуан соншалықты үйлесімділікті қолдана отырып біршама ТӘ қолданады.

6. Тиімді техника көлемі (ТТК) дегеніміз – жарыс кезінде қолданылатын түрлі ТӘ саны. Қаншалықты бұл көрсеткіш жоғары болса, соншалықты балуан жарыс кезінде бағалауы үшін түрлі ТӘ қолданады.

7. Тәсілдердің сапалы бағаламасы (ТСБ) – қолданылған ТӘ 1; 2; 3; 4; 5 баллдарымен бағаланған барлық қолданылған тәсілдердің орташа көрсеткіші.

8. Жарыстық техника көлемі (ЖТК) – балуан жарыстарда қолданатын бағаланатын және бағаланабайтын түрлі тәсілдерінің жалпы саны. Бұл көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, балуан жарыстарда соншалықты түрлі ТӘ қолданады.

9. Жарыстарда иеленген орын (ЖИО) – бұл көрсеткіш қаншалықты төмен болса, соншалықты балуанның спорттық шеберлік деңгейі жоғары болады.

Балуандардың спорттық әрекеттері (СӘ) КР, Азия және Әлем чемпинаттарында, 2010-2016 жылдары өткізілген көшпендердің Бүкіл әлемдік ойындары барысында зерттелді.

Педагогикалық эксперимент зерттеудің негізгі әдісі болды және 2015 жылдың қыркүйек айынан 2016 жылдың маусымы аралығында Семей медициналық университетінің дәне шынықтыру кафедрасы және ҚазСТА курес және ұлттық спорт түрлері кафедраларында жүргізілді, онда студенттердің (балуандардың) ТТӘ жетілдірудің жасалған әдістемесін тексеру арқылы жүзеге асырылды.

ПЭ ұсынылған Б.А. Ашмарин [28] жіктемесінің негізгі қағидаттарын қатаң түрде ұстану және оның орындалу ережелеріне сай жоспарланды және жүзеге асырылды. Бұл жіктеме төменде сипатталатын қасиеттер арқылы жүзеге асты:

- зерттеу мақсаты – қалыптастыруши, өйткені зерттеулер жүргізу барысында біз болжамға сай жаңа ереже жасадық;
- өткізу шарттары – табиғи, өйткені педагогикалық үдеріс жағдайларындағы өзгерістер ПЭ қатысшуларға аса ықпал ете қоймады;
- оқу топтарын құру – тәжірибелік сабактар түрінде жүргізілді, себебі ПЭ кәдуілгі ОЖС барысында жүзеге асырылды;
- студенттердің хабардарлығы – жабық, өйткені ПЭ бойы спортышлар өздерінің ғылыми ізденіске қатысушылар екендігі туралы бейхабар болды;
- бағыттылық – салыстырмалы, өйткені ПЭ ұсынылған әдістеме тиімділігін анықтауы қажет болды;
- дәлелдеудің логикалық үлгісі – қатпарлас, түзу, өйткені зерттеу екі ұқсас топтардың қатысуымен жүргізілді, оның біреуінде ОЖӘ ұйымдастырудың эксперименталды, екіншісінде – дәстүрлі әдістемесі қолданылды. Бірқатар сабактар жүргізіліп болған соң ұсынылған әдістеме нәтижелілігі анықталды.

ТТД жетілдіру жоспарланған уақытта біз ұсынған даярлық әдістемесін қолданумен жүзеге асырылды. Бұл кезде нәтижелілік пен көріністілікті арттыруды қамтамасыз ететін СӘ жағдайларында қолданылатын тиімді ТТӘ жетілдіру бойынша мақсатты-бағытты жұмыс жүргізілді. Берілген тапсырмалар кешені айқындалған ерекшеліктер, ТТӘ жетілдірудің негізгі бағыттары және спортышлар «қазақ күресінде» қолданатын айқындалған біршама тиімді жарыстық тәсілдер есепке алына отырып жасалған.

Математикалық-статистикалық өндеге әдістері нәтижелі жарыстық ТТӘ анықтау және ТТД жетілдірудің жасалған эксперименталды әдістемесінің тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілді. Айқын таңдау бойынша міндеттерді шешуге арналған алынған мәліметтердің алдын-ала жүргізілген сараптамасынан кейін қолданылған нақтылы мәліметтердің статистикалық өнделуі жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізілді. Орташа арифметикалық көрсеткіш ( $X$ ), стандартты ауытқу ( $\delta$ ), Стьюденттің  $t$ -критерій бойынша анықталған сенімділік деңгейі ( $P$ ) [26, с.39; 28, с.40] есептелінді. Статистикалық өндеге нәтижесінде дәлелдемелікті, нақтылықты және объективтілікті арттыруға алынған мәліметтер педагогикалық сараптамадан өткізілді. Анықталған факторлар және зандылықтар математикалық статистиканың сәйкес әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

## **Бірінші тарау бойынша тұжырым**

Демек, қазақтың ұлттық дene мәдениеті педагогикалық білім санатында болуымен қатар, Қазақстандық қоғам мәдениетінің көптеген салаларымен өзара тығыз байланыста болады және олардың бойындағы қасиеттер мен сапалардың нышандарын иеленеді. Мұндай өзара байланыстар нәтижесінде бірқатар арнайы емес қызметтерге де ие.

ҚҰДМ қызметін зерттеу қағидаларының маңыздылығы өзара сәйкес үдерістердің жан-жақтылығының объективті мазмұнын анықтайды, және түрлі сабактарда шешімін табатын нақты тәжірибелі міндеттердің жүйесі мен сипаты аясында айқындалады. Бұл жерде іс-әрекет – объективті негіз бола отырып, міндеттері айқындалған нақты сұраныстардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырудың арнайылығын көрсетеді.

Қазақ күресіне деген орнықты өзқарас пен балуандардың өзіндік жүзеге асырылуына арналаған біршама мүмкіндіктерін түсіне білу ҚҰДМ даму деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, нақтырақ айтқанда: жүйелі түрде (аптасына үш реттен кем емес) ДШЖС шұғылданушы республика халқы санын; балуандардың халықаралық жарыстарда көрсететін нәтижелерін арттыруға жағдай жасайды.

Шешуші жарыстарда балуандардың маңызды жарыстарда өнер көрсетуі мен қатысуының қорытындыларының сараптамасын нақты мәселе тұрғысынан қарастырған кезенде барлық әдістер жан-жақты үйлесімділікпен бірлікте алыну қажеттілігі туындайды.

Педагогикалық тәсілдерді ұтымды пайдалану ТӘ уақытша, кеңістікті, динамикалық өлшемдері; қазақ күресінің ТТӘ жетілдіругің педагогикалық тәсілдерінің реттілігі; балуандардың жекелей бейімділіктері мен қабілеттерін педагогикалық тұрғыдан сенімді қолдану секілді бірқатар жайттарға қатаң түрде мақсатты әсер етуді қамтамасыз етеді.

Балуандардың жалпы және арнайы даярлығын жетілдіру кезінде шапшандық, шапшандықты-күшті және күшті төзімділік сияқты негізгі дene қасиеттерін дамытуға ерекше көніл бөлу қажет.

Қарастырылып отырған зерттеу жұмысында ғылыми әдебиеттерді зерттеу мен жинақтау, жаттықтырушылар мен балуандар арасында сауалнама жүргізу, бақылау, педагогикалық эксперимент, алынған мәліметтердің математикалық-статистикалық өндеуден өткізілу сынды арнаулы мәселелерге ерекше көніл бөлінді.

## **2 ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІ – ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БАЛУАНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫГЫН ЖЕТИЛДІРУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ**

### **2.1 Қазақ күресі балуандарының жарыстық қызметі зерттеу нысаны ретінде**

Қазақтың ұлттық спорт түрі – қазақ күресі мәдениеттің әлеуметтік, этнопедагогикалық құбылысы және феномені ретінде өзіне оқушы жастарды (ОЖ) денелік тәрбиелеуді, жоғары жетістікті спорт (ЖЖС) ретінде қарастырсақ, ҚР ұлттық жетістіктерін айқындаудың жауапты міндеттерін жүктейді [27]. Заманауи спорттық даярлық балуандардың ЖӘ ерекшеліктерімен және талаптарымен үйлестіріле жүргізілуі қажет. Зерттеудің басты міндеттерінің бірі – ЖӘ зерттеу барысында алынған мәліметтер қолданылған әдістемені жасау болып табылады [28, 29].

Адамдардың күнделікті тіршілік әрекеті уақыт талабына сай бірлестікті, бүтін сипатты болып келеді және ол адамды жеке тұлға, тарихи үдерістің субъектісі мен обьектісі ретінде қалыптастыратын, обьективті-субъективті қарым-қатынастардың, әлеуметтік және өзара байланыстар жүйесінде жүзеге асырылады. Адамның іс-әрекеті үзбей болып тұратын өзгерістерімен, тасымалдылығымен сипатталады [30-32].

Адамның сыртқы және ішкі іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі оның заттық сипатында болады, өйткені іс-әрекеттің ұжымды және жекелей субъектісі қажетті талаптарын қамтамасыз етуі барысында өзінің тіршілік әрекетінің заттық саласын өзгертерді. Адамның тіршілік әрекеті күрделі құрылымды болып келеді, өйткені ол тұрақты өзара байланыстарды және тасымалдарда болатын сұраныстардан, уәждемелерден, мақсаттардан, іс-әрекеттерден құралады.

Іс-әрекетті оның құрылым жағынан, оның динамикасында, оның түрлері бойынша толыққанды қарастыру қажет. Бірақ, іс-әрекет қандай жағдайда, қандай түрде жүзеге асырылғанмен де ол қоғамдық қарым-қатынастарға енгізілген жүйе болып табылады – олардан тыс болуы мүмкін емес. Іс-әрекет өндірістің дамуынан туындастын рухани және материалдық қарым-қатынастардың түрлерімен анықталады. Нақты бір тұлғалардың іс-әрекеттерінің қоғами жағдайлары оның жүзеге асырылуының уәждері мен мақсаттарын, құралдары мен тәсілдерін туыннатады [33].

ЖӘ теориясы спорттық шеберлікті, жарыстардағы нәтижелер мен жеңістерді айқындау мен обьективті салыстыру мақсатындағы «салыстыру» болып саналады.

«Жарыс» терминінің негізін «салыстыру» термині құрайды. Салыстыру стандарттауды негіздеу қажеттігін туыннатады. «Салыстыру» түсінігі қосарланған мәнді болып келеді:

- бірденемен салыстыру;
  - ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау.
- Бұл екі мәнде жарыстың кез келген ережесі қамтылған:
- салыстыру үшін жарыс ережелерін жасау қажет;

- үқастықтар мен айырмашылықтарды айқындау үшін жарыстың жену, тең тұсу, жеңілу ережелерін жасау қажет.

Ережесіз жарыс өткізу мүмкін емес, ал жарыс ережелерін білмей мақсатты бағыт ОЖҮ жүргізуге болмайды. Жарыс ережелері балуандарды спорттық даярлығы ОЖҮ маңызды әсер етеді» [36].

ЖӘ білікті балуан қарсылықтың қандай деңгейіне сай келетіндігін айқындауға мүмкіндік беретіндіктен маңызды мәселе болып табылады. Оның талаптары жаттықтыру және жаттықтырудан тыс қызмет бағдарламаларының негізін құрайды [37].

Жарыс спортшының шешуші әрекеті ретінде қарастырылады, тікелей жарыста спортшы даярлығының оң және теріс жақтары айқындалады. Балуанды даярлаудан алдын бәсекелестіктің жүргізілу шарттарын, жекелей қызметтерге қойылатын талаптарды білу қажет, содан соң даярлық құралдары мен әдістерін тандау керек. Қазақ құресі СК СЖ тұрғысынан алғанда бізде спортшының жоғары спорттық жетістігінің даярлықтың жекелей салаларына (денелік, психологиялық, техникалық-тактикалық) бөлінуі туралы түсінік қалыптастырады. Жарыстарда барлық бұл құрамдастар бірлестіктегі қарастырылады және жоғары жетістікке қол жеткізу үдерісін басқару үшін жарыстық қарсылықтың шынайы сипаты туралы түсінік болуы қажет.

Жарыстық әрекетке (ЖӘ) мақсатты-нәтижелі - мақсат – құрал – нәтиже сипатты қарым-қатынастар тән.

Мақсат дегеніміз спортшы ЖӘ барысында талпынатын үлгі (образ), құрал – алға қойылған мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдер, нәтиже – нақты бір ЖӘ нәтижесінде қол жеткен спорттық нәтиже.

ЖӘ құрылымын анықтайтын фактор дегеніміз нақты бір спортшының ең жоғары жетістікке жетуіндегі алған бағыты [38].

«Қызмет теориясына сай, балуанның көпжылдық даярлығы жоғары спорттық жетістікке жетуге талпынушы (уәждемелі), осы мақсатқа жетуді жүзеге асыруға арналған барлық іс-әрекеттерді менгерген мүмкіндігін сезіне білуші педагогикалық үдеріс ретінде берілген [39].

Қазақ құресі СК спортшылардың даярлау қатаң бәсекелестіктегі, қатаң жауапкершілікпен, керемет эмоциялық ширығумен өтетін жарыстарда жеңіске қол жеткізуіне арналған. Спорттық нәтиже ЖӘ сапалы сипаттамасы ретінде спортшылар үшін өзіндік бір құндылық болып табылады, оның әрекетінің уәждемесі болып табылады. Дегенмен, спортшы үшін оның спорттық жетістігінің қоғамдық танылудының мәні де зор [14, б.14].

СК ұлттық және халықаралық түрлерінде ТТӘ қалыптастыру табысты ЖӘ шешуші факторы болып табылады. Спорттық-педагогикалық зерттеулерде қалыптастыру түсінігі қолданылады, ол дегеніміз: қандай да бір іс-әрекетті табысты жүзеге асыруға арналған қажетті деңе саапаларын (денелік, психологиялық, зияткерлікті) дамыту, қасиеттерді, білімді, тәжірибелік дағдылар мен біліктіліктердің мақсатты-бағытты кешені, аяқталғандыққа нақты бір сипат беру. Қалыптастыру нақты бір шекті көрсеткіштердің қол жеткізудегі мақсатты-бағытты езгерістермен байланысты [40, 41]. ТТӘ негізгі құмдас

бөлімдері балуандардың көпжылдық даярлығы барысында қалыптасады және спорттық шеберліктің өсімімен, шеберліктің артуымен ерекше маңызды ие болады.

Спорттық қызмет салыстырмалы түрде аса көп емес аралықты - 15-20 жас қамтиды, ЖӘ жоғары жетістіктерге қол жеткізу уақыты - барлығы 5-10 жыл. Оған денелік және жарыстарға даярлық пен қатысу барысында психологиялық-эмоционалды әсерлердің жоғары, тіпті шекті деңгейі тән [42].

«Қазіргі уақытта қазақ құресі СК адам ағзасының түрлі функционалды жүйелері шекті мүмкіндік реакциясы тәртібімен жұмыс жасайтын адам қызметінің бір саласы ретінде қарастырылады, ол өз кезегінде СӘ тосын, шұғыл жағдайларға бейімделуін зерттеуге арналған объективті алғышарттарын қалыптастырады [43].

Спорттық жетістіктер өсімі байқылады. Бұл бірқатар факторлармен байланысты, атап айтқанда:

- СЖ жоғары жетістігімен ерекшеленетін жаңа әдістерін енгізу [44-48], даярлық әдістемесініндегі кез келген өзгерістер ең алдымен спорттық жетістіктерді жақсартуға арналған [49-52];

- жарыстарды ұйымдастыру мен өткізу жағдайларының өзгерістерімен [53-6], құрал-жабдықтардың, спорттық жабдықтардың жетілдірілуімен [57, 58] байланысты;

- жаттықтыру жұмысы көлемінің біршама ұлғаюымен байланысты [59- 61];

- дene жұмыс қабілеттігін арттырудың психологиялық және денелік бағытты жаңа тәсілдерін қолдана отырып [62-65], спортшыларды қалпына келтірудің жаңа фармокологиялық құралдарын жасаумен байланысты [67, 68, 69]. «Спорттық жарыс» түсінігі спортшылардың өзінің СӘ басқа қызығушылық танытушы адамдардың (жаттықтырушылардың, спорттық ғылым өкілдерінің) сайыстарға, бәсекелестікке қатысуын қамтиды. Бұл қалпына келтірудің, ОЖҰ тиімділігін арттырудың жаңа құралдарын жасаумен байланысты ғылыми жаңалықтардың жетілдірілуіне ықпал етеді [70, 71].

Қазақ құресі үшін аксиологиялық және этикалық сипатты философиялық-әлеуметтік зерттеулер өзекті болып табылады. Бұл дүниетанымдылық-иедологиялық бағдарлардың өз мәндерін жояды және біршама өзгереді. Спорт индустрия саласы, спортшылардың кәсіби қызметінің көріністі саласы болып отыр, сондықтан бәсекелестіктік әлеуметтік танылуын, допингтік құралдар мәселелерін, эстетикалық, этикалық, діни құндылықтарды қажет етеді.

Е.А.Алимхановтың пікірі бойынша, қазақ құресінің көріністілігін қоғамдық-бұқаралық ісшаралармен, қазақ ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық іс-шараларға деген шынайы сезімдердің белсенендірілуімен байланыстырылады, қимыл-қозғалыстардың, дene сұлупығының және іс-әрекет этикасының қабылдануына, түсіндірілуіне ерекше көңіл бөлінеді. Кейбіреулерді балуандардың қарсыластығының эмоционалды жағы көбірек қызықтырады, бірақ дегенмен дерекілік, тәртіпсіздік емес, ҚӘ қарсыласпен жекпе-жекте қол жеткізуге ықпал ететін жеңілдігі мен әдемілігі басты болып табылады [72].

Осыған байланысты, қазақ күресі СК көрермендер түсінуі үшін қолжетімді болу, тартымдылық, эмоциялық күйді арттыру және түрлі қозғалмалы, тиімді (есте қаларлықтай, таңқалдыраялдықтай) іс-әрекеттерді орындау, жарыстық жекпе-жектердің эстетикалық тартымдылығы мақсатында жарыс ережелері өзгертіліп, толықтырылып отырады.

Е.А.Алимханов зерттеулерінде [73] қазақ күресінің техникасы мен тактикасының тартымдылығын жіктемеге сәйкес тәсілдер бойынша анықтауға және женімпаздарды айқындаудың жана ережелерін қарастыруға талпыныс жасалған (3 кесте).

Автор біршама көріністі тәсілдерінің тобын анықтаған, олар: қапсыра лақтырулар - 4,8; айналдыра лақтырулар - 4,6; иықтан асыра лақтырулар - 4,3; бүгілген күйде лақтырулар - 4,2; көрінісі біршама тәмендері: құлату - 1,8 және басқа амалдар - 0,9.

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты қазақ күресі спорттық күресіндегі көріністілік деп жалпылама қолжетіміділік пен қабылдаудың артуы түсіндіріледі.

### Кесте 3– Қазақ күресі әдістерінің көріністілігі

Техникалық іс-әрекеттер	Көріністілік бағасы	
Әдістер:	$\bar{X}$	$\sigma$
-Аяқпен алдынан қағып лақтыру	2,7	0,95
-Аяқпен жанынан қағып лақтыру	3,5	0,98
-Аяқпен іліп лақтыру	4,2	0,48
-Іштен шалып лақтыру	4,6	0,63
-Аяқпен бұттан қағып лақтыру	4,8	0,28
-Сырттан шалып лақтыру	4,3	0,59
-Кеудеден асырып лақтыру	4,2	0,68
-Арқадан асыра лақтыру	4,3	0,66
-Жамбастан асыра лақтыру	3,2	0,57
-Иіріп лақтыру	2,7	0,83
-Жығу	1,8	0,90
-Отырғызу	4,7	0,49
Басқа техникалық әдістер	0,9	0,44
$\Sigma$	45,9	8,49
$\bar{X}$	3,53	0,65

Көрермендерің алдында спортшылардың тиімді, есте қаларлықтай, таңқаларлықтай, жоғары бағаланатын, нәтижелі ТТӘ көрсетуі.

«Жарыс ережелерін балуандардың ЖӘ жүзеге асыруын шектеуші шарттар ретінде негізгі құқылы құжат ретінде қабылдай отырып ескерте кететін жайт, ережелерге енгізілетін өзгерістер қатаң түрде негіздемелі және балуандардың даярлық әдістемесін жетілдіру жолдарын айқындауы қажет. Мұндай

өзгерістерді жастық жекпе-жектердің мазмұнына спортшылар ағзасының түрлі жүйелерінің осы жекпе-жектердің әсерінен болатын оң және теріс динамикасын екере отырып сараптама жүргізу қажет» [74].

Жарыстық күрестің негіздемелі құрылған стратегиясын жүзеге табысты асыру көбіне жарыс ережелерімен анықталады. Жарыс ережелерінің аздаған өзгерістерінің өзі спортшының ЖӘ сапалы және сандық көрсеткіштерінде және оның СД жаттығу тәртібінде айқындалады [75].

Өкінішке орай, қазақ құресі СК халықаралық федерациясы қызметі берілген жекпе-жек түрінің көріністілігі мен танымалдылығын арттыру мақсатында балуандардың жекпе-жектерін белсендіруге арналған, жекпе-жектерді жүргізуңдің объективті заңдылықтарына аздау көңіл бөлінбеген, кілем үстіндегі жеңістің спортшы ағзасына қандай бағамен келетіндігі аз мөлшерде қызықтырылды. 1990 жылдан бастап қазақ құресінен халықаралық жарыстар біршама өзгерілді және сегіз реттей толықтырулар енгізілді, дегенмен мұның өзін позитивті құбылыс деп айтуда мүмкін емес. Балуандар жекпе-жегінің көріністілігін шын мәнінде арттыратын ережелердің өзгерілуімен қатар қазақ құресі Халықаралық федерациясы осы уақыт ішінде не балуандардың ЖӘ ешбір оң өзгерістер енгізбеген, не теріс әсерлі болған бірқатар өзгерістар саны енгізді [8, б.6].

Соңғы жылдары қазақ құресі СК бірнеше рет енгізілген өзгерістер жаңа талаптарға сай өзгеше, бірақ көбіне балуаннның замануи жарыстық үлгісіне қайшы келетін болды. Керісінше, спортшылардың іс-әрекеттерін қарқындандыру жолымен жекпе-жектің көріністілігін арттыруға деген қызметін федерация бұл жекпе-жек дұрыс жолмен дамып келеді және қазіргі таңда заманауи, дамыған және тартымды спорт түрі деп есептейді. Бұл енді тым асыра сілтеулік, өйткені мамандардың көптеген зерттеулері көрсетіп отырғандай, балуандардың жарыстық жекпе-жектерде көрсетіп жүрген тиімді және көріністі-әсем ТТӘ саны артып отырғна жоқ, керісінше кейбір мәліметтер бойынша қысқарап отыр [76- 78].

Басты мамандар арасында жүргізілген қазақ құресі СК даму бағыттарын есепке ала отырып, балуандардың ТТД негізгі салалары бойынша сауалнамалық сұраунама нәтижесінде анықталғаны:

- соңғы уақытта федерация енгізген құрес бойынша жарыс ережелерінің өзгерісі негізінен күрестің көріністілігін арттыру емес, балуандардың басымдылығын және басқа елдердің балуандарына арналған жоғары орындарды иелену мүмкіндіктерін төмендетуге бағытталған;

- респонденттер ережелердің сәтсіз өзгерістері деп: ауыр салмақты балуандардың салмағын шектеуді, салмақтың дәрежелер санын қысқартуды, жеңіл салмақты жарыстарды болдырмауды, балуандарды алдн-ала 3-4 адамнан топтарға бөле отырып, турнирлерді өткізуңдің аралас жүйесін енгізуі есептейді;

- мамандар біршама тиімді өзгеріс деп біршама сылбыр балуанды жазалауды есептейді;

- респондент қазақ құресі бойынша жарыс ережелеріне жиі өзгерістер енгізу теріс бағаланады, бірақ дегенмен бұл өзгерістер енгізілетін болғандықтан

спортшылардың ОЖҮ және СӘ тиімділіктерін арттыру мақсатымен балуандардың ТТД жетілдіру мәселесін ары қарай қарастыруды жүзеге асыру қажет [79].

Жарыс ережелерін енгізудің оң жағы деп шабуылдаушы балуанға әдісті орындаған кезінде қосымша бір ұпайды қосу деп есептелінеді. Берілген қосымшалардың нәтижесінде спортшылар жоғары амплитудалы, тиімді, көріністі ТТӘ жүргізуге тырысады.

Жарыс ережелерінің маңызды бір өзгерісі – тең түскен нәтижелі жекпе-жек кезінде женімпазды салмақ өлшеу бойынша анықтау болып табылады, ол женімпазды біршама объективті анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ құресінен жарыстар өткізу ережесі ары қарайда қарастыруды және түзетулер енгізуді талап етеді. Кез келген өзгерістер мен толықтырулар негізdemелі сипатты болуы қажет, құрес дамуының объективті заңдылықтарын ескеріп, берілген спорт түрін тиімді жетілдіруге ықпал етуі қажет [3, б.6; 5, б. 6; 4, б.14].

Балуандардың ОЖҮ, әсіресе заманауи және мәнді қайта құруды жүзеге асыру мәселесі қазақ құресі СК бойынша жарыс және спортшылардың СҚ сәйкес ережелеріне байланысты өзекті болып отыр және үзбей жетілдіруді талап етеді.

Жарыс ережелерін өзгерту жекпе-жекті жүргізудің уақытша шектелуіне ғана қатысты емес, сонымен бірге ТӘ бағалауға, сылбыр құрес жүргізугенді жазалауға қатысты, бұл балуандардың техникалық-тактикалық қабілеттеріне және тәсілдер сәйкестігіне мәнді әсер етеді. Қазақ құресі СК заманауи ережелері арқасында балуандардың техникалық мүмкіндігінің негізін үлесі жалпы бағалау тәсілдерінің 87% көбін құрайтын төмен бағаланатын ТӘ құрайды. Заманауи ережелер спортшыларды құрес техникасы мүмкіндігін максималды жүзеге асыруға ынталандырмайды және тек қана бірнеше бұқтерді иеленуге мүмкіндік береді.

Қазақ құресі балуандарының ТТӘ заманауи мүмкіндігі негізінен «бұқ» болып есептелетін қарапайым тәсілдерден құралады.

Құшті спортшылардың ЖӘ сараптамасы көрсеткендей, балуанның шеберлігі оның жекпе-жекті жоғары қарқынмен жүргізе білуғе мүмкіндігімен, қолы жеткен жетістігін ұстап тұра алу мүмкіндігімен, белсенді құрес жүргізе білуімен анықталуы қажет [80]. Бұл техникалық мүмкіндік пен тактикалық қамтамасыз етудің шектелуіне әкеп соғады, бұл спортшылар мен жаттықтырушыларды адам мүмкіндігінің шегінен шыға отырып, ағзасының функционалды мүмкіндіктерін допингтің көмегімен және басқа да жетілдіру құралдарын - қосуға мәжбүрлейді [81].

Қазіргі уақытта балуандар жекпе-жегі төрешілік жүргізу талаптарына сай құрылады – спортшы бірнеше бұқті ұтып ала отырып, өзінің мүмкіндігін арттыруға аса талпына қоймайды. [45, б.45].

Мықты балуандардың басымдылығы жекпе-жек кезінде ТТӘ тиімді және тұрақты түрде қолдануында және қарсыласына өзінің шабуыл жүргізу мәнерін мойындана білуінде [82]. Сондай-ақ, оларға күрделі де, құбылмалы жарыстық

жекпе-жек жағдайында шабуылдау әрекеттерін жүргізу үшін жағымды динамикалық жағдайлар жасай білуінде.

Жұмыс тәжірибесін жинақтау, ҚР құрама командасының ізбасарларын құрайтын жоғары білікті балуандарды даярлаудағы СӘ мен ерекшеліктерін [7, 6.6]; өйткені жоқ мәселелер бар:

- жақын елдерде жоғары жетістікке қол жеткізудегі даярлықтың болашақтағы жекелей жоспары және бағыттылығы;
- ТТД мазмұнындағы дамудың және СК төрешіліктің мазмұнында [7, 6.6];
- республиканың құрама командасының (жастар және ересек) көптеген мүшелерінің жекпе-жекті жүргізудегі жекелей мәнері, алып кету тактикасының және жекелей ТТӘ шабуылдарының басымдылығы;
- көптеген спортшылардың тактикалық даярлығының шектеулі мүмкіндігі, стандартты жағдайларды қолданудың өте төмен тиімділігі;
- жоғары амплитудалы «таза» болып бағаланатын әдістерді және керісінше орындалу тәсілдері бойынша қарапайым тәсілдердің басымдылығы [83];
- аяқпен әлсіз жұмыс жасау және қарсыласын тепе-тендіктен шығаратын шектеулі мүмкіндігі.

Балуандардың ОЖӘ ТТӘ менгеру жолдарын анықтау мақсатымен күрестің тиімді бөлімдерін және тәсілдерді қолдану бағыттарын құрастыру, балуанның бар техникалық-тактикалық мүмкіндіктерін айқындауда ЖӘ сипаттайтын белсенділік, тиімділік, нәтижелілік, сенімділік, үйлесімділік сияқты сандық көрсеткіштерді қолдану қажет [84].

Балуандардың ЖӘ сандық сипаттамасын айқындау үшін жалпы танылымды стенография әдісі қолданылады [85- 91]. Материалдарды өндеуден өткізу жарыс хаттамаларын есептеу техникасын қолдана отырып, арнайы формуламен анықтау арқылы жүзеге асырылады [92-95].

Балуандардың ЖӘ нәтижелері бойынша техникалық-тактикалық шеберлігін бағалаудың басты бөлімі болып спортшылар нәтижелі жарыстарда жиі қолданатын жекелей ТТӘ құрамын анықтау болып табылады [96-98]. Берілген мәселенің маңызды шешімінің мәні қазіргі уақытта егер қазақ күресінен жарыс ережелерінің өзгерістерін есепке алса айқындала түседі.

Е.Алимханов негізінен балуандардың ЖӘ зерттеу нәтижесінде қазақ күресі бойынша жарыс ережелерін жетілдірумен байланысты оның техникасы мен тактикасының өзгерістері мен мазмұнының заңдылықтарын айқындаады. Жарыс ережелері төмендегідей:

- балуандардың күрделі жоғары-амплитудалы ТТӘ қарапайым шабуылдарға өтуі;
- балуандар жекпе-жектің бір минуты ішінде жинақтаған техникалық балдары санының төмендеуі;
- жекпе-жектің жалпы ұзақтығының қосымша уақытты белдесулер есебінен артуы;
- таза женістер санының артуы;
- шабуылдау әрекеттері тиімділігі көрсеткіштерінің төмендеуі;

- қорғану әрекеттерінің сенімділігін арттыруы;
- спортшылардың тәуекелге бел буу даярлығының төмендеуі [3, б.6; 74, б.47].

Зерттелінетін көрсеткіштердің басым бөлігі салмақты дәрежені арттыруымен төмен нәтижелі көрсеткіштерге ие болуы әсіресе бұл жарыстық жекпе-жектің белдесудегі және минут ішіндегі орташа нәтижелігіне, сондай-ақ, шабуылдаудағы ТТӘ санына қатысты. Жарыс деңгейі артқан сайын балуандардың сапалық-сандық көрсеткіштерінің төмендеуі байқалады [99, 100]. Жекпе-жектердегі жоғары бағаланатын тәсілдердің жан-жақтылығы біршама төмендеді және бұл үдеріс ары қарай жалғасып келеді.

Мұндай қазақ құресі СК ТӘ айқындалған теңсіздік жарыс ережелерінің жиі және әлсіз негізdemeli өзгерістерімен түсіндіріледі [101, 102, 103]. Біршама нәтижелі және жоғары бағаланатын тәсілдер, тәртіпке сай біршама ұзақ даярлықты талап етеді [104]. Сонымен бірге, жекпе-жекті жүргізуіндің қарқындылығы тәртібіне қойылатын талаптар спортшылар ескертулер алып қалуына және тіпті куресті сылбыр жүргізгендігінен белдесуде жеңіліп қалуына байланысты балуандардың ТӘ біршама нақты жүргізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан, балуандар даярлық уақыты бойынша ұзақ емес, техникалық түрғыдан біршама қарапайым жолмен жүруге мәжбүр болады. Мұндай жағдай курестің дамуына кедергі келтіреді және қазақ құресінен жарыстық жекпе-жектің көріністілігіне теріс әсер етеді.

## **2.2 Техникалық-тактикалық даярлықты жетілдіру – қазақ құресі балуандарының жарыстық нәтижелілігін қамтамасыз етудің факторы ретінде**

Қазақ құресінің дамуы спорттық алаңдағы бәсекелестіктің артуымен, ТТД деген талаптардың, әсіресе жарыс ережелерін ұзбей жетілдірумен байланысты ЖӘ шарттарын өзгертумен сипатталады [3, б.6].

Жоғары спорттық жетістіктер негізінен спортшылардың жекелей ерекшеліктерімен айқындалатын көпжылдық даярлық жағдайларымен және жарыстардағы шынайы мүмкіндіктерімен жүзеге асырылады. Бірақ, жоғары білікті балуандарды даярлауда жаттықтыру жүктемелеріне қатысты тек қан жекелей бейімделу қабілеттерін ескеру жеткіліксіз. Қазақ құресінде нәтижелілікке осы мәселемен қатар тиімді ТТӘ қалыптастыру факторлары ықпал етеді [105-107].

Қазақ құресінен халықаралық жарыстар нәтижелері көрсеткендей, мықты балуандардың басымдылығы жекпе-жек кезінде ТТӘ табысты және тұрақты қолдана білуде және қарсыласына өзінің белдесуді жүргізу мәнерін мойыннатуында жатыр [101, б.51].

Халықаралық жарыстардағы жоғары спорттық жетістіктерге тұрақтылығын негізінен шабуылдау және қарсы шабуылдау іс-әрекеттерінің және сенімді қорғаныстың «кең ауқымды» балуандары көрсете алады. Оларда біріншілерге арналған шабуылдаушы және қарсы шабуыл іс-әрекеттерінің кең ауқымының тұрақтылық ұзақ уақыт сақталып тұра алмайды [36, б.44].

Спортшылардың ТТӘ дағдыларының тұрақтылығы олардың жауапты жарыстарда табысты да, сенімді өнер көрсетуіне мүмкіндік береді. Балуандардың ЖӘ сенімділігін нақты жарыс мақсаттарына сай функционалды және арнайы даярлықтың максималды және сай айқыдалуына сәйкес келетін жарыста нәтижені жүзеге асырудың жоғары сенімділігі, іс-әрекеттің арнайы жағдайларындағы кемшіліктердің аз болуы, сондай-ақ, жарыс жағдайларында нәтижелілігі бойынша қунделікті жаттықтыру жұмысына сай келетін бас тартпай жүзеге асыру ретінде қарастыруға болады.

Спортшылардың «сенімділігі» іштей және сырттай кедергілерге қарамай жоғары тиімді іс-әрекеттеріне кепілдік беретін олардың дағдылары мен қабілеттерін жетілдірудің кешенді нәтижесі ретінде түсіндіріледі [108].

Сенімділік – спортшының нақты бір уақыт бойы жауапты жарыстарда тұрақты да, тиімді өнер көрсетуіне мүмкіндік беретін кешенді ішкі қасиеті.

Балуанның жарыстық сенімділігі дегеніміз нақты бір уақыт бойы біршама жауапты жарыстарда өзіне тең немесе біршама басым түсетін қарсыластарымен жекпе-жектерде жеңіске жетуіне мүмкіндік беретін бірлестікті, кешенді қасиеті. Ол спортшының іс-әрекеттерінің және техникалық-тактикалық сипатты амлдарының жетілдірілуіне, олардың шаршау факторларын азайту факторларына тұрақтылығына, қарсыласының қорғануына және жарыстың тосын жағдайларында шабуылдау және қорғаныс іс-әрекеттерін жүзеге асыру мүмкіндігіне байланысты [109].

Спорттағы, әсіресе СК ТТШ спортшының табысты қызметінің шешуші факторы болып табылады. Қазақ күресі СК тәжірибесінде ТТШ әлі қарсыласпен тікелей жекпе-жекке шығу кешеніндегі жүйелі тәсілді және жарыстың күрделі жағдайларындағы оның жүзеге асырылу ерекшеліктерін ескере отырып, теориялық және эксперименталды дәлелдемесін іске асырған жоқ [110].

ЖЖС тәжірибесінде ТТШ айқындалып көрсетіледі. СДСБА ерекшеліктерін ескере отырып, Р.Асубаев [75, б.47] техникалық және тактикалық даярлықты көрсетеді. Е.Алимханов [3, б.6] СК даярлықты үш бөлімге бөледі, олар: техникалық, техникалық-тактикалық және тактикалық, бұл қазақ күресінің техникасы мен тактикасының мәнділігін анықтауға мүмкіндік береді.

СК теориясы мен әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі – техникалық шеберлікті (ТШ) басқару және жетілдіру мәселесі [110, б.53]. Спортшы шеберлігінің бұкаралық жүйелілік-құрылымды тәсіл түрғысынан қарастырғанда біршама спорттық нәтижелерге қол жеткізу кезіндегі қимыл міндеттерін мақсатты-бағытты және тиімді шешуге арналған күрделі қимылдардың нақты, мамандандырылған жүйесі ретінде қарастырылады. Спортшы шеберлігінің негізгі жақтары балуанның техникалық мүмкіндігінің жүзеге асырушы фактор ретінде жекелей ерекшеліктерімен сәйкестендіріледі.

Көптеген зерттеулер ТӘ орындалуының тиімді құраламы айқындалуына, сондай-ақ, оның спорттық шеберлікке байланысты өзгеруіне арналған. Дегенмен, тиімді құрылым өздігінен спортшы шеберлігінің көрсеткіші бола

алмайды, өйткені ЖӘ жағдайында балуандар сол бір тәсілді жекелей ерекшеліктерін есепке ала отырып орындаиды, әрі осы жағдайда жоғары тиімділікке қол жеткізеді [3, б.6].

«Балуандардың ЖӘ арнайылығының мәні – ол шектеулі уақыт жағдайында, қарсыласының белсенді кедергісін жетілдірілген, қажетті дәрежеде автоматтандырылған және сонымен бірге таңдаулы дағдылы жағдайларда жеңе білу жағдайында жүреді» [111].

Жалпы ТД мақсаты – жалпы қымылтәжірибесі ауқымын кеңейту және жалпы, бағдарлану қабілеттерін, сондай-ақ арнайы бағдарлану қабілеттерін және СК ТӘ меунгеруге арналған арнайы ТД ауқымын кеңейту [37, б. 44].

ТД салыстырмалы түрде дербес кезеңдердің біршама көп санына бөлу техникалық жетілдірілудің міндеттерін, құралдары мен әдістерін нақтылауға мүмкіндік береді [112, 113].

ОЖҮ қарқының арттыруға бағыттылыққа байланысты оның дene сапалары дауына әсері белгілі [114], бірақ ОЖҮ қарқының арттырудың балуанның ТД әсері зерттелінбекен күйде қалып отыр. Спортшылардың жарыстың түрлі кезеңдеріндегі даярлығын жетілдіру басты болып табылады, өйткені ол балуанның жетілдірілуге деген соңғы буыны болып табылады [115].

ТД – спортшының берілген күрес түріне сай келетін, жоғары спортың нәтижелерге қол жеткізуге арналған қымылдар жүйесін менгеру деңгейі. ТД жекелей қарастыруға болмайды, тек қана техникалық шешімдер спортшының денелік, психикалық, тактикалық мүмкіндіктерімен тығыз байланысты бүтіндей бірлестіктің құрамды бөлімі ретінде ғана қарастыру болады [116, 117].

Тактикалық әрекеттер ТӘ (тәсілдер, қарсы тәсілдер, қорғаныстар) нақты тактикалық мәнмен орындалуымен ерекшеленеді. Тактикалық әрекеттер, негізінен қарсыластың қымылдарын алдын-алуға есептелген алдамшы қымылдар мен басқа да амалдар. Егер қымылдар айқындалған нақты мәнмен орындалса, олар негізінен нақты тактикалық мәнді болып есептелінеді, егер де мұндай мән болмаса техникалық болып танылады [37, б. 44].

Балуанның әрбір, әсіресе шабуылдау әрекетінде техника тактикамен бірлесіп кетеді, өйткені соларда алдын-ала автоматизмге дейін жеткізілген жекелей операциялары өз мәніне еніп, қарсыласының ерекшеліктеріне байланысты тактикалық сипатқа иеленеді [119]. ТӘ көптүрлілігі және қарсыластық барысында тұрақты түрде пайда болатын мүмкін шиеленісті жағдайлардың болуы мүмкін көп мөшері олардың әрекет ерекшеліктерін және жетілдірілу үдерісі әрекеттерін анықтайды. Мұндай жағдайларда балуан туындаған жағдайды тез бағалай біліп, оларға нақты және тиімді әрекеттерімен жауап беруі қажет, бұл өз кезегінде қымыл дағдыларына көптеген түрлі тосын жағдайлар туындағаннаның өзінде нәтиже тұрақтылығын сақтап қалу түріндегі негізгі талаптар қояды.

Тактикалық даярлық құрылымында А.М. Мамытов [120] тактикалық білімдер, біліктіліктер, дағдылар сияқты түсініктерді айқындалап көрсетеді. В.В.Медведев [121], G.Feck [122], D.Martin [123] тактикалық ойларды атап көрсетеді, ол спортшының СӘ барысында ойлануы уақыт тапшылығы мен

психикалық ширығу жағдайларында нақты тактикалық міндеттерді шешуге бағдарланады.

Спортшылардың тактикалық даярлық деңгейі олардың спорттық тактика құралдарын (техникалық тәсілдер мен олардың орындалу жолдары), оның түрлерін (шабуылдау, қорғану, қарсышабуыл) және нұсқаларын (жекелей, топты, командалық) менгеруге байланысты.

Спорт теориясында «спорттық тактика» түсінігінің анықтамасы «бірегей емес» ретінде қарастырылады. Бұл мәселенің зерттелу күрделігімен байланысты. Тактикада нақты өлшемді нәтиже болмайды. ТӘ көрсеткіштері секундтармен, метрлермен, килограммдармен өлшенуі мүмкін. Көптеген үдерістер сырттай қабылдау мен бақылаудан жасырын болады [124].

Ұзақ жылдар бойы тактикға «спорттық қүресті жүргізу өнері» ретінде анықтама беріліп келді [120, б.55]. Бұл анықтама спортшы даярлығының барлық жақтарын, бүтіндей оның шеберлік деңгейі айқындалуын анықтайды. Бұл ақпарат алу мен оған сараптама жүргізу, шешім қабылдау, қымыл сапалары мен функционалды даярлықтың айқындалу деңгейі, жарыс барысында өзінің күшін біркелкі бөліп, қымылдарын басқара білу қабілеті, өз іс-әрекетнің түзетулер енгізіп, қарсыласының күйіне әсер ете білу, топтық және командалық өзара байланыстарды жетілдіру және т.б. сияқты мәліметтерден құралатын кең ауқымды білім. Спорт түрлерінде тактикаға оны ЖӘ тактикасымен, спортшының тактикалық шеберлігімен, тактикалық ойлау қабілетімен, тактикалық іс-әрекетімен және техникасымен байланыстыра отырып, ЖӘ жекелей-құрамдас бөлімдерін анықтамай отырып, жан-жақтылық сипаттама береді. [108, б.53; 124, б.55]. Сонымен бірге, кез келген шабуылды спорттық деп атауға болмайды, өйткені оның жүзеге асырылуы барысында спорттық арнайы міндеттер шешілмейді және осы міндеттерді шешудің мамандандырылған құралдары қолданылмайды.

Тактика ТӘ, сондай-ақ, балуанның денелік, моральдық-ерікті қасиеттерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді. СК тактикасы алда орындалатын тәсілдердің (тәсіл тактикасы), ұсатасуларды жүргізу (ұсатсау тактикасы) және бүтіндей бір жарыстың (жарыс тактикасы) өзіндік сценариі болып табылады. Тактиканы құра білу қағидаттарын білу, қажетті құралдарды және мақсатқа қол жеткізу жолдарын дұрыс таңдай білу спорттық шеберліктің ажырамас құрамдас бөлімі болып табылады [125].

Бірқатар мамандар тактиканың шабуылдау, қарсышабуыл, қорғаныс, үйлесімді сияқты төрт түрін бөліп көрсетеді [126]. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде СК бойынша тактика мәселелерін қарастыру көптүрлілігі тактиканың негізгі түрлерін анықтауға мүмкіндік береді: шабуылдау, ізге түсу, белсенді қорғаныс, қарсы күрес, қорғаныс [127].

Күрес тактикасы – дегеніміз нақты амалдарды жүзеге асыру амалдары, жекелей жекпе-жекті жүргізу тәсілідері, жалпы жарысты жүргізу тәсілдері. Ол жекелей іс-шараларды әрекет құрылымында нақты реттілікпен, жекелей әрекеттерді жекпе-жек құрылымында немесе жарыс құрылымындағы жекелей

іс-әрекетті кешендерді орындауда және түпкі мақсатқа аздаған кідірістермен жеткізеді [39, б. 44].

«Негізгі жарыстық жаттығулардың құрамы мен құрылымын жетілдіру – ТӘ спортшыдан жарыстарды қимыл мүмкіндіктерін қолдануда ұтымды шешімдері қабылдауын және немесе бір іс-әрекет сипатын нақтылауды талап ететін жалғыз мақсат» [124, б.55].

Арнайы әдебиеттерде спортшының түрлі шиеленісті жағдайларда дұрыс шешім қабылдап, оны жүзеге асыруының заңдылықтарын айқындаумен байланысты міндеттер жиынтығы соңғы уақыттарға дейін тактика мәселелері ретінде қарастырылады [128], дегенмен бұл жерде іс-әрекеттің объективті және субъективті өзара әсерімен және құрамды қозғалмалы құрылыммен байланысты психологиялық жайт та да бар [129].

ТӘ психикалық және қимыл элементтерінің өзара байланысы тікелей бағдарланудан атқарушылық қызметке көшken кезде байқалады [130]. Бірақ, адам іс-әрекетінің басқа да көптеген түрлерінен айырмашылығы, жекпе-жектерде бұл әрекеттер бір атқарушылық қызмет барысында бірлескен болып келеді, жиі басқаға деген бағдарланулар жүзеге асырылады. Мұндай «бірлестірілу» жекпе-жектердің психологиялық-тактикалық қызметінің басты арнайылығын анықтайды [111, б.54].

СК, соның ішінде «қазақ құресінде» келіп түсетін ақпаратты өндеу жылдамдығына, тез өзгеріп отыратын жайттарды бағалай білу қабілеттеріне, дұрыс шешім қабылдап және оны жүзеге асыруға жоғары талаптар қойылады. Мұның барлығы жоғары зияткерлік және ағзаның барлық жүйелерінің стресске қарсы тұра білу қабілеттерін талап етеді. Алдын болатын қаншалықты іс-әрекеттер нақты болмаса, соншалықты жарыстық жекпе-жектің онтайлы соңындағы тактиканың рөлі жоғары болады және жекпе-жектің түрлі динамикалық жағдайларында ТТӘ қалыптастыру маңыздылығы артады.

Көріп отырғанымыздай, құрес тактикасының жіктемесі СК даярлық сапасын арттыруға арналған зерттеуді, шешуді, нақтылауды және жетілдірілуді талап етеді [131]. СК тактикасының жіктемесін жасауға арналған барлық бастапқы, негізгі, қосалқы ТӘ ескерілген ТӘ бірегей жіктесемін құру кезіндегі түрлі жүйелердегі құрылымды жағдайлар туралы жалпы қағидаттар тәжірибесін қолдану қажет [44, б.45; 95, б.50].

Жарыстардағы іс-әрекет тактикасының мәселесі, өз күшін белдесуге дейін және тіпті жарысқа дейін үнемдеп қалу техникалық құралдардың қолданылуу тактикасы мәселелерімен астарласып жатады. Ю.А.Шуликаның [132] пікірі бойынша бұл көпжылдық циклдегі даярлық стратегиясына және өнер көрсетулерге, күнтізбелік жылға, жекелей жарыстарға қатысты. Алғашқы түсініктер тактикасы - жіктемесінен шығу, ал соңғыларына – жекпе-жектің соңғы нәтижесіне қосалқы әсер ете алатын психологиялық қарым-қатынастар жатады. Оларды оқшауланған бөлімге – спортшының жарыстардағы өзін өзі алып жүруіне жатықузыға болады. СК тактикасы жіктемесінің болуы спортшылардың көпжылдық даярлық ОЖД біркелкі ұйымдастыруға мүмкіндік береді, онда қарастырылатын мәселелер:

- негізdemelі ТД - ТӘ жасанды үлгілер негізінде, ыңғайлы динамикалық жағдайларда және нақты жағдайларды, бастапқы күйлерді, ұтасуларды, ТӘ жасаудағы зерттеулер мен жетілдірулер;

- жекелендірілген ТД – жекелей мәнерді айқындау және оның құралдары мен ОЖС әдістемесіне сәйкестігі, қарсыластарымен жарыстық жекпе-жектерді жүргізуін түрлі мәнерлерін қолдана отырып күресу;

- ұзақ уақытты ТТД бағдарламасын жасау;

- ТШ қалыптасуын бақылау жүйесі.

А.И. Кakenova [8, с.6] еңбектерінде басымдылық көрсету, құбылмалылық жолдармен жекпе-жекті жүргізу тәсілдері туралы түсініктеп мәні айқындалады және біршама таралған ТӘ жүргізу кезінде ТӘ қолдану, қресті жүргізу және жарыстарды өткізу шабуылды іс-әрекет және белсенді қорғану, түрлі салмақты-бойлы индекс пен денелік сапалары бар қарсыластармен күреске түсу тәсілдері бойынша ұсыныстар, сондай-ақ, өзінің психикалық күйі көрсетілген.

Балуандардың ТТӘ жататындар: барлау, шабуылдау, қарсышабуылға шығу, күшін қалпына келтіру, басымдылықты ұстап тұру және т.б. Іс-әрекеттің басты ерекше қасиеті – оның мақсатқа тәуелділігі. Бұдан басқа, шабуыл іс-әрекеттері, қорғаныстар мен қарсы шабуылдар сәйкес ТӘ біршама курделі құрылымымен ерекшеленеді. Жекелей алғанда, оларға алдын-ала мақсатты аярлық (қандай да бір тәсілмен) тәсілді қолдануға ыңғайлы жағдайлар. Ал жалпы алғанда, тәсілдер қателіктер жіберілгенде және аяқ астынан пайда болған ыңғайлы жағдайларда қолданылады [39, б. 44].

Балуандардың ТТД базалық тактика; стратегия мен тактиканың стратегиялық, жедел, тактикалық деңгейлері; бағдарламалы (тұзусызықты, жасырын), белдесулерды жүргізуінде ситуациялы (белсенді, сылбыр) топтары мазмұны айқындалып көрсетіледі [130, б.35]. Жоғары білікті балуандардың шабуылдау қызметтерінің ТӘ орындау кезінде В.Г. Олейник [133] шапшаңдықты, күшті, техникалық-тактикалық ерекшеліктерін айқындаپ көрсетті.

Спорттық қрестегі ТТШ - ауытқыту факторлары жағдайындағы мәнді міндеттерді шешуге арналған өзара байланысты үдерістердің (балуанмне оның қарсыласының іс-әрекеттері, сыртқы әсерлер және т.б.) күрделі жүйесі» [110].

Жекпе-жек барысында қалыптасатын барлық негізгі күйлерде күресе алу мүмкіндігі – балуанның керемет техникалық-тактикалық үлгісі.

Жекпе-жектің міндеттерін дұрыс шешу міндеттері балуанды жасытып, жоғары спорттық жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігіне күмәндандырады [134]. Балуандардың ТТД көрсеткіштерінің бірі – олардың мүмкіндіктерінде іс-әрекеттердің түрлі жиынтықтары (алгоритмдердің, үйлесімділіктердің, байланыстардың және т.б.) болады. Жоғары спорттық шеберлік мәнінің арасында ерекше орынды жекпе-жек барысында жүзеге асырылатын іс-әрекеттер алгоритмі алады. Спортшы қарсыласын қарсы жеңіске аз күш жұмсай отырып жеткізетін іс-әрекеттер реттілігі бойынша тығырыққа тірейді.

Балуанның ТТД - шеберлік деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Тек қана ТТӘ көмегімен нақты нәтижеге қол жеткізуге болады [92, б. 50].

Балуанның ТТД ТӘ жетілдірілуімен және олармен жаңа үйлесімділіктерді менгерумен тасымалданады, күрделендіріледі [39, б.44]. ОЖД бағытты жетілдіруді ТТӘ даярлықтың әрбір жас кезеңінде немесе даярлық кезеңінде спорттық нәтижеге мейлінше көп үлес қосатын жақтарын қатысты жүргізілуі қажет. Сондықтан даярлықтың берілген саласына СК шұғылданудың алғашқы жылдарынан бастап көбірек көңіл бөлу керек [135].

Қазіргі уақытта спорт саласында туындаған жағдайға қарамастан, спорт саласында спорттық даярлықтың жалпы теориясы спорт түрлерінен даярлықтың теориясымен және әдістемесімен қатар спорттық ғылымда басты ұстанымды иеленіп отыр. Сонымен қатар, спорттың танымалдылығының артуы және жарыстардағы бәсекелестіктің күрт өсуі, жетістіктердің үзбей жаңартылып отыруы спорттық даярлық жүйесінің ғылыми-әдістемелік ережелерін ары қарай жетілдіру қажеттігін, ғылыми-жаттығу үдерісі жетістіктерінің тәжірибеге кеңінен енгізілуін, ғылыми зерттеулердің және алдыңғы қатарлы практикалық тәжірибелердің жан-жақты, сенімді нәтижелерін анықтайды [62, б.46; 70, б.46; 96, б.50; 136; 135].

Балуандардың спорттық даярлығын детілдіруге қымыл дағдысы қалыптасқаннан бастап барлық іс-әрекет бойы жалғасатын ТТӘ ары қарайғы бекінуінің кезеңі тән [96, б. 50; 138]. Бұл жерде ТТӘ менгеру ТТӘ СК түрлі жағдайларында қолдануға болатындай деңгейге жеткізілуі қажет [18, б.23; 139, 140, 141].

Күрес түрлеріндегі спорттық жетістіктердің жоғары деңгейін жиі ОЖҮ басқару жүйесін жетілдірумен байланыстырады. Дегенмен, осы жүзеге асырылатын өлшемдер уақыт өте өзгереді. Откен жылдары жоғары жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігі даярлық үдерістерін қарқындандырумен байланысты болды, ал қазіргі уақытта – көпжылдық ТД түрлі кезеңдеріндегі жекелей қорларды максималды жүзеге асыру негізінде ОЖҮ түрлі құрамdas бөлімдерін жетілдіру [61, б. 45]. Балуандарды даярлау жүйесі – көпфакторлы құбылыс және техникалық-тактикалық жетілдірілу көбіне бірқатар көрсеткіштермен анықталады:

- жаттықтыру қызметін ТСТ спорттық кедергілердің үлгісін жасау негізінде жетілдірумен;
- ДД тиімді құралдары мен әдістерін деңсаулықты нығайту міндеттерін шешу, және спорттық шеберлікті арттыруды шешу кезіндегі ізденістермен;
- даярлықтың тиімді бағдарламаларын жасау;
- негіздемелі теориялық-әдістемелік және дүниетанымдылық даярлықты, заманау экономикалық түрғыдан ойланудың, басқару және ұйымдастырушылық жұмыс дағдыларымен, заманауи аппратураны өз қызметінде қоланудың алдыңғықатарлы әдістерін, жоғары жалпы мәдениетті менгерген жоғарықасіби жаттықтырушы мамандардың болуымен;
- тәрбиелік жұмыстың түрлері мен әдістерін іздестірумен;
- материалдық-техникалық базаның (МТБ) (залдардың, арнайы құрал-жабдықтардың, тренажерлардың) болуымен;

- спортшылардың ДД және спорттық шеберлігін жетілдіруі бойынша өзіндік жұмыс тиімділігін арттыруымен; [111 б.54; 140].

«ЖӘ заманауи жағдайларында балуандардың ТТД жетілдірудің тиімдікүралдары мен әдістерінің маңызы артып келеді. Бұл жерде ұсынылып отырған әдістемелердің ғылыми және тәжірибелі маңыздылығы ең алдымен, олардың күрес кілеміндегі жекпе-жек барысында жүзеге асырылатын қурделі және заннамалы үдерістердің нақты айқындай білуімен анықталады» [97, б.50].

«Балуандарды даярлаудың мәнді кемшіліктегінің бірі – спортшылардың ТТШ жетілдіру кезінде жаттықтыру құралдары мен әдістерін таңдау негізdemелігінің нашарлығы. Жетілдіру бағытының бірі ретінде қолдағы бар барлық жаттықтыру құралдарын мақсатты түрде жүйелендіру, сондай -ақ, күрес тәсілдерінің ғылыми-негізdemелі рефлексивті техникалық-тактикалық кешендерін құру ұсынылады» [75, б. 47].

Дағдыларды жетілдіру құралдары мен әдістерін таңдауға кірісерден арлын нақты міндетті анықтап алу қажет. Техникалық жетілдірдің біршама қарапайым міндеті – қимылдарды басқару жүйесінің құрылымын өзгерте білу, яғни қимыл міндетін тек қана реактивті вариативтік негізінде жүзеге асыру. Бірақ, берілген міндеттің қарапайымдылығы туралы айта отырып, қимылдарды басқарудың қимыл міндеттерін орындау қарапайымдығы емес, қимылдарды басқарудың тек салыстырмалы түрде қарапайымдылығы қарастырылады. Қурделі нақты динамикалық жағдайларда қимыл міндеттерін орындаудың үнемділігі мен тиімділігі түрғысына алғанда бұл жол үлкен денелік күштенуді талап ететін ең қын жолы болып табылады [44, б. 45].

Техникалық-тактикалық жетілдіру ретінде қосалқы және арнайы-даярлықты, ойынды, жарысты және т.б. сияқты түрлі жаттығулар қолданылады [53, б. 45; 137, б.59; 143, 144]. Қолданылатын жаттығулардың әрқайсысы біруақытта бір емес, бірнеше міндеттерді шеше алады, атап айтқанда: ТТӘ жетілдіру, психологиялық даярлық деңгейін арттыру [129, б.57; 136, б.59; 143, 145, 146].

Қазақ күресінен спорттық даярлық құрылымының бастапқы элементі ретінде жаттығулар емес, жаттықтыру тапсырмасы қарастырылады [18, б.27], Жаттықтыру тапсырмасы деп нақты педагогикалық міндетті шешуге мүмкіндік беретін оларды орындауға қажетті барлық жағдайлармен қарастырылатын ДЖ айтады. СК шабулыдаушы ТТӘ [147, б.60], қорғану ТТӘ [147, б.60], қарсы шабуыл іс-әрекеттері [100, б.51]. іс-әрекеттерді үйретуге және жетілдіруге арналған жаттықтыру тапсырмалары жасалған.

Балуандардың СК ОЖҮ жетілдіру, ТТД тиімділігін арттыру мақсатында СК диагностикалық сараптамасы негізінде бағдарламалы үйрету қағидаттары қолданылады [148].

Балуандарды даярлау жүйесі – көпфакторлы жүйе. И.Д. Свищев жүйесі [53, с.45] ТТД жетілдірудің ғылымизерттеудің бірқатар жолдарын айқындал береді:

1. Түрлі жастағы (жастар, ересектер) балуандардың және жарыстардың түрлі білікті жеңімпаздары мен аутсайдерлерін ТТШ жетілдіруге бейімділіктерді айқындау.

2. Кезектестірілу заңдылықтары есепке алынатын белсенді (эпизодтар) және сылбыр (үзілістер) үзілістерден тұратын жарыстық жекпе-жектің үлгісін күру [141, б.59].

3. Балуандардың шабуылдау іс-әрекеттерін (Ш) жүрек соғу жиілігіне (ЖСЖ) байланысты тиімді орындау заңдылықтарын айқындау.

4. Балуандардың жекпе-жектегі ойлау қабілеттерін ұйымдастырудың теориялық негіздемесі [149, 150].

5. Спортшы миының функционалды күйінің өзгерістерін стандартты жекпе-жек жүргізілгеннен кейін айқындау.

СК жарыстарға даярлық пен қатысу диалектикалық бірлестікте және қарама-қайшылықта қарастырылады, СӘ тұтас құрамдас бөлімі және оның дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, бірқатар мамандар [80, с.49; 120, с.55] СК-ң ТТД ерекшеліктері мен оларға қойылатын талаптарды және СК жарыс ережелерінің өзгеру басымдылығын айқындайтын курестің «спорттық қарама-қайшылық үлгісін» ұсынады, осыған орай балуан міндетті жайттар:

- сенімді қорғанысты және қарсы шабуылды іс әрекеттері бар ТТӘ кең ауқымын менгеруі қажет;

- стандартты жағдайларды жүзеге асыра білуді менгеруі қажет;

- белдесулерді тосын жағдайларда жоғары функционалды деңгейде орындаі білуі қажет;

- қарсыласына 15-25 сек. үзіліспен шабуыл жасау;

- кілемнің біршама ауқымын иелену мақсатында белсенді күрес тактикасын менгеруі қажет;

- белсенді қимыл есебінен қарсыласын қапсыра ұстап, тығырыққа тірек отырып, басымдылығын тактикалық тұрғыдан бекіте білуі керек;

- бақылау және жарыстық белдесулерді жүргізу кезінде жеңіс мүмкіндігін жүзеге асыра білуі керек:

а) даярлығы төмен атлетті қарсыласын ұпайсыз қалдыра отырып, таза техникалық жеңу;

б) күшті қарсыласына балмен басымдылық көрсету;

- міндетті түрде белдесуді күшті басымдылықпен (жаттықтыруларда да) аяқтау [46, б. 45].

«Спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру үйретудің және СЖ біршама алдыңғы қатарлы тәжірибесін қолдана білумен айқындалады, әрі тек қана өз спорт түрінде емес, ұқсас спорт түрлерінде де. Қарым-қатынастың кең мүмкіндіктерінің, коммуникация және ақпараттандыру құралдарының арқасында СЖ әдістерінің «құпиялары» мен әдістеріне деген қызығушылық артып келеді» [43, б. 45].

Балуандардың ТТД негізгі жолдары төмендегідей:

- негізгі қарсыласымен белдесулерде өзіне ұнамды тәсілдерді тиімді қолдануға арналған тактикалық даярлықтың үлгісін құру және жетілдіру;
- белсендіжаппай құрес дағдыларын, дененің тепе-тендігін бұзу және нәтижелі ТӘ орындауға арналған жағымды динамикалық жағдайларды жасау;
- құрес дағдыларын қатаң қысым көрсете отырып және қарсыласын кілемнің бойымен қуа жүріп, тығыз белдесудегі құрес дағдыларын жетілдіру;
- қорғаныс сенімділігін (ҚС) арттыру;
- қолданылуы нәтижесінде таза жеңіске қол жеткізілетін ТӘ жетілдіру;
- белдесудің біршама агрессивті белсенді бастамасын жетілдіру;
- стандартты жағдайларды қолданудың тиімділігі мен сенімділігін арттыру;
- белдесу барысында басмыдылықты ұстап тұрудың біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру;
- белдесу кезінде құшті дұрыс бөле білуді жетілдіру [1, б.6; 5, б.6; 29, б.43; 44, б.45; 51, б.45; 108, б.55].

Соңғы міндетті шешуге ОЖС бағдарламасына нақты бағытталған айналымды жаттықтыруларын енгіздірілуіне ықпал етуі мүмкін [49, б.45; 151].

Балуандардың ҚБ тиімділігін арттыру мақсатында даярлық барысында жекпе-жектің түрлі жағдайларындағы стандартты аралық ережелер ретінде іс-әрекетінің үлгісін құру тиімді. Олардың біршама тиімділері – БҚ жетілдірудің мақсатты бағдарламалары [48, б.45].

Спортшыларға арналған ШТӘ жетілдіру технологиясының қағидаттарын жасау қазақ құресі дамуының заманауи ұстанымдарына сай болуы керек. Оның іс-жүзінде жүзеге асырылуы СЖ әдістемесі құрылуының қалыптасуындағы, СК сенімділігі мен нәтижелілігі, қарсыластың қедергісін жоғарлатуды есепке ала отырып құрылуы қажет тапсырмалар жүйесі арттырылуында; тынығу уақыты қысқартылып, физиологиялық жүктеме қарқындылығы арттырылуында; балуандардың бастапқы және аралық өзара орындары күрделенуінде; түрлі ЖҰ динамикалық жайттар туыннатуында; дene түркы, арақашықтықты, бағыттылықты, қамтамасыз ететін түрлі анатомиялық-морфологиялық, денелік және психологиялық ерекшеліктері бар серіктестерді дұрыс таңдай білу қағидаттарын таңдай білуінде; қарсыласын тепе-тендіктен шығарып, белдесу орындалуының нақтылығын жасауда; бұлшық еттердің босаңсуы мен ширығуы деңгейі айқындалуында; жекпе-жекті үлгілі түрде үйимдастыра білуінде; жағдайғы сай ойдана біліп, қарсыласының іс-әрекетін болжай білуі үлкен маңыздылықты айқындады [154].

Бұдан басқа, қүрестің ТТӘ тиімділігі спортшының жекпе-жек барысында тез, әрі уақыттылы біліктілігіне байланысты, бұл жерде табандар орналасуының күйін, тірек алаңына қатысты ауыртпалықтың жалпы орталығы ауыстырлуын, қарсыласының берілген іс-әрекетке қатысу көлемін, әрі түрлі жағдайларды анықтай білуінде [29, б.43; 46, б.45].

И.П.Ратов [155] «жасанды басқару ортасы» жоспарын жасады. Спорттың даярлық жағдайында спортшыға жасанды жасалған жағдайда арнайы тренажерлық стенд көмегімен оған арналған рекордты тәртіpte негізгі

жарыстық қымылдарды орындау және осымен «қымылды келешекке» ену мүмкіндігі беріледі. Қажетті көлемде жаттығуды қайталау спортшының қымыл-қозғалыс мүмкіндігін кеңейтуге және жаңа біршама жетілдірілген техниканы қалыптастырғуа мүмкіндік береді [156, 157].

Еңбек өнімділігінен қорлар өнімділігін арттыруға көшу үдерісі байқалады [158]. Спорттық даярлыққа қатысты жаттықтыру және жарыстық жүктемелердің негізгі өлшемдерін (еңбек өнімділігін) үзбей арттырудан даярлықтың нақты жағдайларында, оның жаттығудантыс және жарыстантыс факторларын тиімді қолданудың нақты жағдайларында әрбір спортшының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін біршама толыққанды жүзеге асыруға ауысу туралы айтуға болады [11, б.12]. Бұл жоспарда «танып білу» феномені жүзеге асырылуы қажет [159]. Бұл жағдайда берілетін жүктемелердің спортшылар ағзасының тұқымкуалай нақты спорттық—қымыл іс-әрекетке, жаттыққандық деңгейіне, қазіргі күйге, бағытын бекіте отырып, даярлығын жағдайларына, және олардың жекелендірілуінің қафиадаттары, көрсеткіштері факторлары сияқты бірқатар жайттарға бейімділігіне сәйкес келуі түсіндіріледі [136, б.59].

Спортшылардың даярлық тәртібіндегі шектен тыс эксперименталды жаттықтыру жүктемелері – келеңсіз жайт болып табылады. СЖ мұндай тәсілі адам табигатына, физиология заңдарына кері келеді [160]. Спортшылар жоғары нәтижелерге біршама төмен дene жүктемелерінде де қол жеткізіп жүрді. Бұл жетілдірілу жүктеме сипатының шұғылданушылардың жекелей-психологиялық жүктемелер сипатына максималды сәйкестігі арқасында жүзеге асырылады [61, б. 45].

Спорттық, техникалық-тактикалық даярлық үдерісін жетілдірудің нәтижелі бағыттарының бірі – спортшылар ағзасының берілетін жүктемелердің жекелей мүмкіндіктеріне және оның орындалу жағдайларына сәйкестігін қарастырады [106, б.52; 159].

Әрбір адамның бойында оның жекелей келбетін айнқтайтын физиологилық-биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктердің үйлесімділігі болады. Балуандар бір-бірінен дene тұрқымен, ағзасының, оның мүшелерінің, мүшелер жүйесінің, үлпаларының және жасушаларының жекелей реакцияларымен ерекшеленеді. Ағзасындағы психикалық үдерістер мен қызметтердің жүру ерекшеліктері, жеке тұлғаның қаситтері мен темпераментінде көптеген ерекшеліктер болады. Мұның барлығы спорттық даярлықты қатаң түрде жекелей жүргізуі міндеттейді. Адамның бар мүмкіндіктерін, оның барлық жекебасылық қорларын біршама тиімді құралдар мен әдістерді, жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып дербес мөлшерлі тәсілдерді қолдану – спорттық даярлық дербестендірудің басты мақсаты [96, б.50].

Дербестендірудің негізін спортшылардың көпжылдық даярлықтың түрлі құрылымдарында жаттықтыру мен жарыстық жүктемелерді орындауы кезінде ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу мен жүзеге асыру құрайды [96, б.50; 137, б.59; 6; 139, б.59]. Спортшыларды даярлау бағдарламасына негіздеме беру мен оны құру көбіне бүгінгі күні берілетін жүктемелердің ең жоғары

мөлшерін орындау ғана емес, бағдарланылған ҚӘ және жедел, кешіктірілген және шешімді (тұрақты және ұзақ уақытты) сипаттарын алуға арналған болуы қажет [114, б.54]. Жаттықтыру жүктемелерінің жинақты қолемінің шектелуі, оның жетілдірілуі, физиологиялық факторларының есепке алынуы, шектеуші ғана емес, сонымен бірге СЖ әдістерін таңдау басымдылығын да ұмытпаған жөн [160].

Спорттық жетістіктер өсімінің келешегі нақты бір спортшының ерекшеліктеріне сай көпжылдық даярлық нұсқаларының жүзеге асырылуымен байланысты [161]. Жоғары жетістіктерге тек қасиеттерімен және қабілеттерімен ерекшелентін жеке тұлғалар ғана қол жеткізеді. Әрбір спортшының мүмкіндігін анықтау қажет, бұл қаншалықты нақты және уақытылы жүргізілсе, соншалықты спорттық нәтиже жоғары болып, тұрақтырақ болады [162, 163, 164].

Спортшылардың қандай да бір бөлігі жоғары жетістіктерге қол жеткізуға тек жас кезеңінде қабілетті. Бұл қарқынды даярлықтан емес, спортшылардың өздерінің баар мүмкіндіктерін (немесе оған жақын) жастық кезеңде жүзеге асыруға талпынуымен байланысты даму ерекшеліктеріне байланысты деген түсінік кеңінен тарапған.

Әрбір спортшының физиологиялық жетілуін жедел болжау маңызды мәселе, өйткені оның нәтижелері мүмкіндіктердің жүзеге асыруына жағымдай жағдай туыннатады, жастар спорты таланттарын айқындауға мүмкіндік береді, олармен, бай мүмкіндіктері біршама ересек жаста кеңінен ашылуы мүмкін болғандықтан шыдамды түрде жұмыс жүргізе біледі. Спортшылардың бір бөлімінің халықаралық жастар жарыстарына мақсатты-бағытты даярлыққа бағдарлау басымдылығын қамтамасыз ететін, ал екіншісін – ересектер арасындағы ірі жарыстарға даярлауды қамтамасыз ететін ұйымдастырулы шешімдер де маңызды [162, б.64].

Спортшы мүмкіндіктерінің ауқымы оның субъективті сипаттамасына, іс-әрекетінің жекебастық мәнеріне, біліктілігіне, жастық және жыныстық, әлеуметтік-психологиялық, және жекебастық-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Мұндай шектеулер салыстырмалы сипатты болып келеді және әлеуметтік жасалым болып табылады. Басқаша жағдайда жарыс жағдайларын жетілдіру үдерістерін жүзеге асыру және спорттық қызметтің денелік, техникалық, тактикалық және психологиялық салаларын жүзеге асыру мүмкіндігі шектелер еді. [160, б.64]. Мамандар спорттық даярлықты және спортшылардың жекелей жаттығу жүктемелерін біршама тиімді бақылауға, даярлықтың техника-тактикалық және басқа бөлімдерінің жетілдірілуінің бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін бақылау ізденістерін ары қарай жүргізудің қажеттілігін атап көрсетеді [34, б.43; 59, б.45; 60, б.45; 165; 166; 167].

### **2.3 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесі (ұлгісі)**

Спорт теориясында күрделі-бағдарлы, ситуациялы және психикалық-стрессті спорт түрлерінде бірінші орында жастық сала бойынша оған тән ұлғаюмен ретті, функционалды жүктемелердің арттырылуымен байланысты ТТД бірінші орында тұр [75, б. 47].

Қазақ күресі СК теориясы мен әдістемесінің біршама өзекті мәселесінің бірі – ТТШ жетілдіру үдерісін басқару мәселесі. Спортшы шеберлігінің бұл жағы жүйелі-құрылымды тәсіл тұрғысынан алғанда жоғары спорттық нәтижелерде қимыл-қозагалыстарды орындауда мүмкін күрделі қимылдардың нақты, мамандандырылған жүйесі ретінде қарастырылады.

Спорттағы ТТШ, әсіресе ҰСТ спортшының табысты қызметінің шешуші факторы болып табылады. Күресте біршама сенімді және төрешілер жоғары бағалайтын әдістің орындалу техникасы тиімді болып есептелінеді. Балуандардың ТТШ, денелік және психологиялық даярлық нәтижелері, сондай-ақ шынығу деңгейі шоғырландырылады [101, б.51].

Мамандар жарыстағы маңызды қағидалардың бірін біріншілік пен жаттықтыру үдерісінің екіншілігін мәнді деп есептейді. Бұл қағиданың ОЖУ тиімділігін арттыру тек қана СӘ сараптама жүргізгенде ғана мәні болады деп есептелінеді.

Ғылыми-тәжірибелік әдістердің кеңінен тараған түрі ретінде спорттық шеберліктің құрамдас бөлімдерінің моделін (ұлгісін) жасау болып есептелінеді. Бұл жерде «болашақ спортшы моделі», «болашақ спортшының эвристикалық моделі» «спортшы моделі», «моделді қалыптастыру», «қүшті спортшылардың моделді қасиетін қалыптастыру ұлгісі» түсініктері қалыптасады 125, б.56; 152, б.63;168].

Спорт саласында «модель» дегеніміз – бұл нақты бір спорттық шеберлік деңгейінде болжамды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін түрлі өлшемдер жиынтығы. Оның құрамына кіретін жекелей көрсеткіштер моделді сипаттамалар ретінде қарастырылады [169].

«Модель» түсінігі тіпті бір оқу-ғылыми пәнінің ауқымында түрлі маңызға ие. Берілген түсінікті анықтайтын барлық терминдер латынның «модулюс» сөзінен тараған [70, б.46]. Модель дегеніміз бұл материалды немесе ойдан құрастырылған нысан, ол зерттеу барысында берілген зерттеуге тән қасиеттерін сақтай отырып, түпнұсқа нысанның орнын басады [170, 171].

Оз кезегінде моделдеу деп «қандай да бір құбылыстарды, үдерістерді немесе нысан жүйелерін олардың ұлгісін жасай отырып зерттеу; моделдерді қайта құрылған нысандардың қасиеттерін нақтылауда және тиімділігін артыруда қолдану» түсіндіріледі. Модельді жасау – танымдылық теориясының негізгі дәрежесінің бірі. Модельдеу идеясында ғылыми зерттеудің белгілі, абстрактілі модельдер қолданылатын теориялық және эксперименталды (пәнди моделдерді қолданатын) кез келген әдісі негізделеді [151, б.62].

Сонымен, «модельдеу» дегеніміз танымдылық нысандарын олардың ұлгісінде зерттеу; шынайы бар заттардың, құбылыстардың, үдерістердің (тірі

ағзалар мен олардың дамуының, инженерлік құрылымдардың, қоғамдық жүйелердің, түрлі үдерістердің) модельдерін қарастыру.

Адамды зерттеу кезінде «модель» деп статистикалық емес, динамикалық тәртіп үлгісін ағзаның дамуы мен қызмет етуінің үлгісі ретінде, үйрету, жаттықтыру және даярлау құбылыстарды айқындайтын құбылыс ретінде түсінген дұрыс. Модельдерді құру кезінде дамулықтың есебі қажеттігіне «спорттық қарама-қайшылық үлгісі» түсінігінің ғылыми, не тәжірибелік мәнін қарастыру кезінде салиқалы көңіл бөлінді [151, б.62].

Спорттық қызметте модельдеуді бірқатар жайттармен байланыстырады:

- спорттық даярлық үдерісін және жарыстарға қатысады анықтау мен нақтылау және жетілдіруге арналған модельдерді құрумен, зерттеумен және қолданумен [130, б.57];

- модельдерді жасау үдерісімен және оларды спорттық даярлықтың түрлі қасиеттерін анықтау және оның құрылымды бөлімдерін құрудың тиімді тәсілдері негізінде ТД тиімді басқарумен [109, б.53].

Модельдеу СЖ теориясында жаңа зерттеу әдісі және ТД құру маңыздылығының құрылымды мәні, оның уақыт және анықтамалы әдістемелік қағидалары бойынша жетілдіру негізінде қарастырылады [169, б.66].

Модельдер СЖ саласында бірқатар маңызды қызметтер атқарады:

- олар нысанның алмастырушысы ретінде модельдерге жүргізілетін зерттеулер осы нысан туралы қажетті мәліметтер бере алатындағы деңгейде қолданылады;

- модельдерді мақсатты-бағытты қолдану мәні – олардың салалас білімдерді жинақтау, түрлі үдерістердің және спорт саласындағы құбылыстардың заңды байланыстарын айқындау үшін пайдалылығымен сипатталады. Модельді түсінік және жүзеге асырылған модельдер ретінде қайта қарастырылған байланысты мән теориялық жинақтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- модельдер эксперименталды түрде жүргізілген ғылыми еңбектерді спорт педагогикасының практикалық саласына көшіруге маңызды ықпал етеді. Нәс осындағы рөлді іріктеу мен бағдарлау міндеттерін шешу кезіндегі модельдер, даярлық және ОЖУ құру кезіндегі СӘ модельдері атқарады [38, б.44].

Спортшыларды даярлаудың жалпы жүйесінің құрамдас түрлі бөлімдерінің модельді деңгейін анықтау, нақты бір кезеңдердегі мақсаттар ретінде мақсатты-бағыттылығын арттыра отырып, басқару үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді. Модельді сипаттамаларды қолданудың біршама кеңінен таралған тәсілі – шынайы қүй мен шеберліктің біршама жоғары деңгейін анықтайтын модельді қүйін салыстыру болып табылады. Салыстыру нәтижесінде айқындалған айырмашылықтар жаттықтыру әсерлерінің бағыттарын белгілеуге және берілген сәйкесіздіктерді жою бағдарламасын түзеуге мүмкіндік береді [120, б.55]. Сонымен, модельді қасиеттерге мақсат ретінде негіздеме беру оған сай мақсатқа қол жеткізу және қажет болған жағдайда жаттықтыру әсерлерін басқаруға түзетулер енгізуіндегі анықтайды.

Спорттық шеберліктің құрамдас бөліміне мақсатты-бағытты әсер ету үшін модельді сипаттамаларына бағдарлана отырып, ТД бағыттарын дұрыс анықтау маңызды. Мысалы, білікті балуандардың жаттығуын басқару тиімділігін арттыру үшін спортшылардың модельді мәндері мен жекелей көрсеткіштерінің арасындағы сәйкесіздік деңгейін анықтау ұсынылады. Бұл жерде сәйкесіздікті жоюдың екі негізгі тәсілі айқындалып көрсетіледі:

- оларды даярлықтың әлсіз жақтарына басым әсер ету жолымен абсолютті жою;
- шеберліктің басты құрамдас салаларын әлсіз жақтарын қажетті деңгейге дейін «тарту» кезінде ары қарай арттыруға негізделген.

Қазақ құресі спорттық құресінің ТТШ түзетулер енгізудің жекелей бағдарламаларын құру кезінде біршама маңызды болып келесі тәсіл айқындалды: даярлықтың басты қасиеттері мен салаларын қарқынды дамыту, қалып отырғандарын оңтайлы деңгейге дейін тартып жеткізу, ал аралық деңгейдегілерге – ұстап тұратын тәртіpte жетілдіру. Спортшылардың ТД түзетулер енгізу модельді қасиеттері мен нормативті көрсеткіштері бар жекелей мәліметтердің сәйкесіздігін жою ретінде қарастыру ұсынылады [64, б.46; 86, б.50].

СЖ түзетулердің жоғарыда ұсынылған бағыттары жаттықтыру және жарыстық жүктемелердің әсерінен туындаған мәселелі жағдайларды тұрақты шешілуі ретінде спортшылардың қүйі мен мінез-құлқын басқару туралы мәлімет береді. Бұл жерде модельдеуді басқару мақсаттарын және басқару нысанын алға қойылған мақсатқа сай жетілдіру жолдары қарастырылады. Бұл жерде әңгіме қандай да бір үдерісті танып білуге арналған жасанды модель туралы емес, табиғи модель туралы болып отыр [48, б.45].

Модельдеу барысыныда айқындалатындар:


- іздеу; танымды; модельдерді ойша және шынайы зерттеу нәтижелерінің, олардың білімнің жалпы жүйесіне қосылуының теориялық сараптамасы, олардың жалпы білім жүйесіне енгізілуі, жаттықтырудың және СЖ нақты модельнің жасау кезінде пайда болатын басқару міндеттерінің іс-жүзінде жүзеге асырылу жолдарын жасау кезеңдері;
- модель түрлері - жинақталған, топты және жекелей;
- ЖӘ деңгейлері, арнайы денелік ТТД, функционалды және психологиялық даярлық, морфологиялық ерекшеліктер, жасы мен еңбек өтілі;
- модельдеу әдістері – қажетті нормалардың, математикалық экстраполяциялардың сараптамалы бағалары [56, б. 45; 123, б.56; 125, б.56].

Ғылыми-әдістемелік материалдардың теориялық сараптамасы, қазақ құресіндегі ЖӘ ерекшеліктерін анықтау білікті балуандардың ТТД жетілдіру үдерісінің үлгісін жасауға мүмкіндік берді (сурет 2.1). Бұл үлгі – СӘ сипаттамасынан; даярлық әдістемесінен; үдерісті бақылау мен оған түзетулер енгізуден тұрады.

СӘ жарыс ережелерінің болжамды өзгерістерінің бөлімдерінен тұрады, бұл өзгерістер өз кезегінде ЖӘ жағдайындағы фактілі және жоспарлы ТТД

айқындаиды. Берілген бөлімдер білікті спортшылардың ТТД мазмұнын анықтайды және модельдің бірінші деңгейі болып табылады.

Әдістеме техникалық-тактикалық даярлықтың басқалармен, жылдық цикл құрылымындағы ТТД жоспарлау, ОЖС кешендерін қолдану сияқты даярлықтың басқа түрлерімен үйлесімділігін құрайды. Әдістеменің ерекшелігі – меншікті салмағы жылдық циклдегі ТД жалпы көлемінің 70% дейін жоғарылаған тиімді ТТӘ қалыптастыру бойынша ОЖС кешендері. Тапсырмалардың түрлі кешендері үйлесімділікті, көптүрлілікті, жарыстық белдесулердегі қорғаныс және жоғары бағаланатын шабуылдаушы ТТӘ сенімділігін жетілдіруге арналған. ОЖУтәсілдерді таза женіске қол жеткізуге, белсенді күрес жүргізуге, мықты белдесулерді жүзеге асыруға, қарсыласының тепе-теңдігін бұзуға, түрлі ТӘ, жарыстық жекпе-жектің даму барысын ескере отырып қорғану әрекеттерінің дағдыларын орындауға жағымды жағдайлар жасау үшін арналған жарыстық ТТӘ үйлесімділігімен жетілдіруге көбірек көңіл бөлу қажет (сурет 1).



Сурет 1 – Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығының педагогикалық жетілдіруі

Модель бөлімдерінің әрекеті ТТҮ үдерісін бақылау мен оған түзетулер енгізуі қарастырады. Модельдің құрылымды саласы модельдің негізгі бөлімдерінің тығыз өзара байланысы мен өзара әсері болып табылады. Модельді жүзеге асыру түрлі, жоғары бағалымды ТТӘ жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жарыстық белдесулердің нәтижелілігі мен көріністілігін арттырады.

ОЖҮ ең алдымен қазақ құресі СК бойынша жарыс ережелерімен, СЖ барлық көптүрлілігін қамтитын спорттық шеберліктің бейімделу зандарымен және жетілдірілуімен жүзеге асырылады. Ережесіз жарыс өткізуге болмайды, ал жарыс ережелерін білмей ТД болуы мүмкін емес. Жарыс ережелері қалыптастыру мен мазмұндылық негізі болып табылады [74, б.47].

Қазақ құресі федерациясы соңғы он жыл бойы жарыстық белдесулердің көріністілігі мен нәтижелілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Жарыс ережелерін жетілдіру тоқтаусыз жүргізілуде [101, б.51]. Балуандардың белдесулердің көріністілігін арттыратын шынайы іс-әрекеттердің өзгерістерімен қатар федерация осы жылдар ішінде бірқатар толықтырулар енгізді.

Федерация ұсынылған «балуанның заманауи жарыстық үлгісінде» балуанның шеберлігінің басқа жақтарына қатысты ДД басымдылығы байқалады. Заманауи ережелер спортшылардың қазақ құресі СК техникалық мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асырылуын жетілдірмейді, көріністілік спортшылардың қимыл-әрекеттерін жетілдіру жолымен арттырылады. СК техникалық әрекеттерін менгеру техникасы көптүрлілігінің қағидатты талантары көбіне құжаттамалы сипатта болады, өйткені техникалық көптүрлілік ете сирек жекпе-жекті жүргізу белсенделілігінің оң корреляциялы болып келеді. Іс жүзінде, жиі біршама белсенде балуан өзінің көптүрлі техникасы туралы ойланбайды, өзінің қарсыласын өзінің жеңіске жететін сенімділігімен тысқырта отырып, жеңіске жетеді [78, б.48]. Осында балуанның федерация талабына сай жарыстық моделінің кереғарлығы жатыр.

Білікті спортшылардың СК зерттеу көрсеткендей, балуанның шеберлігі оның жекпе-жекті жоғары қарқынмен жүргізу мүмкіндігімен және белсенде күрес жүргізе білуімен анықталады, ал бұл өз кезегінде ТТӘ қолдануының шектелуіне жеткізеді және адам мүмкіндігінің шегіне шыға отырып, функционалды қорларына жүктелуге итермелейді [89, б.50].

Осыны ескере отырып, жарыстық белдесулерді өсімді қарқын кезінде үдемелі денелік шаршau негізінде жүргізумен байланысты спортшының қимыл дағдысының уақытша кері автоматтандырылуы жүреді де, нәтижесінде ТТӘ орындалуында қындықтар туындауы мүмкін болады [56, б. 45].

Функционалды мүмкіндіктер дамуының жоғары деңгейіне қойылатын талаптар күштейтіледі, бұл көбіне динамикалық ширығулар тәртібіндегі шапшаңдықты-кушті даярлыққа, сондай-ақ күшті төзімділіктің арнайы төзімділіктің негізгі құрамдас бөлімі ретінде қарастырылуына қатысты болады [98, б.50].

Табысты өнер көрсетіп, жоғары нәтижелер көрсетеу үшін жарыс талаптарына сай болу қажет, ол дегеніміз жоғары қарқынды жекпе-жек өткізіп, тиімді ТӘ орындау. Біршама қарапайым және төмен бағаланатын ТТӘ деген басымдылық байқалады. Олар орындалуы бойынша біршама қарапайым болғандықтан, оларға аз күш пен қуат (денелік, психикалық) жұмсалады және олардың белдесулер бойы жүзеге асырылу мүмкіндігі айқындалады. Іс жүзінде У.Р.Эшби [174, б.66] еңбегіне негізделген курделі жүйелер теориясын жүзеге асыру олардың қарапайымданыратын жолдарын іздеу, жарыстың ТТӘ жетілдірілуі бойынша орындалады. Мықты балуандардың техникасы тиімді және түрлі болып отыр, ТТӘ сенім артуда. Мұндай балуандардың ТТӘ заманауи мүмкіндігі негізінен салыстырмалы түрде қарапайым және төмен бағаланатын тәсілдерден тұрады [4, б.6].

Спортшының бар даярлығы жарыстарда жоғары бәсекелестік, жоғары жауаптылық, үлкен эмоциялық ширығу жағдайында жүргізе білуге арналған [111, б.54]. Жарыс деңгейі қаншалықты жоғары болса, соншалықты жеңістің немесе «қателіктер» (жеңіліс) құны да жоғары болады. Балуан жоғары дәрежелі жарыстарға мақсатты-бағытты көпжылдар бойы дайындалытында ТТД, оның сенімділігі мен тиімділігіне келенсіз факторларға (төрешілердің дұрыс шешім қабылдамауы) жоғары талаптар қояды.

4 кестеде балуандардың көпжылдық даярлық кезеңдеріндегі бағаланатын жарыстық ТТӘ көлемі берілген. ОЖД бастапқы даярлық топтарынан спорттық жетілдірілу топтарына біртіндеп өтуі негізінде құрылған, ал шешуші кезеңі болып жоғары спорттық жетістік тобы болып есептелінеді. Бір топтан екінші топқа өту спорттық шеберлік деңгейімен тығыз байланысты жоғары дәрежені орындау кезінде жүзеге асырылады.

Көпжылдық даярлық келесі кезеңдерге бөлінеді, олар: бастапқы даярлық, алдын-ала базалық, мамандандырылған базалық, жекелей мүмкіндіктердің максималды жүзеге асырылуы, жетістіктерді сактап тұру [131, б.58].

Балуандардың көпжылдық даярлығы барысында ТТӘ қолданылу диамикасы үйрену кезеңіне байланысты және спортшылардың біліктілігіне қатысты төмендегідей болады. Бастапқы даярлық топтарында үйрету үдерісі жүреді, күрес ТӘ орындалуы бойынша біліктіліктер мен дағдылар қалыптастырылады. ТТӘ жарыстарда топтарда қолдану үйретудің бірінші жылында ТТӘ үш тәсілінен, үшіншісінде – алты тәсілден тұрады. ОЖТ өту кезінде балуандардың жарыстарда жеті ТТӘ орындауына дейін жетілуі байқалады. Ары қарай жарыстық техника көлемінің спорттық жетілдірілуі топтарында бес тәсілге дейін азауы жүреді.

Кесте 4 – Балуандардың көпжылдық даярлықтары барысындағы жарыстық ТӘ көлемі

Үйрету жылдары бойынша оқу-жаттығу үдерісі	Тиімді техникалық-тактикалық әрекеттер саны
БДТ	3
БДТ	5
БДТ	6
ОЖТ	6
ОЖТ	7
ОЖТ	6
СЖТ	5
СЖТ	5
СЖТ	4
ЖСШТ	3
Ескерту - - бастапқы даярлық топтары (БДТ); - оқу-жаттығу топтары (ОЖТ); - спорттық жетілдірілу топтары (СЖТ); - жоғары спорттық шеберлік топтары (ЖСШТ)	

Жарыстардағы жоғары спорттық шеберлік топтарында бағаланатын ТТӘ орташа есеппен үш тәсілден тұрады, бұл балуандардың ТӘ мүмкіндіктерінің тұрақтандырылғандығын көрсетеді. Көпжылдық даярлықтың берілген кезеңінде басты мәселе спорттық ең жоғары жетістікке қол жеткізу болып табылады, ал спортышының жаттығу әрекеті жауапты жарыстарға даярлығына арналған және көріп отырғанымыздай, ТТӘ мұндай көлемін орындау даярлықтың берілген кезеңіндегі тиімді болып табылады. Сонымен, білікті балуандардың ЖӘ бастапқы даярлық кезеңінде менгерілген ТТӘ көлемі мен олардың жүзеге асырылуы арасында сәйкесіздік пайда болады, бұл жекпе-жектің көріністілігіне теріс ықпал етеді.

«Балуандардың шеберлігі артқан сайын маңыздылығы жетіле түсетін онтайлы және негізdemелі ТД спортшылардың жаттықтыру үдерісін тиімді жүзеге асыру мәселесінің тиімді жүзеге асырылуына ықпал етеді».

ТД мүмкіндігінің аздығы, олардың ЖӘ барысында шектеулі мөлшерде қолданылуы нәтижесінде педагогтар балуандардың көпжылдық даярлығы барысында ТТД жеткілікті көңіл бөлмейді, өйткені спорттық шеберлік қалыптасуының, негізін құрестің базалық техникасын менгеру болып табылады, бірақ тәсілдер техникасының біліктілігі мен дағдылары қалыптасуына зияны тиетін әсер – бастапқы даярлық кезеңінен бастап функционалды қорлар айқындалуынан асып түседі [36, б.44].

Педагогикалық бақылау көрсеткендегі, қазақ құресі балуандарының 80% дейіні қарсыласынан дene даярлығы мен ТТД бойынша кем түсетін спорттық құресс техникасының барлық жіктемелі топтарының түрлі тәсілдерін тиімді

қолданады. Олай болса, олар түрлі ТТӘ біліктілігі мен дағдыларының нақты емес деңгейін менгерген деген сөз. Жекпе-жектерде өзімен тең түсетін және біршама басымырақ түрлі төмен тиімді ТТӘ себептерінің бірі – дарялық әрекеттерін нашар жүзеге асыру.

«Тез өзгермелі динамикалық жағдайларда жоғары білікті спортшылар үшін ең бастысы – өзіне пайдалы нақты динамикалық жағдайлар жасай білу және ТӘ орындауға тиімді кезеңді таңдай білу. Бұл жерде үлкен мүмкіндік алдын-ала оырндалған даярлық іс-әрекеттерінде мүмкін, ал негізгі ТӘ аяқтаушы іс-әрекет жоғары нақтылықпен орындалу қажет» [110, б.53].

Жарыстық ТТӘ көлемін жетілдіру көрсеткіші – барлық спортшылардың бір-біріне ұқсамайтындығы [96, б.50]. Әрбір балуанның бойында нақты ерекшеліктері бар және өзі ұнататын тәсілдері болады. Морфофункционалды айырмашылықтарына, ЖӘ жекелей мәнеріне (тиологиялық қағидат бойынша) қарамай спортшылар жарыстарда іс-жүзінде бірдей ТТӘ қолданады. Бұл әрекеттер негізінен салыстырмалы түрде қарапайым ТӘ тұрады. Біршама сирек бүгілген күйде, айналдыра лақтырулар қолданылады.

Қазақ күресі СК жағдайларында жекелей тәсіл техникалық тәсілдердің көптүрлілігімен емес, ТТӘ орындалуының жекелей амалдарымен айқындалады. Бұл әрекеттердің орындалу тәсілдері (нұсқалары) спортшының жекелей ерекшеліктеріне байланысты.

балуандардың жекпе-жегі жарыс ережелерінің талаптарына сай (моделдің бірінші бөлімі) құрылады, соның нәтижесінде спортшылар төмен бағаланатын, бірақ орындалуы қарапайым ТӘ қолданады.

Дене тұрқын ұстап тұру кезінде қарсыластар бірдей жағдайларда болады, шабуылдаушы, қорғаныс, қарышабуыл ТТӘ жүзеге асырылуындағы сәттілік мүмкіндіктері тең болады. Спортшылар бір-біріне қарама-қарсы тұратындықтан, олар қарсыласының жекпе-жекті жүргізу барысын, белдесулерін, дене тұрысы күйін, арақашықтықты, қозғалысын, кілем үстінде өзін-өзі ұстай алуын қадағалай алады. Бірақ, жекпе-жекті белсенді жүргізуге бағытталған және осыдан туындастын шаршau жоғары қарқындылық, үлкен эмоциялық ширығу ТТӘ қолданылуын шектейді.

Қүрестің мұндай шабуылдау негізінде тез өзгермелі сөрелік динамикалық жағдайларда балуандар ТӘ тек қана өзіне пайдалы және жағымды жағдайларда жүзеге асырылады.

Қүрестің осындағанда сәйкесті негізінде балуандар құбылмалы сөрелік динамикалық жағдайларда ТӘ орындаудың пайдалы жағдайлары мен жағымды сәттері кезінде ғана қолданады. Белдесу уақытының шектеулілігі және жоғары қарқындылығы біршама қарапайым және сенімді ТТӘ қолдануға мәжбүрлейді.

Бұғынгі қүнде ережелер спортшының қазақ күресі СК түрлі техникасын жүзеге асыруын шектеп отыр, ейткені олар тек қана жекпе-жектің негізгі уақытында женіске жетуге қажетті баллдарды женуге ғана бағдарлайды [108, б.53]. Үш балл ұта отырып, атлет өзінің басымдылығын арттыруға талпынбай қояды, осы басымдылықты сақтауға тырысып, тек қана күрестің «белсенді тұрқын» ғана жасап жүреді [45, б.45]. Балуандардың біреуінің сылбырлығы

нәтижесінде спортшы ТӘ нақты және тиімді орындау үшін пайдалы жағдай мен жағымды сәтті мақсатты-бағытты жасайды. Мұндай жағдай даярлық ТТӘ қолдану есебінен емес, ағзаның ФД мен функционалды қорларын жарыстық жекпе-жекті жүргізудің жоғары белсенділігін жасау үшін қолдану есебінен жасалынады.

Спортшының ДД артуы және ТТӘ (бір, екі ТӘ) шекті көлемін қолдану есебінен іс-әрекетін жетілдіру жолымен жеңіске қол жеткізу алда болатын Азия және Әлем чеспионаттары сияқты жоғары деңгейлі жарыстарда болады-ау деген сәтсіздіктерді алдын-ала анықтауға мүмкіндік береді. «Қазақ күресі» СК заманауи ережелері көп жылдар бойы өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап келеді, алдыңғы қатарлы практикалық тәжірибе көрсеткендей, өзгерістерді анықтау ары қарай да жүргізе беріледі. қазақ күресінен жарыс ережелерін жетілдірудің негізгі себебі – балуандардың барлық белдесулер бойы көптүрлі, тиімді және жоғары бағалымды ТӘ қолдануына арналған нақты жағдайларды жасау жолымен жекпе-жектердің көріністілігін арттыруға талпыныс. Олай болса, білікті спортшыларды даярлау жүйесінде балуандардың ТТД заманауи ережелер мен олардың ары қарайғы дамуы жағдайларында максималды және тиімді жүзеге асыруы барысында тиімді педагогикалық құралдар мен әдістерді қолдану бойынша ары қарайғы ізденістер қажет.

Соңғы кездері күрестегі СӘ ерекшеліктері мен талаптарын, төрешілік тәжірибесіндегі бағыттарды айқындайтын, балуандарды даярлаудың негізгі бағыттарын анықтайтын спорттық қарама-қайшылықтардың белсенді ізденісі жүргізіліп, үлгісі жасалынуда [46, б. 45; 99, б.51].

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты зерттелген жайттардың теориялық сараптамасына сүйене отырып, қазақ күресінен өзгермелі жарыс ережелерінің талаптарын, олардың ары қарай даму бағыттарын, есепке ала отырып білікті балуандардың ТТД жетілдірудің нрегізгі бағыттары анықталған.

Дарялыш үдерісі моделінде ОЖС кешендері негізінде жасалған жетілдіру әдіstemесі ұсынылады, олар ТТӘ келесі бағыттар бойынша қалыптастырады:

- түрлі, жоғары бағалымды ТТӘ жарыстық белдесулерды қолдану мақсатымен біршама тиімді жарыстық ТӘ үйлесімділікте жетілдіру;
- тығыз белдесулердегі, қатаң күш көрсетулер, тепе-тендіктен шығару жағдайларындағы белсенді күрес дағдыларын жетілдіру;
- түрлі қарсыластармен жарыс жекпе-жектері жағдайларындағы қорғану ТТӘ дағдыларын жетілдіру.

Балунадарды даярлау жүйесінде жетілдірудің берілген бағыттары жарыстық жекпе-жектердің нәтижелілігі мен көріністілігін арттыратын түрлі және жоғары бағалымды ТТӘ қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Екінші тарау бойынша тұжырым**

Қазақ күресінен жарыстар өткізудің заманауи ережелері балуандарға көптүрлі ТТӘ барлық көлемін максималды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Білікті балуандардың ТТӘ мүмкіндігі негізінен салыстырмалы түрде қарапайым ТТӘ Тұрады. Жоғары бағаламалы ТТӘ сирек қолданылады. Жарыс

ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар: жекпе-жекті жүргізу, ТӘ бағалау, сылбыр курес жүргізгендігі үшін жазалау түрі назарды ТӘ жүргізу жағына аударды. Осының нәтижесінде балуандардың түрлі, сенімді, жоғары бағаламалы ТТӘ қалыптастыруға арналған даярлық әдістемесін жетілдіру қажеттігі туындайды.

Қазақ куресі СК көріністілігін арттыру жарыс ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде көрермендердің қабылдауын қарапайымдандыру, жалпыға қолжетімдігі, тартымдылығы, эмоцияны арттыруы, балуандар жарыстық жекпе-жегінің эстетикалық сезінуі, және олардың тиімді, яғни таңқаларлық нәтижелі ТТӘ орындауына арналған жағдайларда жүзеге асырылады.

Спорттық даярлық ЖӘ ерекшеліктерімен және талаптарымен үйлесіп, балуандар кілеміндегі жекпе-жек кезінде жүзеге асырылатын құрделі және заңдылықты үдерістерді айқындауы қажет. Жарыс ережелеріндегі болмашы өзгерістердің өзі ЖӘ сандық (белсенділігі, тиімділігі, сенімділігі, үйлесімділігі, нәтижелілігі, көптүрлілігі), сондай-ақ, спорттық даярлықтарының жаттығу тәртібі көрсеткіштерімен айқындалады.

Қазақ куресі СК ТТД жетілдіру бағыттары анықталған, олар: жарыстық жекпе-жектің моделін тұзу; белдесудің белсенді бастамасының дағдыларын жетілдіру; жекпе-жек кезінде басымдылықты ұстап тұру; қорғану амалдарының, ұнамды тәсілдерді тиімді жүргізуге арналған ТТД сенімділігін арттыру; нәтижелі және көріністі тәсілдерді орындау кезінде жағымды динамикалық жағдайлар жасау.

Қазақ куресі СК техникалық даярлық спортшыларды табысты ЖӘ шешуші факторы болып табылады. Мықты балуандардың басымдылығы ұсатсулар кезінде ТТӘ табысты да тұрақты қолдануында, сондай-ақ, қарсыласына өзінің жекпе-жек жүргізу мәнерін мойындана білуінде. балуандардың ТТД құралдары мен әдістерін тиімді ете тұсу ерекше маңызға ие болып отыр. Спорттық даярлықтың бастапқы элементі ретінде нақты бір педагогикалық міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін олардың орындалуына қажетті жағдайлары бар жаттықтыру тапсырмалары қарастырылады. Бұл жерде жасалынатын құралдар мен әдістердің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы ең алдымен қаншалықты олар жекпе-жек кезінде болатын құрделі және заңдылықты үдерістерді айқындастырымын анықталады.

Бастапқы даярлық кезеңдеріндегі көпжылдық даярлық барысында балуандардың жарыстық техника көлемі бес-жеті ТӘ құрайды. Спорттық шеберлігі артқан сайын жарыстық ТТӘ көлемі төмендейді, бірақ олардың жекпе-жек барысында орындалу сенімділігі артады.

Білікті балуандар жарыстарда үш әрекетті қолданады, бұл жекпе-жектің көріністілігін біршама төмендетеді. Заманауи қазақ куресі СК жағдайында тәсілдер техникасының көптүрлілігі емес, тиімді жарыс ТТӘ орындалуының жекелей, көпнұсқалы тәсілдері байқалады. Түрлі кезеңдердегі ТТӘ игерілу көлемі мен олардың білікті балуандар ЖӘ жүзеге асырылуы арасында сәйкесіздік байқалады.

Нәтижелілік пен көріністілікке бағдарланған білікті балуандардың ТТД жетілдіру үдерісінің моделі ұсынылған. Оның құрамына енетіндер: жарыс ережелерінің заманауи және болжамды өзгеріс талаптарын айқындастын СӘ сипаттамасы; әдістеме мен даярлық; үдерісті бақылау мен оған түзетулер енгізу болып отыр.

Даярлық әдістемесі даярлықтың техникалық-тактикалық, теориялық, жалпы және арнайы денелік бөлімдерінің үйлесімділігін және СЖ түрлі сатылары мен кезеңдеріндегі ТТД жоспарлауды қарастырады. Әдістеме ерекшелігі ретінде жарыстық жекпе-жектердің нәтижелілігі мен көріністілігін арттыратын түрлі, үйлесімді, сенімді, жоғары бағаламалы шабуыл ТТӘ қалыптастыру бойынша құралдар кешені қарастырылады.

Тиімді ТТӘ қалыптастыру бойынша ОЖС кешендері білікті балуандардың жылдық циклдегі ТТД жалпы көлемінің 70% құрайды. Тапсырмалардың түрлі кешендері үйлесімділікті, көптүрлілікті, жарыстық белдесулердегі қорғаныс және жоғары бағаланатын шабуылдаушы ТТӘ сенімділігін жетілдіруге арналған. ОЖҮ тәсілдері таза жеңіске қол жеткізуге, белсенді күрес жүргізуге, мықты белдесулерды жүзеге асыруға, қарсыласының тепе-тендігін бұзуға, түрлі ТӘ, жарыстық жекпе-жектің даму барысын ескере отырып, қорғану әрекеттерінің дағдыларын орындауға арналған.

### **3 ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БАЛУАНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ӘДІСТЕМЕСІ**

#### **3.1 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлышын жетілдірудің тиімді құралдары, тәсілдері**

Арнайы әдебиеттерді зерттеу, практикалық тәжірибелі жинақтауда көрсетілгендей, балуандардың спорттық даярлышын жетілдірудегі біршамасы ТТӘ ары қарай бекіту кезеңі, ол қимыл біліктіліктері мен дағдылары қалыптасуынан бастап барлық спорттық әрекеттер барысында жалғасады. ТӘ менгеру қарсыласының белсенділігі, шаршаудың жоғары деңгейі және басқа да саптан шығыратын факторлары сияқты ЖӘ әртүрлі кезеңдерінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін деңгейге дейін жеткізілуі қажет [118, б.55; 135, б.53; 137, б.50; 138, б.59; 172]. Мұның барлығы негізінен балуанның ТТШ арттыруында біршама жетілдірілген құралдарды қолдануына байланысты. ОЖС қолданылатын әрбір жаттығу бір уақытта бір емес, шабуылдау мен қорғану техникасын жетілдіру, деңгейде сапаларын дамыту, психологиялық даярлыш деңгейін арттыру сияқты бірнеше міндеттерді шеше алады [108, б.53; 114, б.54; 145, б.60; 173] жән спортшылардың жекелей мүмкіндіктеріне байланысты жоспарланады [165, б.65].

Қазақ күресі СК ТТД жетілдіру үшін үш түрлі әдіс айқындалып көрсетіледі [143, б.60]:

1. Қамтамасыз етілген ережелер, кедергілер (алдын-ала қаастырылған) әдісі.

2. Өзгертілген түрлер әдісі ТӘ серіктесімен жұптаса әртүрлі жаттығулардағы (оку, жаттығу, оку-жаттығу және жарыстық жекпе-жектер) ТӘ жетілдірілуін қаастырады.

3. Бақылау әдісі (жарыстық белдесулер).

4. Жеткізімді жаттығулар әдісі қосалқы жаттығулардан тұрады. Қосалқы дегеніміз ТӘ тиімді құрылымын жақсартатын, деңгейде сапаларын дамытатын жаттығулар. Олар снарядтарсыз, снарядтармен, баланның мекендерімен шамалас жағдайларда орындалады.

5. Арнайы – құрылымы бойынша күрестің ТӘ-не (ТӘ немесе олардың жекелей түрлері ) жақын жаттығулар.

ТТӘ жетілдіру құралдары ретінде негізінен қосалқы, арнайы-қосалқы, ойынды, жарыстық және т.б. түрлі жаттығулар қолданылады. Олар негізінен ТӘ үйрену және оны ары қарай жетілдіру барысында қолданылады. Жарыстық жаттығу оның жарыстық жағдайларда жүзеге асырылуы сенімділігін арттыруға арналған қимыл біліктілігі мен дағдысын бекіту үшін қолданылады [18, б.27; 138, б.59].

Балуандар жарыстарға тікелей даярлық кезеңдерінде немесе орындалуы кезінде ЖСЖ 156 соғу/мин және одан көп болатын жарыстық дәрежеге жақындағылған жаттықтыру тәртіптерін қолдануы қажет. Жарыстық тәртіп 175-180 соғу/мин. құрайды. Жаттықтыру тәртіптері бұлшық ет қызметтінің

куатпен қамтамасыз етілу механизмі, ұзақтығы мен қарқындылығы бойынша жарыстық кезеңге сай болуы қажет. Далярлықтың арнайы құралдары СЖ жалпы көлемінің 60% құрайды. Олар жарыстық тәртіпте белдесулерді жүргізуге ықпал ететін құралдарды, жалпы далярлық құралдарын, ТТД құралдарын, қозғалмалы және арнайы ойындарды, сондай-ақ, арнайы тапсырмаларды ескере отырып жүргізіледі [80, б.49; 141, б.60; 147, б.60].

Балуандардың тиімді жарыстық ТТӘ жетілдіру мен құрастыру негізінде бағыттарына жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша спортшылардың ТТӘ деңгейін арттыруға арналған құралдардың арнайы кешендерін жасау жүзеге асырылды.

Спорттық қүрестің теориясы мен тәжірибесінде СЖ басты элементі жаттығу емес, жаттығу тапсырмалары болады [8, б. 7]. Жаттықтыру тапсырмасы деп нақты педагогикалық міндеттерді ДТ құралдарымен шешуге мүмкіндік беретін жаттығулар орындалуына қажетті барлық жағдайлары бар жаттығулар аталады.

А.А. Новиков пен Л.Н. Ленц жаттықтыру құралдарының үш тобын айқындаپ көрсетеді [173]:

1. Жарыстық даярлық құралдары – жекпе-жектің бақылау, оқу-жаттығу сияқты барлық түрлері;
2. Арнайы даярлық құралдары – қазақ қүресі СК ТӘ дарлық элементтерін құрайды. Бұл ТТӘ жетілдіру бойынша серіктеспен орындалатын жаттығулар, жекпе-жектерден және тәсілдер техникасын орындау элементтерінен көріністер;
3. ЖДД құралдары – спорттық қүрестің және ОРУ спорт түрлері ТӘ айқын элементтері жоқ басқа түрлерінің жаттығулары. Бөлім негізін СӘ жаттығуларының сырттай құрылымының сәйкестігі құрайды.

Балуанның арнайы даярлығын қалыптастыру жүйесіне сай кез келген жаттықтыру тапсырмасы төрт бөлімнен тұрады, олар: ұйымдастырулы, техникалық-тактикалық және жұмылдырылымды (мобилизациялық) [141, б.60]. мұндай тапсырмалар жүйесін ВСБ Г.С. Туманяном [38, б.44] ұсынды. Барлық қолданыстағы құралдарды ол үш бөлімнен (техникалық-тактикалық, ұйымдастырулы-денелік және жұмылдырылымды) тұратын СЖ ұйымдастырудың максаттарынан, міндеттерінен, қағидаларынан, құралдарынан, ұйымдастырылу әдістері мен түрлерінен тұратын СЖ «жаттықтыру тапсырмасы» деген түсінікке біріктірді. Техникалық-тактикалық бөлім спортшының қаншалықты өзінің ТТӘ саналы түрде орындаі алуын, яғни олардың қимыл біліктілігі мен дағдысының қай деңгейіне (жарыстың техникасы мен тактикасы элементтеріне немесе жалпы жаттығудың өзіне) назар сала білуін көрсетеді. Өйткені 10-шы деңгейде элементтердің, бөлімдердің, тәсіл кезеңдерінің менгерілу және жетілдірілу міндеттері шешіледі. 1-ші деңгейде бүтіндей бірегей іс-әрекет күйіне қол жеткізуге болады.

А.Н. Ленц балуанның ТШ байланысты болып келетін біршама тиімді құралдары мен әдістерін көрсете білді. Ол жаттықтыру жекпе-жектерінде,

қарсыласымен кезедесудегі тактикалық ойлай білу қабілетін дайындауға бағытталған тапсырмалар әдісін, жарыстық жекпе-жектердегі тиімді іс-эрекеттердің тәсілдерін менгеруді ұсынады. Бұл әдістің мәні – құресшінің серіктесімен жаттықтыру белдесулері кезінде қандай тапсырманы орындау. Эрбір тапсырма орындалу құралдарының, әдістерінің, орындалу уақытының нақтылану көмегімен нақтылана түсуі мүмкін. Тапсырмалар қолжетімді болуы үшін ол ненің есебінен қамтамасыз етілетіндігін немесе оның орындалу мүмкіндігі туралы білу қажет [131, б.57].

Бір жаттықтыру сабағындағы (ЖС) даярлық құралдарының уақытша құрылым алгоритмі ұсынылған. Ол ЖС 5-10 минутында ЖСЖ 168-175 соғу/мин дәрежелінде қарқындылық аймағында жұмыстық құрайды. ЖСЖ 180 соғу/мин және одан жоғары қарқындылық аймағында 6-8 минуттық, 1,5 минуттық шабуылдау, ал 1,5 минуты – шұғылданушылардың орындаі алу қабілеті. Тапсырмалар арасындағы үзіліс уақыты 2 минут [106, б.52].

Білікті спортшыларға арналған ТТ орындалу жағдайлары айқындалып көрсетілген. Бір тапсырманың өзі оның орындалу жағдайына байланысты түрлі тиімділік беруі мүмкін екендігі белгілі. Сонымен қатар, қазақ құресінде қарсыластың ерекшеліктерінің (оның біліктілігі, морфологиялық ерекшеліктері, денелік мәліметтері, қресті жүргізу мәнері) маңызы жоғары. ЖС әрбір жағдайы оларды шабуылдайтын және шабуылданушы балуанның орындаі алуын қарастырады, ал жоспарлауды оңтайландыру үшін шифр бар. Эрбір ЖС сонымен, түрлі нұсқалы болуы мүмкін, кең ауқымды міндеттерді шешүге ықпал етеді және ТТӘ жетілдірілуі кезіндегі даярлық үдерісін дербестендіруге мүмкіндік береді [86, б.50; 88, б.50].

Спортшларды даярлаудың жаттықтыру құралдарын таңдау кезінде төмендегідей бірқатар жайттарды ескеру қажет:

- жарыстық жаттығуларға мәндік және қимылдық құрам бойынша қолданыстағы даярлық тәсілдерінің сәйкес келуі;
- динамикалық және ритимикалық қасиеттердің, сондай-ақ, жарыстық жаттығулардың орындалуы барысында жүретін физиологиялық, биохимиялық өзгерістерінің сәйкестігі.

Техникалық-тактикалық элементтерден тұратын ұсынылған жаттығулар олардың жетілдірілу құралы ретінде қызмет етеді [175].

Дене сапалары мен қаисеттерінің айқындалуының эквиваленттілігіне сай ТТД тұрақты үдерісін дамыта алатын элемент құрылымы мен механизміне (есте сақтаудың талдағышты-қозғалымды дамуы) ықпал ете алатындаі ТӘ тиімділігін арттыруда қолдану қажет [11, б.12].

ТӘ арнайы жаттығулар көмегімен жетілдірудің үш деңгейі айқындалып көрсетілген. Бірінші деңгей – серіктесіз, снарядтармен орындалатын жаттығулар. Екінші – серіктесімен және жаттықтырушысымен орындалатындар (шабуылдау мен қорғану амалдарын орындау). Үшінші деңгей қарсыласпен тікелей өзара байланыстағы жаттығулар деңгейін (белсенді қорағулар, қайтымды, жинақтамалы, сылбыр және белсенді мен шабуыл қорғаныстарының үйлесімділігі (шабуыл-қорғану-қайталымды шабуыл; қарышшабуыл – қорғану-

жауап-қайталаңбалы шабуыл), қорғану мен шабуыл үйлесімділігі) қарастырады.

Жарыс жағдайына барынша жақын СЖ нормасы ретінде D.Surgens жаттығу белдесулерін жүргізуді ұсынады. Ондағы тапсырмалардың нақты бір жоспарға сай құрылуы қарастырылады.. Жоспар міндегіне балуаның техникасын немесе басқа қасиеттерін жетілдіруді енгізу спортшының ойлануының тактикалық және стратегиялық бейнесін қамтамасыз етуі мүмкін.

Мамандардың пікірі бойынша жарыстық құралдар – СЖ негізгі түрінің бірі. СК ТӘ техникалық қасиеттері айқындалады, арнайы дene сапалары жетілдіріледі, спортшының ерік күші мен мінезі тәрбиеленді [44, б.45; 73, б.46; 75, б.47; 83, б.50; 151, б.62].

Іс-әрекеттің орындалуы барысында жеңіске жеткізетін жолда үйрену белдесулері басым болуы шарт. Бұл белдесулер жарыстық қарқынмен , арасындағы ұзақтығы бойынша тынығу уақыты жаттықтыру жүктемелерінің денелік күйіне байланысты жүргізіледі.

Оқу-жаттығу белдесулері жарыстық жағдайларға жақын деңгейде жүргізіледі. Мұндай белдесулердың негізгі міндегі – ТТД арттыру және арнайы дene сапаларын жетілдіру. Жарыстық белдесулер жарыстарға қатысуға даярлықты тексеру мақсатында жүргізіледі. Мұның формуласы жарыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді [144, б.60].

Жекелей жарыстық белдесулерге сай мазмұны модельдерден құралатын ЖС белдесудің соңында серікtestің әрқайсысына қатысты жасалған көрсеткіш нәтижесіне байланысты. ЖС әрбір шұғылданушыға қатысты дербестендірілуі қажет. ЖС бірқатар талаптар қойылады, атап айтқанда: белдесудің модельін құрудың үздіксіз күрделенуі; бірінен екіншісіне өту кезіндегі алдыңғы материалдың міндегі түрде менгерілуі; әрбір серікtestің тең жағдайларын ұстануды сақтау; тәсілдермен жүзеге асырылатын мақсатты амалдардың кезектесуі [151, б.62].

Арнайы әдебиеттерден белгілі болғандай, алдыңғы қатарлы практика тәжірибесін жинақтау, белдесулер мен жарыстық ТТӘ жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтау және қазақ қуресінің біршама жарыстық техникасын (тәсілін) құрастыру. Мұның барлығы ОЖС кешенді құралдарын жасауға мүмкіндік береді:

- шалу, қағып қалу, айналдыру, қабыстыру, иықтан асыра лақтыру, құлату сияқты лақтыруларды жетілдіру;
- түрлі тәсілдердің үйлесімділігі;
- тепе-тендікten шығарып, ТӘ жүргізуге арналған жағымды жағдайларды (тең түркүлар, кілем үстіндегі дene күйі, қарсыласының тұрақсыз күйі жасау);
- белдесулердегі, қатаң күшті қысым жағдайындағы (жеңінен, кеудесінен, белінен ұстай) белсенді қурес;
- оқу, бақылау, жарыстық белдесулер.

Бұл тапсырмалар шабуылды және қорғаныс ТТӘ жетілдіруге, оларға жарыстық белдесулерде орындалу нәтижелілігін жетілдіруге арналған. Курес тәсілдерінің тапсырмаларын жасау кезінде тиімді жарыстық ТӘ үйлесімінде

жетілдіруге, белсенді қурес жүргізу дағдыларына, белдесулерге тәпе-тендікten шығаруға, түрлі тәсілдердің орындалуына онтайлы жағдайлар жасауға, нәтижесінде жеңіске қол жеткізуге, жарыстық жекпе-жектің даму жолын есепке ала отырып ерекше көңіл бөлінді. Шабуылдау және қорғаныс іс-әрекеттерін орындаудың мүмкін нұсқалары барлық нұсқаларымен таласпай-ақ берілген бөлімде тек қана біршама жетілдірілген шабуылдау және қорғану амалдары жүзеге асырылады. Жетілдірудің жасалған құралдары тек қана жалпы бағыттары мен ұсыныстары. Рәсімдеулер балуандармен жекелей жұмыс жүргізу барысында нақтыланып, толықтырылады.

Тапсырмалар жаттықтыруши мен балуанның ОЖУ қатысты тек қана шығармашылық қатынас жағдайында ғана біршама тиімділік беруі мүмкін, бұл көбіне олардың қолданылу әдістемесіне қатысты. Жаттықтыруши тиімділігі бар жаттығулардың орындалуы кезінде екі балуанның біріншісінің шабуылдау іс-әрекеттерін, екіншісінің қорғану әрекеттерін жетілдіреді. Жұмыстың жүргізілуі барысында жетілдірілу үдерісі шексіз болады. Төменде арнайы ОЖС кешендері мен олардың орындалу техникасы берілген.

ТТӘ жетілдіру кезінде белсенді қурес жүргізу дағдыларына, белдесулерге тәпе-тендікten шығаруға, түрлі тәсілдердің орындалуына онтайлы жағдайлар жасауға, нәтижесінде жеңіске қол жеткізуге, жарыстық жекпе-жектің даму жолын есепке ала отырып ерекше көңіл бөлінді.

Балуанның ТТӘ жетілдірудің арнайы ОЖС кешендері:

1. Балуандар жұптаса бірінші, екінші нөмірлерге бөлінеді. Бірінші нөмір үздіксіз шабуылдау амалдарын орындаиды, ТӘ қолданусыз белсенділік жасауды көрсетеді. Екінші нөмір күрестің белсенді жүргізілуіне кедергі келтіреді, бірінші балуанның жалпы ауыртпалық орталығы жалпы болған жағдайда тірек алаңынан тысқары шыққанда немесе тапсырманы орындау кезінде оның салмағын екінші балуан көтереді, екіншісі – артқа шегінеді, нәтижесінде бірінші нөмір денесінің тұрақты күйін (денесінің тәпе-тендігін) жоғалтады.

Денесінің тұрақты күйін – тәпе-тендігін қалпына келтіру үшін бірінші балуанға маңызды іс-әрекеттерді қолдану қажет болған жағдайда жаттығу дұрыс жүргізіледі. Содан кейін балуандар рөлдерімен алмасады.

2. Тапсырмалар 1-бөлімде көрсетілген тәртіппен орындалады. Бірақ, бірінші нөмірлі балуан күрестің белсенді, шабуылдаушы негізін қалау кезінде негізгі даярлық іс-әрекеттері мен шабуылдаулы белдесулерді белгілеп қояды.

3. Бірінші нөмірлі балуан кедергілі белдесулерді және техникалық қорғану іс-әрекееттерін қолданбай-ақ, орын ауыстыра отырып, қозғала жүріп денесінің тәпе-тендігін сақтап тұруға тырысады. Екінші нөмірлі балуан кез келген тәсілмен (жарыс ережелері бойынша рұқсат етілген) қарсыласын тәпе-тендік күйінен шығарады.

4. ТТӘ тапсырмаларды орындау шарттарын қолдана отырып жетілдіру. Әдістерді жетілдіру жолдары.

4.1. Шалып қалу:

- алдыдан шалу;

- арттан шалу;
- 4.2. Аяқпен қағып:
- жанынан;
  - алдынан;
  - қадам қарқынымен.
- 4.3. Аяқпен ілу:
- ішінен;
  - сыртынан;
  - артынан.
- 4.4. Ұстасудағы аяқпен шалу әдістері:
- артынан белден және жеңнен;
  - кеудеден және жеңнен.
- 4.5. Аяқпен қағып лақтыру:
- ішінен;
  - алдынан.
- 4.6. Ұстасудағы шалқайта жығу әдісі:
- күртеше етегі мен жеңінен;
  - алдыңғы белбеуден (бүйірінен) және жеңінен.
- 4.7. Ұстасып шалқайтып лақтыру:
- кеудені қолмен;
  - арқа жақтан белден және қолмен;
  - кеудеден.
- 4.8. Иықтан асыра, ұстасып:
- жағамен, қолмен жеңнен;
  - жеңнен.
- 4.9. Иіле ұстасумен:
- қолмен белі сыртынан;
  - кеудеден.
- 4.10. Ұстасып иіріп:
- кеудеден;
  - бүйірлей белден;
  - екі жақтан белден.
- 4.11. Жығу:
- айналдыра иіріп;
  - қағып қалып.
- 4.12. Отырғызу:
- ішінен;
  - сыртынан;
  - балтырдан.
- 4.13 Тепе-тендіктен шығара:
- итеріп;
  - жұлқа

5. Күресте қатаң күшті қысым көрсете отырып жүргізу дағдылары, ұстасулар:

- қарсыласын сырттай екі қолымен (жекінен);
- қарсыласын іштей екі қолымен (жекінен);
- қарсыласын төмennен иық астынан қолдарымен (жекінен);
- күртеше етегінін алдынан;
- жекінен және күртеше етегінен;
- жекінен және бүйірлей белден (алдынан, артынан);
- мойынынан ұстап;
- кеудесі мен қолынан.

6. Комбинациялық техникалық әдісті жетілдіру.

#### 6.1. Шалып:

-алдыға аяқпен шалып лақтыру әдісін көрсетіп, артқа аяқпен шалып лақтыру;

-артқа шалу әдісін көрсетіп, алдыға аяқпен шалып лақтыру әдісі;

-қырқа шалу әдісіне қарсы, алдыға аяқпен шалып лақтыру;

-бір аяқта қарсы аяқпен жаннан қағып лақтыру әдісінен кейін, екінші аяқты қырқа шалу;

бір аяқты қарсы аяқпен жаннан қағып лақтыру әдісінен кейін, алдыға аяқпен қағып лақтыру;

-жаннан аяқпен қағу әдісінен кейін шабуылдамаған аяқты қырқа шалу;

-аяқты іштен қағу әдісін көрсетіп, алдыңғы аяқты қағып лақтыру әдісі.

#### 6.2. Аяқпен қағып лақтыру:

-қырқа шалу әдісін көрсетіп, аяқпен жаннан қағып лақтыру әдісі;

-кеудеден асыра артқа лақтыру әдісін көрсетіп, аяқты іштен қағу әдісі;

-бір аяқты жаннан қағу әдісін көрсетіп, екінші аяқты жаннан қағу әдісі;

-аяқты іліп артқа лақтыру әдісін көрсетіп, аяқпен алдына шалып лақтыру әдісі;

-аяқпен алдыға шалып лақтыру әдісін көрсетіп, аяқты жаннан қағу әдісі;

-аяқпен жаннан қағу әдісін көрсетіп, аяқпен ішінен қағу әдісі;

-арттан аяқпен қағу әдісін көрсетіп, алдыдан аяқпен қағу;

-тепе-тендіктен шығарып жығу әдісін көрсетіп, аяқпен іштен қағып жығу әдісі;

-жаннан аяқпен қағу әдісін көрсетіп, аяқпен арттан қағу әдісі;

-аяқпен іліп лақтыру әдісін көрсетіп, аяқпен арттан қағу әдісі;

-бүтттан қағып алдыға лақтыру әдісін көрсетіп, жаннан аяқпен қағу әдісі;

-аяқпен іштен ілу әдісін көрсетіп, жаннан аяқпен қағу әдісі;

-иықтан асырып алдыға лақтыру әдісін көрсетіп, аяқпен іштен ілу әдісі;

-тепе-тендікті итеріп шығарғаннан кейін, сырттан аяқпен ілу әдісі.

#### 6.3. Іліп лақтыру әдістері:

-аяқпен ілу әдісін көрсетіп, аяқпен ішкі аяқты іліп лақтыру әдісі;

-итеріп тепе-текндіктен шығарудан кейін, аяқпен ілу әдісі;

-қырқа шалу әдісінен кейін, аяқты іштен іліп лақтыру әдісі.

#### 6.4. Аяқпен орап лақтыру әдістері:

- аяқпен іліп;
- бұттан қағып.

6.5.Бұттан қағып лақтыру әдістеріне комбинациялық нұсқау:

-алдыдан аяқпен шалып лақтыру әдісінен кейін, бұттан қағып лақтыру әдісі;

- іштен ілу әдісін көрсетіп, бұттан қағып лақтыру әдісі;
- аяқпен жанынан қағу әдісінен кейін, бұттан қағып лақтыру әдісі.

6.6.Артқа кеудеден асыра лақтыру:

- қырқа өкшеден шалу әдісін көрсетіп, кеудеден асыра лақтыру;
- қырқа шалу әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру;
- алдыдан шалу әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру;
- жанынан аяқпен шалу әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру;
- алдыдан кеудеден асыра лақтыру;
- аяқтың ішкі жағынан қағу әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру;
- аяқпен іштен ілу әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру;
- оң аяқпен оң аяқты іштен ілу әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру;
- іштен орау әдісінен кейін, кеудеден асыра лақтыру.

6.7. Бірінші әдістен кейін екінші негізгі әдіс иықтан асыра лақтыру:

-бір жақты аяқты іштен ілу әдісін көрсетіп, иықтан асыра лақтыру;

-жаннан аяқпен қағу әдісінен кейін, иықтан асыра лақтыру;

-кеудеден асыра лақтыру әдісінен кейін, иықтан асыра лақтыру;

-іштен аяқпен қағу әдісінен кейін, иықтан асыра лақтыру;

-тепе-тендіктен жүлкып шығаруды көрсетіп, екінші жаққа жамбастан жора лақтыру әдісі;

- іштен іліп лақтыру әдісін көрсетіп, иықтан асыра лақтыру;
- қырқа шалу әдісінен кейін, иықтан асыра лақтыру әдісі;
- итеріп тепе-тендіктен шығару әдісінен кейін, жамбастан асыра лақтыру әдісі;

- белдіктен алу әдісін көрсетіп, иықтан асыра лақтыру әдіс;
- артқа аяқпен шалып отырғызу әдісін көрсетіп, иіріп адыға лақтыру;
- қырқа шалу әдісін көрсетіп, иіріп лақтыру әдісі;
- итеріп тепе-тендіктен шығару әдісін көрсетіп, иіріп лақтыру әдісі;
- алдыдан аяқпен шалу әдісін көрсетіп, иіріп лақтыру әдісі;
- аяқпен бұттан қағу әдісінен кейін, иіріп лақтыру әдісі;
- алдыдан аяқпен қағу әдісінен кейін, иіріп лақтыру әдісі.

6.8.Көрсетілген бірінші әдістен кейін, жығу әдісі:

- тепе-тендіктен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі;
- қырқа шалу әдісін көрсетіп, қарсы бағытта жығу әдісі;
- алдыдан шалу әдісінен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі;
- аяқпен жаннан қағу әдісінен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі;
- аяқпен алдыдан қағу әдісінен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі;
- іштен аяқпен ілу әдісінен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі;
- иықтан асыра лақтыру әдісінен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі;
- кеудеден асыра лақтыру әдісінен кейін, қарсы бағытта жығу әдісі.

6.9.Көрсетілген әдістен кейін, отырғыза жығу әдісі:

- іштен шалу әдісінен кейін;
- аяқпен бұттан қағып қалу әдісінен кейін;
- кеудеден асыра лақтыру әдісінен кейін;
- аяқпен алдыдан қағу әдісінен кейін;
- жаннан отырғыза жығу әдісі;
- аяқпен іштен қағу әдісінен кейін;
- аяқпен арттан қағу әдісінен кейін.

6.10.Тепе-тендіктен шығарып лақтыру әдісі:

- қырқа шалу әдісінен кейін тепе-тендіктен шығарып лақтыру әдісі;
- арттан аяқпен қағу әдісінен кейін;
- арттан аяқпен ілу әдісінен кейін;
- қағып жығу әдісінен кейін;
- иіріп жығу әдісінен кейін;
- алдыдан аяқпен қағу әдісінен кейін;
- жұлқа иіріп лақтыру әдісінен кейін;
- аяқпен жаннан қағу әдісіне қарсы, жұлқа тепе-тендіктен шығарып лақтыру әдісі;
- алдыдан шалу әдісінен кейін;
- аяқпен ілу әдісіне қарсы, жұлқа тепе-тендіктен шығарып лақтыру әдісі.

7.Ұстau әdіsterіn қoldanyp, tehnikalysq-taktikalysq әdіsterdі jetiлdіru.

7.1.Ұстap, қырқa шалu:

- женінен және белбеуден жаннан ұстau;
- женінен және белбеудің алдынан;
- женінен және белдеудің артынан;
- аттас емес қолдан және белбеудің жанынан;
- аттас емес қолдан және белбеудің артынан;
- аттас емес қолдан және белбеудің алдынан;
- белбеудің жандарынан;
- аттас емес қолдан;
- басынан және белбеуден;
- басынан және денесінен.

7.2. Ұстap аяқтан қaғu:

- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің алдынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің жанынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің артынан;
- күртешенің жеңдерінен;
- білектен және белбеудің жанынан;
- аттас емес қолмен бастан;
- белбеудің екі жағынан;
- аттас емес қолмен күртешенің жеңінен;
- аттас емес қолмен бастан;
- қолдың білектерінен.

7.3. Ұстap іlu:

- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің алдынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің жанынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің артынан;
- аттас емес қолмен бастан;
- белбеуден екі жақтан;
- аттас емес қолмен денесінен;
- күртешенің жендерінен;
- екі қолмен қолдарынан;
- денесін құшақтап.

#### 7.4. Ұстап шалу:

- қолынан және денесінен;
- қолынан және белбеудің артынан;
- қолынан және белбеудің жанынан.

#### 7.5. Аяқпен бұттан қағып лақтыру, аттас емес қолын алып-жеңін:

- белбеудің артын;
- белбеудің жанын;
- қолдың астынан денесінен ұстап.

#### 7.6. Сырттан шалып:

- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің алдынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің жанынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және денесінен;
- белбеудің жанын.

#### 7.7. Кеудеден асырып лақтыру:

- аттас емес қолмен және денесінен;
- денесін қapsыра құшақтап;
- белбеудің екі жағынан.

#### 7.8. Арқадан асыра лақтыру:

- аттас емес қолдан;
- аттас емес қолдың жеңінен және жағасынан;
- күртешенің жендерінен;
- аттас емес қолмен денесінен;
- басынан.

#### 7.9. Жамбастан асыра лақтыру:

- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің алдынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және белбеудің жанынан;
- аттас емес қолдың жеңінен және денесінен;
- күртешенің жендерінен;
- белбеудің жанын;
- денесін қapsыра құшақтап.

#### 7.10. Иіріп лақтыру.

#### 7.11. Жығып лақтыру, аттас емес қолымен белбеуінен:

- алдынан;
- жанынан;
- артынан;

- және басынан;
- және денесінен;
- екі қолымен;
- белбеудің екі жаңын;
- денені қапсыра құшақтап.

7.12. Отырғызып лақтыру, аттас емес қолымен немесе жеңінен:

- және белбеудің артынан;
- және белбеудің жаңынан;
- және денесінен;
- және жеңдерінен.

7.13. Тепетеңдіктен шығара лақтыру, аттас емес қолымен немесе жеңінен:

- және күртешенің жеңінен;
- және басымен мойнынан;
- белбеудің екі жағынан.

